Следует отметить, что в районе исследования также встречаются луговые (*Artemisia abrotanum* L., *Artemisia dracunculus* L.), полупустынно-степные (*Taracetum achillefolium* (Bieb.) Sch. Bip., *Limonium gmelinii* (Willd.) O.Kuntze., *Kochia prostrate* (L.) Schrad.), лесостепные (*Medicago falcate* L., *Falcaria vulgaris* Bernh.), и лугостепные (*Descurainia Sophia* (L.) Webb ex Prantl.,) виды.



Рисунок 4. Фитоценотический анализ растительного покрова района исследования

При анализе растительного покрова видно, что доминируют гемикриптофиты (18 видов, 49%). На втором месте терофиты (11 видов, 30%), за ними хамефиты (4 вида, 11%), геофиты (2 вида, 5%), и фанерофиты (2 вида, 5%) (Рисунок 5) [2,3].




Рисунок 5. Анализ по Раункиеру растительного покрова района исследования

При экологическом анализе выявлено, что в исследуемой зоне распространены в большем количестве ксеромезофитные виды (27%). На втором месте ксерофиты (24%) и мезоксерофиты (19%). Также распространены эвксерофиты (16%) и мезофиты (11%) (Рисунок 6).

К ксеромезофитам можно отнести таких видов, как *Eremopyrum orientale* (L.) Jaub. et Spach. (*Agropyron orientale* (L.) Roem. et Schult.), *Alyssum turkertanikum* Regel et Schmalh. (*Alýssum desertórum* Stapf.), *Medicago falcata* L..

Также из ксерофитов можно встретить *Ceratocarpus arenarius* L., *Carex praecox* Schreb., *Limonium gmelinii* (Willd.) O.Kuntze.




Рисунок 6. Экологические группы растительного покрова района исследования

Таким образом, нами были выявлены и определены 37 видов. Хорошо сохранились степные виды из злаковых, сложноцветных, бобовых и лилейных.

Список литературы:

Иванов В.В. Определитель семейств Северного Прикаспия//Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия / В.В. Иванов., - Л., 1964. -188-215 с.

Дарбаева Т.Е. Растительный мир Западно-Казахстанской области/Т.Е. Дарбаева, А.У. Отаубаева, Т.И. Цыганкова. – Уральск, 2003. - 69 с.

Дарбаева Т.Е. Конспект флоры меловых возвышенностей Северо-Западного Казахстана / Т.Е. Дарбаева. - Уральск, 2002. -134 с.

ӘӨЖ: 504.54:502.630 (574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДАЛАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Кенесарина К.Х.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысының далалары газ және мұнай өндіру салдарынан антропогенді және техногенді әсерге ұшырап отыр. Сондықтан далалық экожүйелер бұзылуда, далалық қауымдастықтар кедейленіп, арамшөпті адвендивті келімсек түрлердің экспансиясы байқалуда. Кей жерлерде галофитті түрлермен шөлейттену де байқалып отыр. Батыс Қазақстан облысы аумағындағы тың жерлерді игеру де кері әсерін тигізді, себебі даланың кебірлі, сортаңды, шебінді учаскелері жыртылған болатын. Мақалада Батыс Қазақстан облысының аумағында кездесетін дала қауымдастықтарының экологиялық жағдайының зерттеу нәтижелері берілген.

Негізгі көздер: далалық экожүйелер, дала қауымдастықтары, флора, эдифкатор, биоморфологиялық талдау, географиялық талдау, фитоценодикалық талдау.

УДК: 619.616.993

РАЗРАБОТКА РАННИХ МЕТОДОВ ДИАГНОСТИКИ НАРУШЕНИЙ ФЕРМЕНТАТИВНЫХ ПРОЦЕССОВ В РУБЦЕ У БЫЧКОВ МЯСНЫХ ПОРОД

Кенжегалиева М.Б.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В данной статье рассматриваются ранние методы диагностики нарушений ферментативных процессов в рубце у бычков мясных пород. Вопрос изучения особенностей рубцового пищеварения и обмена веществ у бычков мясных пород является актуальным. Проведенный анализ позволил предложить способы управления процессами пищеварения и повышения эффективности производства говядины.

Ключевые слова: крупный рогатый скот, рубец, кормовые средства, животноводства, физиология пищеварения, интенсивность, минеральные соли, витамины.

Одной из важнейших задач агропромышленного комплекса Казахстана является обеспечение продовольственной независимости страны. При этом особое значение приобретает увеличение производства продуктов животноводства и, в частности, молока и мяса, как занимающих ведущее место в обеспечении полноценного питания населения.

В свете современных данных о физиологии пищеварения одну из наиболее частых форм патологии рубца у крупного рогатого скота, возникающей от поедания большого количества легко растворимых углеводов. Этот вид корма содержит много крахмала, обладает высоким энергетическим достоинством и широко используется сейчас в рационах животных. Поэтому использование крахмалистого корма при выращивании и откорме мясного скота приводит к нарушению рубцового пищеварения и значительному росту уровня молочной кислоты [1].

Технология ускоренного откорма мясного КРС с использованием кормов-пребиотиков «Бычок-бройлер» предусматривает выращивание бычка мясной породы весом 500-600 килограммов за 12 месяцев. Сокращение откорма на 6 месяцев позволяет иметь дополнительную прибыль, и не только на экономии кормов: освобождаются площадки для содержания животных, минимизируются и накладные расходы. Откорм бычков КРС на мясо можно проводить на открытых площадках с дощатыми навесами, а также при стойловом содержании без выгона бычков на пастбище. На кормах-пребиотиках бычка можно откармливать так же, как свинью, давая только экструдированные корма-пребиотики. Анализ пищеварительных процессов рубцового пищеварения и обмена веществ у молодняка крупного рогатого скота разного направления продуктивности с учётом структуры рационов показал, что интенсивность течения пищеварительных процессов в рубце протекают неодинаково. Полученные данные о влиянии внешних и внутренних факторов на рубцовое пищеварение бычков разных пород позволяют более рационально использовать имеющиеся кормовые средства, повысить продуктивность бычков на откорме, снизить себестоимость 1 ц. прироста. В наращивании этих видов продуктов питания большая роль отводится интенсификации животноводства. Несмотря на достаточно высокий потенциал продуктивности районированных пород животных, достичь его полной реализации при сложившихся технологиях их кормления, производства и заготовки кормов невозможно [3].

Непременным условием повышения реализации генетически обусловленного потенциала продуктивности животных и снижения себестоимости производимой продукции является увеличение коэффициента продуктивного действия (КПД) кормов и на этой основе снижение их затрат на единицу продукции. К сожалению КПД корма еще очень низок.

Степень использования кормов на производство продукции связана, в первую очередь, с уровнем их переваривания и усвоения. Усиления переваривающей способности пищеварительного тракта животных можно достичь путем подбора оптимального соотношения в рационах грубых, сочных и концентрированных кормов, то есть оптимизацией типов кормления животных [4].

При этом разработка научно-обоснованных оптимальных типов кормления и типовых рационов для сельскохозяйственных животных должна вестись с учетом природно-климатических, экономических условий и кормовой базы региона [5]. Поэтому изыскание методов повышения энергетической ценности и эффективности использования объемистых кормов остается весьма важной проблемой в течение ближайших десятилетий.

Включение ферментного препарата с целлюлозно-глюканазной активностью в состав рационов с различной степенью измельчения грубых кормов позволяет нивелировать негативное действие измельчения на переваримость сырой клетчатки, раздельное скармливание силосованных и концентрированных кормов позволяет более эффективно использовать азотистую часть корма и обеспечивать увеличение продуктивности молодняка крупного рогатого скота, использование в кормлении молодняка крупного рогатого скота ферментного препарата с целлюлозно-глюканазной активностью предварительно обработанного растительным жиром и дегидратированным цеолитом способствует повышению переваримости корма и увеличению экономических показателей производства говядины; преджелудочное пищеварение у молодняка крупного рогатого скота разного направления продуктивности в течение 12 часового периода после кормления характеризуется различной степенью ферментативной активности микрофлоры рубца; смена состава рациона крупного

рогатого скота сопровождается нарушением рубцового пищеварения, что выражается в снижении продукции летучих жирных кислот и интенсификацией деградации протеина корма до аммиака; уровень кислотнo-детергентной клетчатки в рационе оказывает влияние на формирование преджелудочного пищеварения, эффективность использования питательных веществ корма и экономические показатели выращивания молодняка мясного скота.

В отечественной и зарубежной литературе практически нет сравнительных данных о преджелудочном пищеварении крупного рогатого скота мясной и молочной пород. В то же время, некоторыми исследователями обнаружена зависимость уровня течения пищеварительных процессов в преджелудках жвачных от вида и породы (как правило, одного направления продуктивности) животных. Бычки молочной породы в отличие от своих сверстников мясной породы, при одинаковых условиях выращивания обладали более высокой скоростью синтеза мышечного белка на фоне повышенной интенсивности его катаболизма.

Таким образом, вопрос изучения особенностей рубцового пищеварения и обмена веществ у молодняка мясного скота в сравнительном аспекте с животными молочной направленности продуктивности является актуальным. Эти данные послужат теоретической и практической основой для разработки способов управления процессами пищеварения и, соответственно, позволят повысить эффективность производства говядины.

Важным резервом увеличения производства мяса (говядины) является интенсификация откорма крупного рогатого скота. До 40–50% в мясном балансе страны занимает говядина, что дает возможность откармливать скот преимущественным использованием местных дешевых объемистых кормов и, в частности, кукурузного силоса, сенажа и таких побочных отходов. Однако, вследствие неполноценности жомы и барды, как кормовых средств, для повышения коэффициента продуктивного действия рационов требуется их балансирование по протеину, жиру, минеральным элементам, витаминам посредством использования кормовых добавок, приготовленных из местных кормов, природных минералов (цеолитов) и биологически активных веществ заводского производства (минеральные соли, витамины) в сочетании с ферментными препаратами.

Увеличение относительных размеров преджелудков телят с возрастом происходит главным образом за счет рубца, так как относительная величина сетки и книжки уменьшается. Особенности роста преджелудков и сычуга у телят находятся в непосредственной зависимости от характера их кормления и, в частности, от количества и продолжительности скармливания им молока, а также от сроков приучения их к поеданию грубых растительных кормов. Раннее приучение телят к поеданию грубых кормов и большие их дачи молодняку способствует более интенсивному росту объема рубца, сетки и книжки; при этом рост сычуга замедляется.

Таким образом, для бычков в возрасте 5 месяцев оптимальным значением расщепляемости сырого протеина в рационе является 68 %, способствующее активизации микробиологических процессов в рубце. Использование рационов в соотношении расщепляемого протеина к нерасщепляемому позволяет повысить перевариваемость сухого вещества, органического вещества, сырого протеина, клетчатки, жира.

Список литературы:

1. Аксенова М.Я. О быстроте прохождения кормов через пищеварительный тракт жвачных // В сб.: Физиология пищеварения с.-х. животных. – Л.: Сельхозгиз, 1935. С.101-109.
2. Алиев А.А. Обмен веществ у жвачных животных. – М.: НИЦ «Инженер», 1997 – 420 с.
3. Борисенко Е.Я. Разведение с.-х. животных. – М.: Колос, 1967. – 460 с.
4. Васильев А.В. Гематология с.-х. животных. – М.: Сельхозгиз, 1948. – 440 с.
5. Долгова С.И. Расщепление протеолитическими ферментами протеина бактерий и инфузорий и степень освобождения витамина // Актуальные проблемы биологии в животноводстве. – Боровск, 2000. – С.78-80.

ЕТ ТҰҚЫМДЫ АТАЛЫҚТАРДЫҢ МЕС ҚАРНЫНДАҒЫ ФЕРМЕНТАТИВТІ ҮРДІСТЕРДІҢ БҰЗЫЛУЫН ЕРТЕ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Кенжеғалиева М.Б.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Аталған мақалада етті бағыттағы бұқалардың мес қарын ферменттерінің бұзылуының салдарын алдын-алу әдістерін қолдану. Сонымен қатар шаруашылықта профилактикалық шаралар жүргізу.

Осылайша, етті бағыттағы бұқалардың өнімділігі бойынша салыстырмалы түрінде жас сиыр етінде асқорытудың және зат алмасудың ерекшеліктерін зерттеу мәселесі маңызды. Бұл деректер асқорыту процестерін басқару әдістерін әзірлеудің теориялық және практикалық негізі болып табылады және, тиісінше, сиыр етін өндірудің тиімділігін арттырады.

Негізгі сөздер: мүйізді ірі қара, зат алмасу, жем-шөп, мал шаруашылығы, асқорыту физиологиясы, интенсивті, минералды тұздар, витаминдер.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ КЕЙБІР ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ИТТЕРДІҢ ЭХИНОКОККОЗБЕН ЗАЛАЛДАНУЫ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Тажбаева Д.Т.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада Батыс Қазақстан облысының Орал қаласына қарасты кейбір аудандарындағы иттердің эхинококкозбен залалдануы, олармен күресу шаралары көрсетілген. Инвазиялық аурулардың экономикалық және әлеуметтік зияны қарастырылған.

Негізгі сөздер: Эхинококкоз, дегельминтизация, эпизоотология, инвазияның экстенсивтілігі

Жануарлардың эхинококкозбен зақымдануының алдын-алу мақсатында шаруашылық субъектілері, ветеринариялық мамандар, сондай-ақ мал иелері: жануарларды толық құнды азықпен қамтамасыз ету, азықтандыру мен күтіп-бағу гигиенасын сақтау қажет, мал шаруашылығы фермаларының, қасапханалардың, ет өңдейтін кәсіпорындардың территорияларына және мал азығын сақтайтын жерлерге иттерді жібермеу керек.

Иттерді арнайы белгіленген жерлерде серуендету, малдарды аулада союды жүргізбеу қажет. Өлген малдардың өлекселерін немесе сойылған малдардың қалдықтарын иттерге, терісі бағалы аңдарға және мысықтарға азыққа бермеген жағдайда эхинококкоздың алдын-алуға болады.

Жеке иеліктегі, сондай-ақ кәсіпорындардың, ұйымдардың жасы үш айдан асқан барлық иттерді әр 45-50 күн сайын дегельминтизациялаудан өткізу қажет.

Орал қаласының базарларына зерттеуге түсетін ішкі мүшелерді ашып, тексеру жолымен еттің толық ветеринариялық-санитариялық сараптамасын жүргізілуі тиіс.

Эхинококктар табылған немесе зақымдалған мүшелерді утильдеу немесе жағу арқылы және биотермиялық шұңқырда жою шараларын жүргізу тиіс.

Эхинококкоз Қазақстан территориясындағы ауыл шаруашылығы малдарының арасында кең таралған. Ауруды жұқтыру бейімділігі солтүстіктен оңтүстікке қарай өсе түсетіндігі

байқалады. Мал жасының өсуіне инфекцияның экстенсивтілігіне байланысты екендігі нақты анықталған. Мұндай заңдылық паразиттің физиологиялық дамуына немесе өсуіне қатысты. Семіз мал орташа семіздіктегі малдан гөрі 3-5 есе аз ауыратыны байқалған. Қошқарларға қарағанда саулықтардың эхинококкозбен ауыруы екі есе жоғары. Бұл малдың экологиялық және физиологиялық жағдайына байланысты. Эхинококкоздың экономикалық зияны да едәуір, өйткені мал өнімі көбеймейді, ет, сүт, жүн өнімдері төмендейді және мал басы өспейді. Дегенмен мал өнімі аса байқалмауы мүмкін, өйткені ауру малды сол жерде сояды немесе ет комбинатына өткізеді.

Эхинококкоз адам мен мал денсаулығына едәуір зиян келтіретін елдің экономикасына зиян келтіретін медицина және ветеринарияның маңызды проблемасы болып табылады. Әрбір шаруашылық жыл сайын эхинококкозбен ауыратын 100 қойға байланысты 220 кг ет, 50 бауыр, 30 өкпе, 20 кг жүн және 7-12 қазы ала алмайды. Бұл кезде өмірлік маңызы бар паренхиматоздық мүшелер-өкпе, бауыр, ми және т.б. бүлінеді.

Капрологиялық зерттеу Фюллеборн әдісі. Етқоректілер гельминттер фаунасын жануарлардың ішек-қарын жолдарын толық гельминтологиялық К.И. Скрябиннің зерттеу әдісімен анықтау арқылы қарындағы заттарды реттік шаю әдісімен зерттеледі. Ащы ішекті шажырақайға бекітілген қарама-қарсы жақтайына қарай ұзына бойы жан-жағымен қоса тілік жасап және бинокулярлы лупа көмегімен гельминттердің бар-жоғына зерттеу жүргізілді.

Иттерді бағып күту ұйымының көптеген адамдар мен жануар ауруларымен күресте кейде шешуші маңызы бар, себебі иттер арқылы тек эхинококкоз ғана емес, сонымен қатар токсокароз, дипилидиоз, бруцеллез, құтыру және басқада көптеген аурулар таралады.

Өртүрлі қызметте қолданылатын барлық иттер тіркелінген және паспортталған арнайы нөмірлік белгілермен жарақталған болуы керек. Шаруашылықта эхинококкоз, ценуроз, цистицеркоз, басқа да зиянды аурулардың шығуынан сақтану үшін шаруашылыққа тіркелінбеген, паспортталмаған, дегельминтизация жүргізілмеген жаңа иттерді кіргізуге немесе алмастыруға тиым салынады. Қаңғыбас иттерді және байлаусыз иттерді жойып отыру аурулардың алдын алуда маңызды роль атқарады.

Бұралқы иттер эхинококктің инвазиялық сатыға жетіп дамыған ларвоцисталарымен зақымдалған аралық иелердің ішкі органдарын (өкпе, бауыр және т.б.) ет повилиондарына жақын орналасқан қоқыс контейнерлерінен жеп имагиналдық эхинококкозбен қайтадан залалданады.

Зерттеу жұмыстары Орал қаласына іргелес жатқан елді мекендерден ұсталған бұралқы иттерге жүргізілді. Жұмыстың нәтижесі 1-кестеде келтірілді.

1- кесте

Зерттеу аймағына байланысты иттердің *Echinococcus granulosus*-пен залалдануы, %

№	Елді мекендер	Зертт., саны	Залалд., саны	ЭИ, %	ИИ, дана	
				$P \pm m_p$, %	min	max
1	Орал қаласы	42	2	$4,8 \pm 0,5\%$	185	201
2	Деркул к.	24	1	$4,1 \pm 2,1\%$	164	184
3	Круглоозерное к.	22	1	$4,5 \pm 3,1\%$	140	198
4	Желаев к.	23	1	$4,3 \pm 1,7\%$	94	158
5	Зашаған к.	28	2	$7,1 \pm 2,2\%$	128	93
6	Барлығы	139	7	$5,0 \pm 2,5\%$	130	260

1 кестеде көрсетілгендей, зерттелген барлық Орал қаласындағы 42 иттің 2-нен эхинококктар анықталды. Деркөл (1), Круглоозерное (1), Желаев (1) кентіндегі иттерден эхинококппен залалдануы сәйкесінше инвазияның экстенсивтілігі 4,1; 4,5; 4,3% құрады. Зашаған кентіндегі барлық зерттелген 28 иттің 2-уінен анықталды.

Аталған аймақтарда мал шаруашылығы фермаларының, қасапханалардың, ет өңдейтін кәсіпорындардың территориялары және мал азығын сақтайтын жерлер бар, осыған байланысты иттер малдарың ішкі мүшелерін жеп залалданған.

Әр дегельминтизациядан кейін иттердің құрамына есеп жүргізіп отырады [1].

Иттерді қойдың басымен және ішкі немесе жартылай піскен қойдың, ешкінің, ірі қараның, түйенің, жылқының ішкі органдарымен азықтандыруға және иттерді қоражайға, фураж сақталатын орындарға жіберуге қатаң тиым салынады [2].

Эхинококкоз адамдар мен жануарлар арасында кең тараған ауру. Ол адамдардың денсаулығына ауыр зардабын тигізіп, ауыл шаруашылығы экономикасына үлкен зиян келтіреді.

Адамдар мен мал арасындағы эхинококкоз ауруын толық құрту үшін олардың алдын алудың үлкен маңызы бар. К.И.Скрябиннің пікірі бойынша эхинококкозға қарсы күрес шаралары паразиттік имаго, жұмыртқа, дернәсіл тәрізді негізгі өсу кезеңдерінде құртып отыру бағытында жүргізіліп отыруы тиіс. Бұдан кейін К.И.Скрябин эхинококкозды толық девастациялаудың төмендегідей шараларын ұсынады:

- паразиттің биологиялық даму циклдерін білу;
- осы географиялық аймақта микроклиматтық факторларды және әртүрлі тұрмыстық кәсіби дағдыларды ескере отырып, гельминтоздың эпидемиологиясы мен эпизоотологиясын терең білу;
- эхинококкоздың диагностикасы мен емдеу тәсілдерін білу;
- бөлініп шыққан жұмыртқалар мен дернәсілдерді девастациялаудың барлық ережелерін сақтау;

Эхинококкоздың алдын алу, оған қарсы күресу шаралары мына бағытта жүргізілуі тиіс:

- паразиттің өсу кезеңдеріне әсер ету;
- эхинококктың дернәсілдейтін кезеңіне әсер ету;
- эхинококк жұмыртқасына әсер ету;
- адамдардың жеке басының сақтану қабілетін жетілдіру.

Жануарлардың арасындағы эхинококкоз ауруын құрту шараларын ветеринар мамандар жүргізеді. Бұл жағдайда әсіресе мына жағдайларға ерекше көңіл бөлуіміз қажет:

- қаңғыбас иттерді құрту;
- шаруашылыққа қажетті иттерді есепке алып, үнемі мал дәрігерінің бақылауында ұстау;
- есепке алынған барлық иттерді дегельминтизациялаудан өткізуіміз қажет. Бірақ дегельминтизациядан өткізілген иттердің аурудан өлген малдың ішек-қарнын жеп, эхинококкпен қайталап ауырып қалатынын тәжірибе көрсетіп жүр. Сондықтан мал сойылатын жерлерге, эхинококкпен зақымдалған мал органдарына иттерді жолатпау керек.

Иттерді дегельминтизациялау. Дегельминтизация – бұл паразиттердің жұмыртқасын шашуын тоқтатып, соның нәтижесінде адамдар мен жануарлардың зақымдалуының алдын-алуға мүмкіндік беретін неғұрлым жауапты шара.

2-кесте

Иттердің асқазан – ішек жолдарының гельминттеріне қарсы дәрілердің тиімділігі

Дәрілер	Әсерлі зат	Мөлшер мг/кг	ИЭ, %	
			Toxocara canis	Echinococcus granulosus
Фенкур гранулят 23,2%	Фенбендазол	50	100	-
Пиперазин адипинат	Пиперазин	200	68	-
Аверсекті ськпа	Аверсектинс	0,2	80	-

Альбен С	Албендазол+ Празиквантел	10 5	100	100
Авертель	Аверсектинс+ Празиквантел	0,2 5	100	100
Каниквантел плюс	Фенбендазол+ Празиквантел	50 5	100	100
Дронцит	Празиквантел	5	-	100
Азинокс	Празиквантел	5	-	100
Азинокстің липосомальды формасы	Празиквантел	3	-	100
Авертин	Аверсектинс	0,2	100	-

Осының нәтижесінде 5 мг/кг мөлшерде монопрепараттар формасы ретінде (дронцит, азинокс)

Егер шаруашылықта иттердің дегельминтизациясы жүргізілмесе:

- эхинококкозбен зақымданған бір қойдан орташа есеппен 2,3 кг ет, 0,4 кг май, 0,5 кг бауыр, 0,4 кг өкпе және 0,2 кг жүн жетімсіздігі болады.

- сол жылы туылған қозының және өткен жылғы төлдердің зақымдануы төлдердің барлық басына шаққанда минимум 10 %-ды құраса, яғни 100 қозыдан, бір жылда эхинококкозбен зақымданған 10 қозы өледі. Егер бір қозы 3000 тенге тұратын болса шаруашылық эхинококкоздан 30000 тенге жоғалтып отырады.

Эхинококкозбен зақымданған бір адамға операция жасау үшін 113170 тенге қажет болады.

Біздің зерттеуіміз бойынша орташа мөлшерде эхинококкозбен ауырған бір қойдан 9,5% жүн, 7% сүт, 3% салмақ, 8,1% ет, 18,5% ішмай, 84,2% бауыр, 76,1% өкпе жетімсіздігі 5000 тенгеге шығады. Эхинококкозбен зақымданған әр 100 саулықтан 13 қозы жетімсіздігі болады және 8-і алғашқы 2 ай ішінде өледі. Эхинококкозбен зақымданған әр 100 қойдан жылына 262 кг жүн, 210 қозы, 7,8 тонна сүт, 1,7 тонна салмақ, 1,4 тонна ет, 88 кг ішмай, 529 кг бауыр, 354 кг өкпе жетімсіздігі жалпы алғанда 5 млн тенге шығын болады.

Иттерді кестіруді ветеринарлық тәжірибеге енгізу нәтижесінде препаратпен коректендіру 10 есе қысқарды, антгельминттік заттарды үнемдеу және ветеринар мамандардың жұмыс уақытының шығынының экономикалық үнемділігі 100 басқа шаққанда 11388 тенге, әр шығынға 20 тенге [3].

Қазіргі кезде жүргізіліп жатқан зерттеулер бойынша 12 сағат экспозицияда 3% концентрациядағы терралин, немесе 6 сағатта 5%, немесе 3 сағат экспозицияда 5% концентрациядағы глутексті пайдалану ұсынылады.

Бұл жағдайда паяльды шамның отымен цементті еденді, жануарларды дегельминтизациялау жүргізілген үйшіктер мен торлардың қабырғаларын өртеу қажеттілігі жойылады.

Ол үшін төмендегі талаптардың орындалуын қатаң қадағалау қажет.

Барлық қалалар мен елді мекендерде өлген малдарды соятын арнаулы орын ұйымдастырылуы тиіс. Малды үйде союға рұқсат етілмейді. Барлық шаруашылықтарда эпизоотологиялық және эпидемиологиялық талаптарға сай, эхинококкоздан өлген малдарды көметін орын ұйымдастырылуы керек [4].

Иттерді мал сойылатын жерге жолатпауды қатты қадағалаған жөн. Тек осы аталған талаптар қатаң түрде орындалғанда ғана паразиттің негізгі үш кезеңінің: имагоның, жұмыртқалар мен дернәсілдердің толық құритынын естен шығармау керек.

Екінші бір маңызды мәселе – адамдар арасында кездесетін эхинококкоздың алдын алу және ауырған адамдарды емдеу. Эхинококкоздың адамдар арасында ит арқылы тарайтыны белгілі. Сондықтан итке жанасқанда жеке бастың гигиенасын сақтауға ерекше көңіл бөлген жөн. Итті сүюге, онымен бірге ұйықтауға, ас ішетін ыдыстан тамақтандыруға, оны ас үйде ұстауға болмайды. Балаларды иттің маңына жуытпау керек, сонымен бірге тағамды иттің иіскеп немесе жалап қоюынан сақтаған дұрыс. Бұлардың барлығы сырт қарағанда жай ғана ұсақ-түйек нәрсе болғанымен эхинококкоздан сақтану үшін өте маңызды.

Иттерді бағып күту ұйымының көптеген адамдар мен жануар ауруларымен күресте кейде шешуші маңызы бар, себебі иттер арқылы тек эхинококкоз ғана емес, сонымен қатар токсокароз, дипилидиоз, бруцеллез, құтыру және басқада көптеген аурулар таралады [5].

Әртүрлі қызметте қолданылатын барлық иттер тіркелінген және паспортталған арнайы нөмірлік белгілермен жарақталған болуы керек. Шаруашылықта эхинококкоз, ценуроз, цистицеркоз, басқа да зиянды аурулардың шығуынан сақтану үшін шаруашылыққа тіркелінбеген, паспортталмаған, дегельминтизация жүргізілмеген жаңа иттерді кіргізуге немесе алмастыруға тиым салынады. Қаңғыбас иттерді және байлаусыз иттерді жойып отыру керек.

Әр дегельминтизациядан кейін иттердің құрамына есеп жүргізіп отырады. Иттерді қойдың басымен және ішкі немесе жартылай піскен қойдың, ешкінің, ірі қараның, түйенің, жылқының ішкі органдарымен азықтандыруға және иттерді қоражайға, фураж сақталатын орындарға жіберуге қатаң тиым салынады [6].

Екінші бір маңызды мәселе – адамдар арасында кездесетін эхинококкоздың алдын алу және ауырған адамдарды емдеу. Эхинококкоздың адамдар арасында ит арқылы тарайтыны белгілі. Сондықтан итке жанасқанда жеке бастың гигиенасын сақтауға ерекше көңіл бөлген жөн. Итті сүюге, онымен бірге ұйықтауға, ас ішетін ыдыстан тамақтандыруға, оны ас үйде ұстауға болмайды. Балаларды иттің маңына жуытпау керек, сонымен бірге тағамды иттің иіскеп немесе жалап қоюынан сақтаған дұрыс. Бұлардың барлығы сырт қарағанда жай ғана ұсақ-түйек нәрсе болғанымен эхинококкоздан сақтану үшін өте маңызды [7].

Әдебиеттер тізімі:

Ордабеков С.О. Современное состояние и социально-экономические аспекты медицинской паразитологии в Республике Казахстан // Гигиена, эпидемиология и иммунобиология. - Алматы, 2003.- №4.- С.62-65.

Кереев Я.М. Химиофилактика ларвальных цестодозов животных: Авторефер. Дис..., докт. вет. наук. - Алматы, 1999.- 46 с.

Шалменов М.Ш. Научные основы борьбы с эхинококкозом в Западном Казахстане: Авторефер. Дис..., докт. вет. наук. - Алматы, 2009. - 54 с.

Куттубаев О.Т. Эхинококкоз в Кыргызской Республике // Эхинококкоз в Центральной Азии: проблемы и решение. – Алматы, 2004.- С.31-43.

Қибасов М., Кереев Я.М. Эхинококкоз аса қауіпті ауру. - Алма-ата: Жаршы «Бастау», 2002. - №1. – С. 17-19.

Сабаншиев М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 480 с.

Казакбаев К.М. Гельминтозы собак и меры борьбы с ними в Жамбылской области: Авторефер. Дис..., канд.вет.наук. - Алматы, 2009. - 25 с.

ОСОБЕННОСТИ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЭХИНОКОККОЗА СОБАК В НЕКОТОРЫХ ХОЗЯЙСТВАХ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Тажбаева Д.Т.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В статье приведены данные по распространению основных гельминтозов животных в районах г.Уральск Западно-Казахстанской области. Проведен анализ применения некоторых видов лекарственных препаратов для борьбы с гельминтозами, перспективы борьбы с ними, экономический и социальный ущерб от инвазионных заболеваний животных.

Ключевые слова: Эхинококкоз, дегельминтизация, эпизоотология, экстенсивность инвазии.

ӘОЖ 639.127.2

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ҚАМЫС - САМАР КӨЛДЕРІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰСТАРДЫҢ АЛУАНТҮРЛІЛІГІ

Тапишев М.С.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Батыс Қазақстан облысы территориясында ерекше қорғалатын аймақтардың бірі Қамыс - Самар көлдері жүйесі. Бұл аймақтың басты байлығы көктем мен күздегі миграция жолына және жазда көбею ортасына айналған су және су маңы құстары болып табылады. Мақалада Қамыс - Самар көліндегі құстардың алуантүрлілігі берілген.

Негізгі сөздер: Қамыс – Самар көлдері, құстар миграциясы, құстар мониторингы.

Батыс Қазақстан облысы территориясында ерекше қорғалатын аймақтардың бірі Қамыс - Самар көлдері жүйесі. Көлдің суы Кіші және Үлкен өзендерден келетін сумен толығады. Бұл аймақтың басты байлығы көктем мен күздегі миграция жолына және жазда көбею ортасына айналған су және су маңы құстары болып табылады. Біздің бақылауларымыз кезінде 8 отрядқа жататын 42 түр тіркелді. Олардың ішінде көп кездесетіні қазтәрізділер мен татреңтәрізділер, басқаларынан 1-4 түрден ғана кездесті [1].

Қазақстанда татреңтәрізділер отрядынан 8 тұқымдасқа (балшықшы, татрең, бізтұмсық, қарала балшықшы, таукүдірет, қарақас, қаратұмсық шағалалар, т.б.) жататын 74 түрі бар. Қысы қатты жерлерде – жыл құсы. Татреңтәрізділердің жерге не тау беткейлеріне, кейде індер мен тастардың арасына салған ұяларының беті ашық болады. Ұясына 2 – 4 жұмыртқа салады, оларды мекиені мен қоразы кезектесіп басады. Көпшілік түрі моногамды және шоғыр құрып, ұя салады. Татреңтәрізділер жәндіктер және олардың дернәсілдерімен, ұлулар, шаянтәрізділер, құрттар және ұсақ кемірушілермен қоректенеді.

Татреңтәрізділердің ішінде балшықшылар, шағалалар мен қарқылдақтар болса, негізгі таралған түрлерге қызғыш, күжіркей, шүрілдек, шөпілдектер жатады. Шағалалардың ішінде кеңінен таралғандары өзен шағалалары мен өзен қарқылдақтары.

Қазтәрізділер отрядының өкілдері жер шарында кең тараған, әсіресе, Оңтүстік Америкада,

Африкада, тропиктік аймақтарда және Аустралияда жиі кездеседі. Қазақстанда 16 туысы, 40 түрі бар. Басқа құстардан айырмашылығы: мойны ұзын, құйрығы қысқа, аяғы 4 башайлы, алдыңғы үшеуі жарғақты келеді. Тұмсығы жалпақ, шеті жұқа, ұшында мүйізді түбіртік «тырнақшасы» болады. Кейбір түрлерінде (мысалы, бейнарықта) жақ жиегін мүйізді тісшелер көмкереді. Қауырсындары қалың, тығыз, денесінің бауыр жағында мамық көп болады. Құйымшақ безі жақсы дамыған. Көбі суда жақсы жүзеді. Қазтәрізділер сүңгуір құстар, көптеген түрі 40 м тереңдікке дейін сүңги алады, тағы бір ерекшелігі - суыққа төзімді. Салқын және қоңыр-жай аймақта кездесетін көп-теген түрі - жыл құсы. Ұя басу үшін наурыз - сәуір айларында ұшып келіп, қазан - қарашада жылы жаққа ұшып кетеді. Каспий теңізінен Жерорта теңізіне дейінгі шалғай аймақтарда қыстайды. Ұясын үй маңындағы жерлерге, таяз су бетіне, ағашқа, інге, кеуекке, жартасқа салады. Ұясына мамық, шөп төсейді. 5 - 20 жұмыртқа салып, оларды 20 - 40 күндей басады. Жыныстық жағынан 2 - 4 жасында жетіледі. Құрақ өркенімен, өсімдік тамырымен, ұсақ балықтармен және омыртқасыз су жәндіктерімен қоректенеді. Қазтәрізділердің 9 түрі (қызылжемсаулы қарашақаз, кутұмсық, сұңқылдақ аққу, кіші аққу, мәрмәр шүрегей, алакөз сүңгуір, дөңтұмсық тұрпан, қара тұрпан, ақбас үйрек) қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Су жағасындағы қамыс пен қоғаның арасында қазтәрізділерден сұрүйрек, барылдауық үйрек, даурықпа шүрегей, отүйрек, айдарлы сүңгуір, сұқсырлар, сыбырлақ аққу және үлкен суқұзғын мен бұйра бірқазанда ұя салады. Көл маңындағы құстардың алуантүрлілігі 1-кестеде берілді.

1-кесте

Қамыс-Самар көлдері жүйесінде тіркелген құстардың түрлік құрамы

№	Түрдің атауы	Ұшып өтетін	Ұя салатын
Отряд сұқсыртәрізділер			
1	Сұржақ сұқсыр	+	+
2	Үлкен сұқсыр	+	+++
Отряд ескекаяқтылар			
3	Бұйра бірқазан	+	+
4	Үлкен суқұзғыны	+	++
Отряд дегелектәрізділер			
5	Үлкен оқпан	+	+
6	Үлкен аққұтан	+	+++
7	Көкқұтан	+	+++
8	Жиран құтан	+	+
Отряд қазтәрізділер			
9	Сыбырлақ аққу	+	+++
10	Отүйрек	+	+++
11	Сарыалақаз	+	++
12	Барылдауық үйрек	+	+++
13	Ысылдақ шүрегей	+	++
14	Сұрүйрек	+	++
15	Қылқұйрық үйрек	+	+
16	Даурықпа шүрегей	+	+++
17	Жалпактұмсық	+	+
18	Ақбас үйрек	+	+

Отряд сұңқартәрізділер			
19	Саз құладыны	+	++
20	Түз құладыны	+	+
Отряд тырнатәрізділер			
21	Қасқалдақ	+	+++
Отряд татрентәрізділер			
22	Қарғыбау шүрілдек	+	+
23	Шаушүрілдек	+	+
24	Қызғыш	+	+++
25	Қызылсирақ балшықшы	+	+
26	Шөпілдек	+	+
27	Мамырқұс	+	+
28	Күжіркей	+	+++
29	Таукүдірет	+	+
30	Үлкен шалшықшы	+	+
31	Кіші шағала	+	+
32	Көл шағаласы	+	++
33	Өгізшағала	+	++
34	Көкшағала	+	+
35	Қара қарқылдақ	+	++
36	Аққанат қарқылдақ	+	+++
37	Үлкен қарқылдақ	+	++
38	Өзен қарқылдағы	+	+++
39	Кіші қарқылдақ	+	++
Отряд торғайтәрізділер			
40	Жар қарлығашы	+	++
41	Өзен шырылдағы	+	+
42	Саз айқабағы	+	+

Ескерту: + сирек ; ++ орташа ; +++ өте көп

Қамыс-Самар көлдері жүйесінде кездескен құстардың ішінде Бұйра бірқазан – Қазақстан Республикасының қызыл кітабына және Дүниежүзінің табиғат қорғау одағының тізіміне тіркелген [2]. Соңғы жылдары олардың саны аз болғанымен 6-15 жұбы ұя салып, балапандарын өргізеді. Ақбас үйрек саны аз жыл құстарының бірі, осы көлдер жүйесіндегі қалың қамысты-қоғалардың арасында жыл сайын ұя салатыны анықталды.

Бұл құстардың ішіндегі ең «сушылдары» - су құстары, бұларға маймаққаздар, сұқсырлар, бірқазандар, сукүзгіндары, тақтатұмсықтылар, қасқалдақтар жатады. Бұлардың барлығы да жақсы жүзеді және сүңгиді, бұл ерекшеліктер олардың дене пішініне де әсерін тигізген: денесі сопақтау, қанаттары салыстырмалы түрде қысқа әрі жіңішке, қауырсындануы тығыз әрі қатты.

Сумаңы құстарына құтандар, дегелектер, қоқиқаз, шағалалар мен қарқылдақтар, шалшықшылар, майда сутартарлар, кейбір көкқарғатәрізділер (зымыран), жыртқыштар (балықшы тұйғын, саз құладыны) және торғайтектес құстар (сушылқаралар, наурызектер, айқабақтар, шырылдақтар және басқалары) жатады. Сумаңы құстарының пішіні алуантүрлі болады, бірақ олардың барлығы да су жағалауларында немесе суда қоректенеді және ұялайды.

Тұщы су экожүйесінде Қамыс- Самар көлдері су және су маңы құстары үшін өте бағалы

тіршілік орта. Көктем мен күз айларында көлдер маңынан саны азайған, сирек кездесетін құстарды кездестіруге болады. Әсіресе, жалбағай, қарабай, бұйра бірқазан, акбас үйрек, қоқиқаз, қызыл жемсаулы қараша қаз, сары құтан және аққулар, сүңгуірлер, қалқалдақтар, шағалалар мен қаздардың мекеніне айналып отыр [3]. Сондықтанда осы экожүйені қорғалатын аймақтар тізіміне енгізіп, республикалық деңгейдегі ерекше қорғалатын аймаққа айналдыру, «Бөкейорда» мемлекеттік табиғи резерваты құрамына кластрлік учаске ретінде енгізу бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Құстардың миграциясы кезінде мониторинг жүргізу, су режимі мен құстардың таралуына кешенді зерттеулер жүргізу, болашақта құстарға қандай қауіптердің барына, тіршілік ортасына баға беруге көмектеседі деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дебело П.В. Животные Западно-Казахстанской области (Позвоночные. Насекомые) / П.В. Дебело, К.Б. Булатова. - Уральск, 1999. - 212 с.
2. Иркалиева Р.М. Позвоночные животные Западно-Казахстанской области // Природно-ресурсн. потенц. и проектир. объекты заповед. фонда Зап. – Каз. обл. Р.М. Иркалиева. Уральск. 1998. – 144 с.
3. Петренко А.З. Зеленая книга Западно-Казахстанской области. Кадастр объектов природного наследия / А.З.Петренко, А.А.Джубанов, М.М.Фартушина, Д.М.Чернышев, Ж.М.Тубетов. Уральск, изд-во РИО ЗКГУ, 2001. 194 с.

УДК 639.127.2

РАЗНОВИДНОСТЬ ПТИЦ В СИСТЕМЕ КАМЫШ-САМАРСКИХ ОЗЕР НА ТЕРРИТОРИИ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Тапишев М.С.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В статье отражаются результаты исследования численности птиц, охраняемых государством, на территории системы Камыш-самарских озер. Приводится распространение водных и окловодных птиц на исследуемой территории в период весенней и осенней миграции, в период размножения птиц в летний период. Статья содежит иллюстративный материал.

Ключевые слова: Камыш-Самарские озера, миграция птиц, мониторинг птиц.

ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 67.09.35

ҚАБЫРҒА КЕРАМИКАСЫ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА МЕТАЛЛУРГИЯ ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚОЛДАНУ

Беккалиев Н.М., Утебалиева Н.З.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Құрылыс материалдарының көп түрлерінің ішінде керамикалық қабырға өндірудің орны ерекше, себебі ол ғимарат тұрғызу барысында оқшаулағыш, тіреуіш және сәндік функцияларын атқарады.

Негізгі сөздер: *Керамикалық кірпіш, қабырға материалдары, энергия үнемдеу технологиясы, құрылыс материалдары.*

«Қазақстан 2050» стратегиясы ұлттық экономиканың, өлкеміздегі шикізат көзін өндірумен қатар өңдеуді қатар алып жүретін дамуды көздейді. Ғылыммен техниканың жетістіктерімен құрылыс саласын дамыту Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялы саясатының негізгі мәселесі болып табылады. Бұл мәселені іске асыру құрылыс материалдарын өндіруде жаңа технологияны пайдалану және жергілікті шикізатты қолданумен тікелей байланысты. Құрылыс материалдарының көп түрлерінің ішінде керамикалық қабырға өндірудің орны ерекше, себебі ол ғимарат тұрғызу барысында оқшаулағыш, тіреуіш және сәндік функцияларын атқарады [1].

Бүгінгі таңда қабырға керамикасын өндірудегі негізгі мәселе болып энергияның көп жұмсалуды және беріктілігінің төменділігі болып тұр. Бұған себеп саздың химиялық құрамының тұрақсыздығы. Бұл мәселе түрлі әдістермен зерттеліп қаралуда, соның бірі анағұрлым жоғары температурада күйдіру ($T = 1000 \dots 10500^\circ\text{C}$) [2].

Нәтижесінде жұмсалатын барлық жанармай, энергия көздері сапасыз өнім шығаруға кетуде, сол себепті өнімнің де бағасы көтеріледі.

Волластонит құрамды қоспасын қолдану арқылы борпылдақ саз негізіндегі қабырға керамикасы технологиясын жетілдіру.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі мәселелерді шешу қажет:

- шаған кен орнындағы борпылдақ сазды пайдалана отырып, керамикалық қабырға өндіру үшін үшкомпонентті керамикалық қоспасын шығару;

- жасалып отырған бұйымның оптималды құрамын табу және күйдіру температурасын төмендету;

- волластонит құрамды қоспасын қолдану арқылы борпылдақ саз негізіндегі қабырға керамикасын алу технологиясы ғылыми түрде негізделген, құрамындағы негізгі компоненттерінің физикалық, химико-механикалық қасиеттері ескеріліп оптималды құрамы анықталған [3].

- теориялық тұрғыдан композициялық қоспаны пайдаланудың тиімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденген, ол үшін волластонит құрамды шлақты ұнтақтап пайдаланамыз, бұл ауалық тығыздалуына жол бермейді және де қалыптау кезінде жарықшақсыз бұйым дайындаға мүмкіндік береді;

- керамикалық композиция құрылымының қалыптасу кезеңіндегі волластониттің кристаллдануы мен қатар шлақтық әйнектің кеуектенуі, құрамындағы органикалық заттардың жануы, алынатын бұйымның жеңіл, беріктігі жоғары, ауалық отыруы аз, жылуөткізгіштік және оқшаулау қасиеттеріне ерекше әсері болатындығында;

- борпылдақ саз негізіндегі керамикалық композицияны өңдеудің көптеген әдістері ойлап табылған, соның ішінде жартылай құрғақ сығу әдісі.

- көрсетілген техникалық шешімдер күйдіру температурасын $100-150^\circ\text{C}$ -қа төмендетіп, дайын өнімнің мықтылығын 25-30%-ға жоғарылатып, күйдіру уақытын 1-3 сағ-қа қысқартады.

Қолданылатын шикізат материалдарының мінездемесі:

Қарағанды қ. АҚ «Миттал Стил Темиртау» заводының түйіршіктелген шлагының түсі сұр, дәнді материал болып келеді. Ірілік модулі 3,9-4,1 [4].

1 кесте. Металлургия шлагының түйіршіктік құрамы

Фракциясы, мм	2,5	1,25	0,63	0,315	0,14	0,14-дан кем
Електегі қалдығы, %	14-17	35-37	26-30	14-17	2-5	2-4

2 кесте. Металлургия шлагының химиялық құрамы

Шикізаттың атауы	Құрамындағы оксидтердің мөлшері, мас. %												
	SiO ₂	Al ₂ O ₃	TiO ₂	CaO	MgO	Fe ₂ O ₃	P ₂ O ₅	F	SO ₃	CO ₂	Na ₂ O	K ₂ O	п.п.п.
Түйіршіктелген металлургия шлагы	41,0	5,70	-	46,02	2,06	0,14	1,76	1,12	0,6	-	0,67	-	0,92

3-кесте. Зерттелетін керамикалық композициялардың құрамы

Құрам нөмірі	Композиция құрамы, мас. %		
	саз	Көмір	Шлак
1	100	0	0
2	70,0	5,0	25,0

3-кестенің жалғасы

3	65,0	10,0	25,0
4	55,0	15,0	30,0
5	45,0	30,0	25,0

4-кесте. Термиялық өңдеуге дейінгі керамикалық үлгілердің физикалық-механикалық қасиеттері

Құрам нөмірі	Кептіруге сезімталдық коэффициенті	Шикізат Беріктігі, МПа	Атмосфералық шөгу, %	Шикізаттың орташа тығыздығы, г/см ³
1	1,82	3,85	5,82	1,986
2	1,45	4,22	1,72	1,840
3	1,27	4,87	0,91	1,820
4	1,14	5,12	0,86	1,794
5	1,08	4,71	0,72	1,756

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей композициялық құрамының 0-40% және 0-30%-ға өсуі саздың пропорционалды азаюы керамикалық композициялардың физикалық-механикалық қасиеттерінің күрделі өзгеруін байқаймыз.

5-кесте. 950°C температурада термоөңделген керамикалық үлгілердің физикалық-механикалық қасиеттері

Құрамның нөмірі	Отқа шөгу, %	Орташа тығыздық, г/см ³	Төзімділік, МПа		Сусіңіргіштік, %
			сығуға	иілуге	
1	3,32	1,882	5,71	1,14	22,6
2	1,34	1,718	14,82	3,71	21,8
3	0,78	1,707	16,78	4,34	22,4
4	0,56	1,704	15,42	4,45	23,6
5	0,31	1,724	14,31	3,14	24,7

Температураны 950°C жоғарылатқанда оттық шөгу кезінде 1-3 қрамды бөліктерінді бірқалыпты төмендеуі байқалады, ал 4-5 құрамдарында оттық шөгу 0,56-0,31% құрайды.

Орташа тығыздығы 1- 4 құрамда айтарлықтай емес төмендейді.

6-кесте. 1000⁰С температурада жылулықөндеуден өткен керамикалық үлгілердің физико-механикалық қасиеттері

Құрам нөмірі	Отқа шөгу, %	Орташа тығыздық, г/см ³	Беріктігі, МПа		Сусіңіргіштігі, %
			сығылуға	иілуге	
1	4,46	1,864	7,22	1,82	22,4
2	1,47	1,746	15,36	4,21	22,4
3	0,84	1,710	17,42	5,42	21,8
4	0,62	1,702	17,84	5,44	22,4
5	0,47	1,720	17,61	4,24	23,1

Температураның одан әрі 1000⁰С-қа дейін артуы 1-2 құрамдардағы оттық отыруының жоғарылайтынын көрсетті, ол 1,47 – 4,46 %-ға тең. Осы құрамдардағы орташа тығыздық нәтижесі жоғары болды, ол 1,746 – 1,864г/см³-ге тең. Айта кететіні №3 құрамнан №5-ға дейінгі композициялық құрамдарда бірқалыпты орташа тығыздықтың 1,702-дан 1,720 г/см³-ге дейін төмендеуі байқалды. Ал 1-2 құрамдардың орташа тығыздықтары 1,864 г/см³ и 1,746 г/см³ көрсетті.

7-кесте. 1050⁰С температурада термоөңделген керамикалық үлгілердің физикалық-механикалық қасиеттері

Құрам нөмірі	Отқа шөгу, %	Орташа тығыздық, г/см ³	Төзімділік, МПа		Сусіңіргіштігі, %
			сығылуға	иілуге	
1	5,17	1,897	8,14	1,92	21,2
2	1,38	1,748	17,28	4,41	22,8
3	0,83	1,706	19,36	5,14	23,1
4	0,64	1,704	21,61	5,34	24,2
5	0,48	1,708	23,54	5,67	25,1

1050⁰С температурада барлық дерлік құрамдардың сығылуға, иілуге беріктігі едәуір жоғарылады.

Сыналған шикізат композицияларында технологиялық шектеулердің басым факторларын ескеретін кешенді сынақтар жасалып, композициялық құрамының келесі кешенді бөлшектерден тұратыны анықталды: борпылдақ саз 45,0-70,0%; көмір 5,0-30,0%; волластонит құрамды шлак 25,0-30,0%.

Арнайы қасиеттерге ие шикізат материалдары және қабырға керамикасының жартылай құрғақ қалыптау өндірісінің ресурс және энергия жинақтау мақсатымен әр түрлі композициялық қатынастарының дайындау, араластыру, кептіру және күйдіру кезеңдерінің тәртібі ескеріліп материалдар таңдалынып алынған.

Сыналған шикізат композицияларында технологиялық шектеулердің басым факторларын ескеретін кешенді сынақтар жасалып, композициялық құрамының келесі кешенді бөлшектерден тұратыны анықталды: борпылдақ саз 45,0-70,0%; көмір 5,0-30,0%; волластонит құрамды шлак 25,0-30,0%.

Тәжірибелік жолмен керамикалық композициялардың кірпіштің беріктігі мен тығыздығының

пресстеу қысымына тәуелділігін дәлелденді. Пресстеу элементінің құрамы айтарлықтай төмен деформацияның көрсеткішін және бұйымының беріктігі мен тығыздық дәрежесін қамтамасыз етеді, пресстеу 15-20 МПа қысыммен жүргізіледі.

Тәжірибе жүзінде оңтайлы қалыптау ылғалдылығы анықталды. Сыналып отарған шикізат композициялық құрамында қалыптау ылғалдылығы 8-10% құрайды, бұл көрсеткіште масса сұйықтықтың артық та емес, кем де емес болатын болатынын көрсетіп, теріс әсеріне ұшырамайтынын дәлелдеді.

Керамикалық композицияларды термоөңдеу кезінде 950-1050°C температура шегінде оттық шөгу, сығуға және иілуге беріктігі сусіңіргіштік қасиеттерінің өзгеруімен анықталады. Сонымен бірге осы қасиеттердің «температура-құрам-қасиет» жүйесінде күрделі тәуелділігі айқындалған.

Әдебиеттер тізімі

1. Ж.Т.Сулейменов, Эффективная строительная керамика с волластонитовой структурой /Монтаев.С.А., СулейменовЖ.Т., Новости науки Казахстана. Сер. Развитие современной науки. Будущее науки. -Алматы, 1996. - Вып.1. -75-77 б.
2. С.А.Монтаев, Фазовые изменения в двухкомпонентных керамических композициях строительного назначения /Монтаев С.А., Актуальные проблемы в экологии и природопользовании: сборник трудов КПТИ им.И.Жахаева. -Ч.II - 2006. -29-31б.
3. Г.А.Жалмуханов, Влияние интенсификаторов спекания и кристаллизации на свойства керамических масс./ Жалмуханов Г.А.,Деп. в КазГосИИТИ. Алматы, 2009.-№7140. - 96 б.
4. Б.Е.Косаев,Шихта для изготовления строительных изделий /Косаев Б.Е., опубл. 2009, - № 12 изд. 45-47 б.

УДК 67.09.35

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТАЛЛУРГИЧЕСКИХ ОТХОДОВ В ТЕХНОЛОГИИ СТЕНОВОЙ КЕРАМИКИ

Беккалиев Н.М., Утебалиева Н.З.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: Среди многообразия строительных материалов особое внимание уделяется производству стеновой керамики, потому что, керамический кирпич является несущим, теплоизоляционным и декоративным элементом при возведении жилых и общественных зданий.

Негізгі сөздер: Керамический кирпич, энергосберегающие технологии, строительные материалы.

ПОДДЕРЖАНИЕ РАБОТОСПОСОБНОСТИ АВТОМОБИЛЬНЫХ ФОРСИРОВАННЫХ ДВИГАТЕЛЕЙ ОБЕСПЕЧЕНИЕМ ФУНКЦИОНАЛЬНОГО СОСТОЯНИЯ СМАЗОЧНОЙ СИСТЕМЫ В ЭКСПЛУАТАЦИИ

Биниязов А. М., Сарсенбаева Л. Х.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация. *Исследованы закономерности влияния объёма масла в картере дизельных двигателей, на интенсивность изменения технического состояния двигателя и старения масла в процессе эксплуатации. Обоснованы аналитические зависимости интенсивности старения моторного масла, изменения технического состояния цилиндропоршневой группы и подшипников коленчатого вала двигателя от объёма масла в картере форсированных двигателей. Совершенствован процесс профилактики смазочной системы путем оптимизации объёма доливаемого масла для компенсации его угара и утечек.*

Ключевые слова: Форсированные дизели, моторное масло, периодичность замены масла, нормативные показатели масла.

Одним из путей повышения эффективности эксплуатации автомобилей является совершенствование системы ТО и Р для обеспечения и сохранения в эксплуатации требуемых показателей надежности и снижения затрат на поддержание работоспособности двигателей.

Постоянный рост требований к повышению эффективности эксплуатации автомобилей ведёт к интенсификации форсирования двигателей, что, в свою очередь, является причиной повышения термонапряжённости деталей, ухудшения условий работы моторного масла, увеличения его угара, ускорения срабатывания присадок, повышения интенсивности изнашивания трущихся пар, лако- и нагарообразования, что ведёт к снижению ресурса двигателя[2, 3, 4].

Работоспособность двигателей во многом зависит от правильного функционирования смазочной системы или ее функционального состояния. Под функциональным состоянием понимается состояние системы, при котором она способна выполнять свою основную функцию – минимизировать изнашивание сопряженных деталей за счёт нормализации режимов трения между ними, а также исключать термические деформации наиболее нагруженных элементов путем отвода от них избыточного тепла.

Поддержание требуемого уровня масла в картере двигателя призвано обеспечивать необходимый температурный режим деталей двигателя, вынос продуктов износа из пар трения, а также оптимальные условия смазки за счёт присутствующего в масле пакета присадок. В эксплуатации происходит уменьшение объёма масла в картере из-за утечек и угара, а также изменение его свойств вследствие старения. Это приводит к нарушению функционального состояния смазочной системы, повышению температуры масла, нарушению нормального режима смазки и интенсификации изнашивания деталей[5, 6, 7, 8].

Выполнение периодической профилактики смазочной системы (например, долив масла до требуемого уровня) позволяет восстанавливать её функциональное состояние, снизить температуру масла, обновить присадки, что, в целом, повысит ресурс двигателя.

Однако, в настоящее время недостаточно научно обоснованы параметры режима долива (периодичность и объём) моторного масла у форсированных автомобильных дизельных

двигателей, и значительное количество таких двигателей длительно эксплуатируется с не рациональным объемом масла, что приводит к сокращению ресурса[1, 10, 11].

Таким образом, исследования, направленные на повышение эффективности эксплуатации форсированных автомобильных двигателей за счёт поддержания функционального состояния смазочной системы в эксплуатации, являются актуальными.

Для экспериментальной оценки изменения показателей состояния моторного масла в процессе эксплуатации было организовано наблюдение за 28 автомобилями КАМАЗ-ЕВРО в течение трёх лет в Управлении технологического транспорта ОАО «Газпром трансгаз». Анализ проб масла проводили через 2 тыс. км пробега масла. Всего было проанализировано более 180 проб масла объёмом 1,5 л каждая.

Использовалось масло Shell Rimula R3 X SAE 15W40. При анализе проб масла определялись: кинематическая вязкость, сСт, температура вспышки в открытом тигле, °С, загрязнённость, см-1, щелочное число, мг КОН/г масла, плотность при 20 °С, г/дм³, массовая доля воды, %. Параметры определялись в лаборатории по методикам ГОСТ[17].

Количество нерастворимых продуктов в работавшем масле может быть также определено путем фильтрования его через фильтр Millipore с последующим его взвешиванием.

Щелочное число масел выражается через количество (в мг) гидроокиси калия (КОН), эквивалентное содержанию всех видов щелочей в 1 г масла, то есть размерность (мг КОН /г) [12, 13].

Кинематическая вязкость (сСт) определялась в соответствии с ГОСТ 33-2000 «Нефтепродукты. Прозрачные и непрозрачные жидкости. Определение кинематической вязкости и расчет динамической вязкости»[14].

Температура вспышки в открытом тигле (°С) определялась в соответствии с ГОСТ 4333-87 «Нефтепродукты. Метод определения температур вспышки и воспламенения в открытом тигле»[15, 16].

Для оценки влияния объёма долива весь объём выборки наблюдаемых автомобилей (28 единиц) был разделён на четыре группы в зависимости от среднего объёма долива масла. В первой группе объём доливаемого за один раз масла был от 1,5 до 3,5 л; во второй – от 3,5 до 5,5 л; в третьей – от 5,5 до 7,5 л; в четвёртой – от 7,5 до 10 л. В каждой группе фиксировались средняя за рейс температура масла в картере, расход масла на угар и давление в смазочной системе. Для измерения температуры использовалась термометр, который устанавливался на место маслоизмерительного щупа. Давление масла определялось по штатному манометру автомобиля на щитке приборов автомобиля. Расход масла определялся по объёму долива до верхней метки на щупе.

На рисунках 1-4 представлены полученные в исследовании основные зависимости параметров масла от его уровня в картере двигателя.

Снижение ставок налога на прибыль получило наибольшее распространение в государствах, которые не применяют альтернативные (упрощенные) системы налогообложения. Ограничением для этой льготы, является установленный законодательством предельный размер налоговой базы по этому налогу, превышение которого автоматически увеличивает налоговую ставку или для всей налогооблагаемой прибыли, или для той ее части, которая превышает предельный уровень. Ставки налога на прибыль достигли своего максимума к середине 90-х годов XX века, что на фоне экономического спада и одновременно обострения налоговой конкуренции между странами повлекло постепенное уменьшение налога на прибыль. Эти процессы получили наибольшее распространение в ЕС, что было обусловлено глобализацией экономических процессов. Так, в Испании малые предприятия платят налог на прибыль по ставке 30% (при базовой 35%), во Франции – 19% (33,33%). В Бельгии в начале XXI века снижение общей ставки проходило в два этапа: первый с 39% до 33%, второй – до 30%. Для малых и средних предприятий ставка налога была понижена с 28,84% до 24,25%. В мировой практике налогообложения специальный порядок начисления налоговой амортизации не имеет массового применения, но его использование важно для предприятия, т.к. амортизационные отчисления наиболее дешевый, и в то же время наиболее привлекательный источник финансирования инвестиций. Амортизационные отчисления служат дополнительным источником дохода предприятий и обеспечивают их рост в последующих периодах, стимулируют предприятия к воспроизведению капитала. Весомым аргументом в пользу использования метода ускоренной амортизации является возможность частичной нейтрализации инфляции через обесценивание амортизационных отчислений. Финляндия при начисления амортизации использует специальный порядок, предусматривающий применение повышающего коэффициента 1,5 к общим нормам ее начисления для инвестиций в уставные фонды малых и средних предприятий. Ускоренные методы амортизации применяются малыми и средними предприятиями в Германии и Великобритании [3].

В некоторых европейских странах налогообложение прибыли, которых базируется на применении «метода первого события» используются льготы, связанные с методом налогового учета. Налоговая поддержка малых предприятий заключается в использовании кассового метода. Данный метод позволяет предотвратить отвлечение собственных средств предприятий в случае поставки товаров с последующей оплатой. Увеличенная продолжительность налоговых периодов как метод налогового регулирования субъектов МСБ заключается в установлении годового налогового периода по НДС. Такой метод применяется, например, в Швеции по

решению плательщика вместо месячного налогового периода. Использование налоговых скидок и налоговых кредитов имеет свои специфические особенности по отношению к малому бизнесу, в зависимости от страны применения [4]. Так для субъектов МСБ в Бельгии предусмотрена базовая налоговая скидка в размере 3% от общего объема инвестиций. Дополнительно к базовой скидке малые предприятия имеют право использовать специальную скидку в размере 10,5% от суммы амортизации, которая начисляется на активы, в которые вложены любые инвестиции на сумму 37 500 евро, но не более 50% прибыли до налогообложения. В Великобритании малым предприятиям даются налоговые скидки в размере 15% от затрат на исследования и разработки (при минимальной сумме инвестиций 10 тыс.ф.ст.). Малые предприятия Испании, наряду со стандартными вариантами налогового кредита имеют право на применение специального 10% налогового кредита от суммы расходов, направленных на развитие электронной коммерции, интернет-технологий, создание компьютерной техники и программного обеспечения. В Норвегии для малых и средних предприятий предусмотрен налоговый кредит в сумме 18-20% от объема затрат на исследования и разработки при условии, что объем соответствующих расходов не превышает 4 млн. норвежских крон. Конкретный размер льготы зависит от оборота компании, валюты баланса и количества наемных работников. В условиях экономического кризиса, заслуживает внимание опыт Венгрии, где субъекты МСБ наряду со 100% налоговым кредитом от суммы инвестиций, имеют право на дополнительное уменьшение суммы налога на 40% суммы процентов по задолженности перед финансовыми организациями по кредитам на производство материальных активов. При этом действует ограничение максимальной суммы специального налогового кредита. Подобный специальный налоговый кредит для малых предприятий также предусмотрен законодательством в Нидерландах [5].

Регулируя экономические процессы, государство использует при воздействии на экономические интересы производителей прямые налоги, в частности налоги на доходы. Немаловажное значение имеет выбор субъекта, или плательщика, налога. Плательщик является существенным и, если можно так выразиться, основным элементом налога, который учитывается при построении налогового механизма. Последующие функциональные элементы налога используются уже в рамках конкретного плательщика. Субъект налогообложения не всегда совпадает с носителем налога, т.е. лицом, которое реально несет на себе тяжесть налогового бремени.

Согласно казахстанскому налоговому законодательству плательщиками являются все юридические и физические лица, резиденты и нерезиденты РК. Отдельные категории освобождаются от конкретных налогов только в порядке предоставления налоговых льгот, а не путем зафиксированного в законе исключения из числа плательщиков.

Как налоговая система в целом, так и отдельные её агрегаты должны быть сориентированы на стимулирование производственной и деловой активности, а также максимальное высвобождение рыночных регуляторов и предоставление возможности производителям принимать те или иные хозяйственные решения. Одним из важнейших условий преодоления кризиса является стимулирование производственной деятельности. Опыт промышленно развитых государств мира, показывает, что самым убедительным свидетельством экономических успехов страны является развитие малого и среднего бизнеса. Субъекты малого и среднего бизнеса - структуры наиболее гибкие для перепрофилирования деятельности и обладают свободой экономического маневра, быстрой оборачиваемостью оборотных средств. МСБ ориентирован на конкретного потребителя, может быстро заполнить товарные ниши, активно перемещаться на рынке товаров и услуг, тем самым, успешно конкурировать с монополистами. Во всем мире государственная поддержка малого бизнеса осуществляется посредством предоставления налоговых льгот. Спектр льгот по налогообложению может быть различным в зависимости от того, какие задачи необходимо решать в первую очередь.

Метод упрощения порядка администрирования и отчетности имеет особое значение для снижения административных расходов малого бизнеса, поэтому используется большинством

стран. Например, упрощенные формы применяются в Великобритании, Швеции, Франции. Причем сфера их применения ограничена предельным годовым оборотом капитала предприятия, а в некоторых случаях – численностью приемных работников. Упрощенный порядок администрирования в первую очередь касается проблемы обязательности регистрации субъектов малого бизнеса в качестве плательщиков НДС как налога, наиболее трудоемкого и сложного с точки зрения ведения налогового учета. Общим правилом практически для всех государств, которые используют НДС, является установление порога обязательной регистрации. Но вместе с тем, фактическая величина налогооблагаемого дохода, превышение которой является основанием для регистрации плательщиком НДС, не унифицирована и каждым государством устанавливается самостоятельно. Альтернативным подходом налоговой поддержки субъектов МСБ является применение упрощенных систем (специальных режимов). Именно таким путем пошли почти все страны бывшего СССР. Анализ параметров альтернативного налогообложения в этих странах свидетельствует о существенных различиях в условиях применения. Принципиальное значение имеет и то, что объект налогообложения разный: в Литве – валовый доход; в Республике Беларусь – валовая выручка; в Украине – выручка от реализации продукции (товаров, работ и услуг); в Республике Казахстан – доход за квартал, в России – доходы, либо доходы, уменьшенные на величину расходов. Но следует признать, что упрощенные системы, так же, как и налоговые льготы, которые применяются в общей системе налогообложения, имеют значительные различия по всем своим основным элементам [6].

Субъекты малого и среднего предпринимательства работающие в приоритетных направлениях, таких как, производство и переработка сельхозпродукции, производство продовольственных товаров, стройматериалов, медицинской техники, лекарственных средств и изделий медицинского назначения, строительство объектов жилищного, производственного социального, природоохранного назначения, ремонтно-строительных работ и др., должны освобождаться от уплаты подоходного налога в первые два года работы. С целью стимулирования создания рабочих мест в сельской местности, назрела необходимость адресного льготирования субъектов малого и среднего бизнеса, занимающихся инновационной деятельностью.

Таким образом, можно сделать вывод, что в мировой практике используются различные инструменты налогового регулирования. Выбор инструментов зависит от условий деятельности и приоритетов экономической политики соответствующих стран. Разнообразие и масштабность использования инструментов налогового регулирования, целесообразность их применения обусловлена различным уровнем социально-экономического развития стран.

Список литературы:

Грицунова С.В., Лотарева К.М. Развитие малого предпринимательства в России // Мир науки. 2015. вып.2. URL: http://mir-nauki.com/PDF/07_KMN215.pdf

European Tax Handbook / ed. by L.L.Juhani Kesti. Amsterdam: International Bureau of Fiscal Documentation, 2014.754 p.

Tax Law Design and Drafting. Vol. 1, Chapter 12. Presumptive Taxation / ed. by V.Thuronyi. Washington: International Monetary Fund, 1996.

Ahmad E., Stern N. The Theory and Practice of Tax Reform in Developing Countries. Cambridge, 1991.

Designing a Tax System for Micro and Small Businesses: Guide for Practitioners. The World Bank Group. 2007.

Мильчакова Н. Налоговые механизмы стимулирования инноваций. Международный опыт. URL: http://files.marchmont.ru/presentations/26/milchakova_natalya_-nalogovyiemechanizmy_stimulirovaniya_innovatzij._mejdunarodnyij_opyit.pdf

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ САЛЫҚТЫ РЕТТЕУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Сулейменова А.Б., Изимкулов К.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Бұл мақалада дамыған елдердегі шағын және орта бизнестің салықтық реттеу тәжірибесі қарастырылады. Мемлекеттік қолдау құралдарының ішінде ШОБ субъектілерінің салықтық реттеуі ерекше орын алады. Салықтық реттеу құралдарын пайдаланудың әртүрлілігі мен ауқымы, оларды қолданудың орындылығы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуының әр түрлі деңгейлерімен анықталады.

Негізгі сөздер: Шағын және орта бизнес, тауарлар мен қызметтер, салық, салықтық реттеу, салық салу жүйесі, салық салу артықшылықтар

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сұлтан Л. Е., Төлебаева Б.Т., Хеммон Р.Б.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Жұмыссыздық әлемдегі ең үлкен проблемалардың бірі болып табылады. Оны бірнеше түрге бөліп, қарауға болады. Жұмыссыздық қоғамға және экономикаға әсер етеді. Жұмыссыздар санының көбеюі халықтың өмір сүру деңгейін төмендетеді, тауар мен қызметке сұранысты азайтады.

Негізгі сөздер: жұмыссыздық деңгейі, экономикалық дағдарыс, мемлекет, еңбек нарығы, фрикциондық, циклдік жұмыссыздық, жұмыспен қамтылған халық.

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Экономикалық әдебиетте кез келген қоғамдағы жұмыссыздық құбылыстары сипатына байланысты фрикциондық жұмыссыздық, құрылымдық жұмыссыздық, циклдік жұмыссыздық болып ажыратылады. Фрикциондық жұмыссыздық – қызметкерлердің жұмыс орнын ерікті түрде ауыстыруымен және жұмыстан уақытша босау кезеңдерімен байланысты (қызметкерлердің бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысқан кездегі уақытша жұмыспен қамтылмауы) құбылыс. Құрылымдық жұмыссыздық – елдегі тұтыну тауарларына сұраныстың құрылымында және өндіріс технологиясында болатын өзгерістер салдарынан пайда болатын құбылыс. Бұл жағдайда қызметкер не өзінің кәсібіне (мамандығына) сұраныстың жоқтығы салдарынан, не жұмыс алу үшін жеткілікті біліктілігінің жоқтығы салдарынан жұмыссыз қалады[1].

Кез келген қоғамдағы экономикалық даму барысында тұтыну тауарларының сұранысы құрылымында және өндіріс технологиясында маңызды өзгерістер болады. Бұл өзгерістер өз кезегінде жұмыс күшіне жалпы сұраныстың құрылымын да өзгертеді. Осындай өзгерістерге байланысты кәсіптердің кейбір түрлері азаяды не қысқарады, ал басқа бір түрлері көбейеді. Қоғамдағы жұмыссыздықтың пайда болу себебі жұмыс күшінің осы өзгерістерге баяу ыңғайланатындығына және оның құрылымының нақты жұмыс орнына сай келмейтіндігіне байланысты болады.

Фрикциондық жұмыссыздық пен құрылымдық жұмыссыздық арасындағы елеулі ерекшелік мынада: бірінші жағдайда жұмыссыздарда еңбек нарығында ұсынуына болатын дағды, машық бар, ал екінші жағдайда олар қайта даярланбайынша, қосымша оқып біліктілігін арттырмайынша, тіпті тұрғылықты жерін ауыстырмайынша жұмыс таба алмайды. Фрикциондық жұмыссыздық неғұрлым қысқа мерзімді сипатта болады, ал құрылымдық жұмыссыздық неғұрлым ұзақ мерзімді сипатта болады, сондықтан ол қоғамдағы неғұрлым елеулі жұмыссыздық болып табылады.

Циклдік жұмыссыздық – елдегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жиынтық сұраныстың күрт азаюы салдарынан болатын құбылыс. Осы себептен оны кейде сұраныстың тапшылығына байланысты жұмыссыздық деп те атайды. Циклдік жұмыссыздық – кез келген қоғам үшін экономикалық және әлеуметтік дағдарыс болып саналады.


Экономикалық дағдарыс (экономикалық дамудың құлдырауы, тоқырау) елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың елеулі бөлігінің бостан босқа уақыт өткізуіне әкеліп соғады, ал мұндай жағдай олардың біліктілігінің жоғалуына, адамгершілік қадір-қасиеттің азғындауына, әлеуметтік және саяси жанжалдарға апарып соқтырады.

Жұмыссыздық – барлық қоғамда болып тұратын құбылыс. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде, мысалы, АҚШ-та, еңбекке қабілетті тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы жұмыссыздық мүлдем жоқ дегенді білдірмейді. Фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздық болмай қоймайды деп есептеледі. Демек, елдегі тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы – ол елде циклдік жұмыссыздықтың жоқтығын білдіреді.

Жұмыспен толық қамтылу кезіндегі жұмыссыздық деңгейі оның табиғи деңгейі болып саналады. Мұндай жағдай елдегі жұмыс күшінің рыноктары теңдестірілгенде, яғни жұмыс іздеушілердің саны бос жұмыс орындарының санына тең болғанда пайда болады. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі қоғамдағы оң құбылыс болып есептеледі. Өйткені “фрикциондық” жұмыссыздарға бос жұмыс орнын табу үшін әрқашан уақыт керек, “құрылымдық” жұмыссыздарға да біліктілігін жетілдіру, жаңа мамандық алу үшін немесе жұмыс табу мақсатымен басқа жерге көшу үшін уақыт керек.

Егер жұмыс іздеушілердің саны бос жұмыс орнынан асып түссе, онда жұмыс күші рыногінің тең болмағаны. Екінші жағынан, жиынтық сұраныс молайған жағдайда жұмыс күшінің “жетіспеушілігі” сезіледі, яғни бос жұмыс орындарының саны жұмысқа мұқтаждардың санынан асып түседі. Қазақстанда нарықтық экономикаға өту кезеңінде бұрынғы тиімсіз кәсіпорындар мен ауыл шаруашылық мекемелерінің жұмысын уақытша тоқтатып, жабылуына, банкротқа ұшырауына, жекешелендіріліп, қайта құрылуына байланысты құрылымдық жұмыссыздық құбылысы байқалды.

Қазақстан Республикасындағы жұмыссыздық деңгейі сурет 1 де келтірілген.



Сурет 1. Қазақстан Республикасындағы жұмыссыздық деңгейі

Сурет 1 дің деректеріне сүйенетін болсақ, соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі әлде қайда төмендеген. Жұмыссыздық деңгейі 2013 жылы 5,3 пайыз болса, 2014 жылы 0,2 пайызға, яғни 5,1 пайызға дейін төмендеген. 2014-2015 жылдары жұмыссыздық деңгейі 5,0-5,1 пайыз болса, 2017 жылы 4,9 пайызға дейін төмендеген.

Елордаға келетін болсақ, жұмыссыздықтың ең төменгі деңгейімен көш бастап келеді. Аталмыш көрсеткіш республикалық көрсеткіштен 0,4%-ға төмен. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (15-28 жас аралығындағылар) 4,5%-ды (болжанған деңгей – 4,7%) және әйелдер арасындағы жұмыссыздық 4,6%-ды (болжанған деңгей 4,9%) құрады. 2017 жылдың 8 айында мемлекеттік қолдау шараларымен 20 219 адам қамтылды. Бұл өз кезегінде 93%-ды құрайды. 11536 адам жұмыс іздеп келсе, олардың 6725-і жұмысқа орналастырылды (3882-сі – тұрақты жұмысқа, 223-і – уақытша жұмысқа, 695-і – жастар практикасы бойынша, 186-сы – әлеуметтік жұмыс орындарына және 1739-ы – қоғамдық жұмыс орындарына). Астаналық еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының ақпараты бойынша, бос жұмыс орындары туралы мәліметтер базасы күн сайын жаңарып отырады. Сонымен қатар бос жұмыс орындары туралы мәліметтер базасын толықтыру мақсатында жаңа жұмыс берушілерді тарту жөнінде белсенді жұмыс жүргізілуде.

Қазіргі таңда Қазақстанда жұмыспен қамтамасыз ету жағдайы қандай? Біздің елде еңбек ресурсы 2017 жылы 9,4 млн адамға жетті немесе халықтың жалпы санының (18 млн адам) 55 % - ін құрады. Халық шаруашылығы қызметінің барлық салаларында 8,6 млн адам жұмыспен қамтылған. Қазақстан Республикасының еңбек нарығының көрсеткіштері Кесте 1 де келтірілген.

Кесте 1 Қазақстан Республикасының еңбек нарығының көрсеткіштері

Еңбек нарығы	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2017 ж. 2013 ж. салыстырғанда ауытқуы «+» «-»
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8570,6	8510,1	8433,3	8553,4	8585,2	14,6
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	5949,7	6109,7	6294,9	6342,8	6485,9	536,2
Өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлер, мың адам	2621,0	2400,4	2138,4	2210,5	2099,2	-521,8
Жұмыссыздар, мың адам	470,7	451,9	454,2	445,5	442,3	-28,4
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,3	5,1	5,0	5,1	4,9	-0,4
Жастар жұмыссыздығының деңгейі (15-28 жас), %	5,5	4,2	4,4	4,1	3,9	-1,6
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар (экономикалық тұрғыдан енжар (әрекетсіз) халық), мың адам	3569,4	3715,9	3867,4	3855,0	3927,3	357,9

Кесте 1 дің деректері бойынша Қазақстан Республикасынан 2017 жылы 8585,2 мың халқы жұмыспен қамтылған, оның ішінде 6485,9 мың адам жалдамалы қызметкерлер, ал өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлер 2099,2 мың адам. Жұмыссыздар соны 2013 жылы 470,7 мың адам болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 442,3 мың адамға дейін азайды, демек ауытқуы – 28,4 мың адам болды.

Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар (экономикалық тұрғыдан енжар (әрекетсіз) халық) 2013 жылы 3569,4 мың адам болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 3927,3 мың адамға дейін көбейді, демек ауытқуы – 357,9 мың адам болды[2].

Сонымен қатар мемлекет жұмыс күшінің ұсынысын азайту үшін иммиграцияны (шетел азаматтарының келуі) шектеу, шетел жұмысшыларының репатриациясын (отанына қайту) ынталандыру, жұмыс күнінің, аптасының ұзақтығын қысқарту, жұмыс орнына жастарды алуға көңіл бөлу және зейнеткерлік жасына жеткен мемлекеттік қызметкерлерді құрметті демалысқа шығару сияқты жұмыспен қамту саясатын жүргізеді. Мемлекет қосымша жұмыс орындарын жасау үшін қаржы бөлу арқылы жұмыс бағдарламасын жүзеге асырады, сөйтіп жұмыссыздықтан мейлінше жапа шеккен, бірінші кезекте жастар мен үнемі жұмыссыз болатындарға жәрдем көрсетеді.

Шет елдерден заңсыз кірген мигранттар Қазақстан Республикасының еңбек нарығының тұрақсыздануына әсер етеді, сондықтан мемлекет осы мәселеге көңіл аударуға тиісті. Бірінші кезекте елімізде жұмыс жасайтын фирмалар Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмысқа тарту жөнінде қамқорлық жасап және олардың еңбек ақысын шет ел компаниялары шет елдік қызметкерлермен тең ұстауын үкімет ұдайы қадағалау керек.

Қазақстанда еңбектің көлеңкелі нарығы бар екені де белгілі. Кәсіпкерлердің ішінде салықтарын азайтып, пайдаларын көбейту ниетімен жұмысшыларды жалдағанда еңбек келісім-шартын жасамай, олардан табыс салығын ұстамай, зейнеткерлік қорға төлемдер аудармай, еңбек ақысын толық төлемейтіндері бар.

Нарықтық қатынастары дамыған көп елдерде еңбек нарығы әр түрлі топтардағы адамдарды, әсіресе жастарды жұмыспен қамтудың жеке шараларын жүзеге асырады. Ол үшін арнайы бағдарламалар қабылданып іске асырылады. Осы мақсатта кәсіпкерлердің қатысуымен жастар үшін жалақы шығындары бөлінеді және олардың кәсіптік мамандыққа дайындайтын шығындарды мемлекет толық өз мойнына алады.

Жұмыссыздықтың салдары қандай болады және ол қоғамға несімен қауіпті:

Адам еңбегі дегеніміз капитал сияқты жинап қоюға келмейтін айрықша ресурс. Жоғалған жұмыс уақытын орынына келтіру мүмкін емес, сондықтан жұмыссыздық салдарынан шығарылмаған тауар мен көрсетілмеген қызметтің орыны өтелмейді.

Егер адам жұмысынан айырылса, сөйтіп жалақысыз қалса, ол қалайда күнкөріс көзін іздейді. Бұл жағдайда мемлекет жұмыссызға жағдай жасауды өз мойнына алады. Алайда жұмыссыз адам ешнәрсе шығармайды, демек елдің әл-ауқаты да жоғарыламайды.

Жұмыссыздар санының көбеюі тауар мен қызметке сұранысты азайтады. Халықтың табысының азаюы сұраныстың азаюының бір себебі екендігін ілгеріде көрдік. Тауарға сұраныстың азаюы өз кезегінде өндірістің кемуіне және жұмыссыздықтың одан әрі өршуіне жол ашады, себебі өндірістің кемуі жұмыс орындарының қысқарып, жалақының кемуіне әкелетін жолдың басы. Сөйтіп қоғам өзі құрған тұзаққа өзі түседі.

Елдегі жұмыссыздық саяси жағдайдың шиеленісуін өршітіп жібере алады, себебі әбден ашынған халық, жұмыстың, ақшаның жоқтығы діңкелеткен адамдар үкімет өзгерсе жағдайымыз жақсара ма деген үмітпен қандай да бір ереуілге, шеруге, төңкеріске қатысуға даяр тұрады.

Жұмыссыздық, әсіресе жастар арасында, қылмыс тамырланатын ұя, себебі күнкөріс көзін таба алмаған кісі оның басқа жолдарын, көбінесе қылмыспен пайда табу жолдарын іздестіруге көшеді.

Қазір еңбек биржасында, жұмыс күшіне сұраныс мен ұсыныс туралы мағлұматтар банкісі болуы қажет. Осы бағытта өнеркәсібі дамыған Батыс елдерінің тәжірибесін қолдануға болады. АҚШ – та, мысалы, аймақтық және жергілікті деңгейде жұмыс күшінің электронды банкілері құрылған. Онда жұмысқа орналасқан кезде жоғары сапалы консультациялық көмек көрсетіледі. Нәтижесінде барлық мамандық топтарындағы жұмыссыздардың 40 пайызы бір айдың ішінде жұмысқа орналасады. Сондай – ақ жұмыссыздарды қаржыландырудың жаңа бағдарламасы енгізілген. Әсіресе, Вашингтон штатында федералдық үкімет тиісті білім, жұмыс тәжірибесі бар және өз ісінің маманы болғысы келген 400 жұмыссызға белгілі бір уақытқа дейін мүмкіндік беріп, алдын ала жәрдемақы төлейді. Мұның өзі, олардың жұмыс жобасының экономикалық дәлелі бар, әдейі курстарды өткен, сондай – ақ жаңа істі консультант көмегімен бастаған жұмыссыздарға беріледі.

Қазақстан Республикасының «Жұмыспен қамту- 2020» бағдарламасына сәйкес, жұмыстан босап қалып, жұмыссыз деп тіркелген азаматтарға, бұрынғы жұмыс орнындағы негізгі жалақысының 50 % - дан кем емес мөлшердегі, бірақ республикада қалыптасқан орташа жалақы мөлшерінен жоғары және өмір сүру минимумінен төмен болмайтын жәрдем ақша беруге кепілдік береді [3].

Ол төлем республикадағы қалыптасқан жағдайға байланысты және күн көру деңгейімен төмен болмауы қажет. Салыстыру үшін жұмыссыздық бойынша ақы мөлшерін келтірейік: АҚШ – да жалақының 50 % - ын құрайды, Жапонияда жұмыссыздардың жас ерекшелігі мен басқада көрсеткіштеріне байланысты 3 – 12 айдың жалақысының - 60 – 80 % құрады, Францияда – 1 – 2,5 жылдағы жалақының 42 % - ын құрап, қосымша күніне 40 франк төленеді, ал 3 жыл бойы ерекше ақы төленеді. Ұлыбританияда 52 апта бойы 28,5 фунт стерлинг төлейді. Жұмыс істейтіндердің жалақысынан шегеріліп, сол жиналған сомалардан арнайы қорлар құрылады.

Нарықтық экономикасы дамыған көптеген елдерде еңбек нарығындағы әр түрлі категориядағы адамдарға дифференциялды түрде қарау көзделген. Әсіресе жастарға. Осы мақсатта жастар арасындағы жұмыссыздықпен күресу үшін арнайы бағдарлама жасалып, ол өмірге ендірілді. Бұл бағдарламада кәсіпкерлердің қатысуымен жастар үшін жұмыс орнын құру шараларына ерекше орын берілген, кәсіпкер жалақыны төлеу шығындарын қаржыландырса, мемлекет кәсіби дайындықта жұмсалатын шығындарды өз мойнына алады.

Еңбек нарығы және халықты жұмыспен қамту саласындағы үрдістер әрқашан әлеуметтік – экономикалық даму аспектісінің орталық мәселелері болып табылады. Өйткені елдің тұрақты дамуы тікелей тұрақты жұмыспен қамтылу және еңбек нарығы саласындағы әртүрлі қолайсыз жағдайлардың алдын алумен байланысты.

Еліміздегі нарықтық экономикаға әсер ететін қаржылық және экономикалық тұтқалардың, нарықтық инфрақұрылымның жетілдірілуі көптеген әлеуметтік мәселелерді, әсіресе еңбек және жұмыспен қамтылу саласындағы мәселелерді өте маңызды ете түсті.

Жаңадан қалыптасып келе жатқан Қазақстандық еңбек нарығы аймақтық еңбек нарықтарының қарама – қайшылықтарын бойына жинақтаған. Сондықтан да жұмыс күші мен еңбек нарығын саралау үшін және сол негізде макродеңгейде біртұтас стратегия құру үшін облыстардағы жұмыспен қамту мәселесіне толық талдау жасау қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шәденов Ө.Қ, Байжомартов Ү.С, Жүнісов Б.А, және өзгелер ” Жаппы экономикалық теория” Алматы – Ақтөбе 2017 ж.
2. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі Агенттігі www.stat.gov.kz
3. Қазақстан Республикасының «Жұмыспен қамту- 2020» бағдарламасы // www.zakon.kz.

ПРОБЛЕМЫ ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ И БЕЗРАБОТИЦЫ

Сұлтан Л. Е., Толебаева Б.Т., Хеммон Р.Б.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: Безработица является одной из самых больших проблем в мире. Её можно разделить на несколько типов. Безработица оказывает воздействие на социальную сферу и экономику. Увеличение числа безработных снижает жизненный уровень населения и спрос на товары и услуги.

Ключевые слова: безработица, экономический кризис, состояние, рынок труда, фрикцион, циклическая безработица, занятое население.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҰРУ САПАСЫ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЕРПІНІ

Толебаева Б.Т., Байдешева Г.М., Хеммон Р.Б.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Халықтың өмір сүру деңгейі – бұл халықтың әл-ауқатының, игіліктер мен қызметтерді тұтыну деңгейі, адамдардың негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру шамасын сипаттайтын жағдайлар мен көрсеткіштер жиынтығы. Қазақстан Республикасында халықтың өмір сүру сапасы деңгейінің серпіні талданған.

Негізгі сөздер: Халықтың өмір сүру деңгейі, атаулы табыстар, нақты ақшалай табыс, табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен халықтың үлесі, халықтың өмір сүру сапасы.

Елбасымыздың биылғы халыққа жолдауында бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келетінін және ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек екендігіне баса назар аударып отыр. Сондықтан мемлекетіміз үшін халықтың өмір сүру деңгейін одан әрі жоғарылату маңызды болып саналады [1].

Халықтың өмір сүру деңгейі – бұл халықтың әл-ауқатының, игіліктер мен қызметтерді тұтыну деңгейі, адамдардың негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру шамасын сипаттайтын жағдайлар мен көрсеткіштер жиынтығы.

Басқа сөзбен айтқанда, өмір сүру деңгейі қоғамда тұратын адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру мен даму дәрежесі, ол әр түрлі игіліктерді тұтынумен немесе тұтыну жиынтығының пайда деңгейімен анықталады.

Өмір сүру сапасы адамның қажеттіліктерінің құрылымын және оларды қанағаттандыру мүмкіндігін сипаттайтын ең маңызды әлеуметтік санат.

Кейбір зерттеушілер «өмір сапасы» тұжырымдамасын анықтауда экономикалық жағынан, халық өмірінің материалдық қауіпсіздігіне баса назар аударады.

Өмір сүру сапасы ең интеграцияланған әлеуметтік көрсеткіш болып табылатын қарсы көзқарас бар.

Халықтың өмір сүру сапасы - адамның материалдық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі.

Өмір сүру деңгейі түсінігін анықтауда кең таралған көзқарас бұл халықтың табысы. Ресми статистикалық материалдарда, әсіресе статистика агенттігінің жинақтарында, өмір сүру деңгейіне табыстарды, жалақыны, зейнетақыны, әлеуметтік жәрдемақыны және трансферттерді қосатын барлық рубрикалар жатады.

Қазақстан Республикасының статистикасында пайдаланылатын көрсеткіштердің бірі - халықтың ақшалай табысы (сыйақы, зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы және басқа да әлеуметтік трансферттер қолма-қол ақшамен, ауылшаруашылық өнімдерін сатудан, депозиттер бойынша, бағалы қағаздар, дивидендтер түрінде, жеке кәсіпкерлік қызметтен шетел валютасын сатудан түскен табыс, сондай-ақ сақтандыру төлемдері, несиелер және басқа түсімдер) болып табылады.

Қазақстандықтардың табысы 2017 жылы өмір сүру бағасының өсу қарқынынан баяу болды. 2017 жылдың аяғында қазақстандықтардың нақты ақшалай табыстары өткен жылғы деңгейден 2,5 пайызға төмендеді. Сонымен қатар ағымдағы жылдың ақпан айымен салыстырғанда наурыз айында халық табысының сатып алу қабілеті дереу 4,8% -ға жақсарды.

2017 жылы атаулы табыстарға қатысты жағдай өткен жылдарағыдан әлдеқайда жақсы және оны төмендегі кестеден көруге болады[2].

Кесте 1 Қазақстан Республикасының тұрмыс деңгейінің көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017	Ауытқу деңгейі 2017-2013
Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары, тг.	56 453	62 271	67 321	76 575	80226	+23 773
Атаулы ақшалай табыстар индексі, өткен жылға пайызбен	112,9	108,9	110,3	108,1	113,7	0,8
Нақты ақшалай табыстар индексі, өткен жылға пайызбен	102,9	103,4	101,4	99,3	97,5	-5,4
Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы, тг.	17 789	19 068	19 647	21 612	23 783	+5 994
Ең төменгі жалақы, теңге	18660	19966	21364	22859	28 284	+9 624

Қазақстандағы өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштері ресми статистика мәліметінше орташа деңгейде. Адамның өмір сапасы үнемі жоғарылауы қажет. Адам өзі өмір сүру сапасын жақсартуға ұмтылады - ол білім алады, жұмысқа орналасады, мансап сатысын көтеруге ұмтылады және қоғамда танылу үшін бар күш-жігерін салады.

Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы да соңғы бес жылдың ішінде 5 994 теңгеге артқан.

Қазақстан Республикасында өмір сүру деңгейі елдегі тұтынушылық белсенділіктің өсуі және экономикадағы іскерлік ахуалдың қолайлы болғаны байқалады.

2017 жылдың соңында қазақстандықтардың атаулы табысы 2016 жылдың қорытындысында көрсеткіштен қарағанда 13,7 пайызға көп.

2017 жылы атаулы табыс мөлшері біршама өсті және ол соңғы 5 жылдың қорытындысымен салыстырғанда 23 773 теңгеге артып отыр.

Ресми статистика бойынша Қазақстан Республикасында өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштері өзгеріп келеді.

Сонымен, халықтың нақты табыстары көбінесе халықтың өмір сүру деңгейінің, оның материалдық және рухани қажеттілігін қанағаттандырудың қорытынды көрсеткіші ретінде қарастырылады. Халықтың нақты ақшалай табысының индексі кесте 2 де қарастырылған [2].

Халықтың нақты ақшалай табысының деңгейі - өмір сүру деңгейінің басты көрсеткіштерінің бірі. Кесте 2 деректері көрсеткендей Қазақстанда халықтың нақты ақшалай табысының деңгейі 2015 -2016 жылда күрт төмендеген.

Кесте 2 Халықтың нақты ақшалай табысының индексі, өткен жылға % бен


	2012	2013	2014	2015	2016
Қазақстан Республикасы	107,5	102,9	103,4	101,4	99,3
Ақмола	108,8	100,0	104,4	100,8	101,8
Ақтөбе	112,6	102,2	103,5	95,7	94,5
Алматы	109,8	105,0	103,2	106,7	98,3
Атырау	102,7	96,4	106,4	92,3	101,4
Батыс Қазақстан	108,0	99,6	103,3	97,5	105,9
Жамбыл	106,3	99,4	101,7	101,9	98,2
Қарағанды	106,0	101,9	99,3	98,2	95,3
Қостанай	116,9	103,2	101,9	100,7	105,3
Қызылорда	99,9	100,4	100,8	92,3	99,6
Маңғыстау	109,0	103,1	112,3	91,6	95,3
Оңтүстік Қазақстан	111,9	101,5	96,3	96,8	104,8
Павлодар	109,3	103,6	101,3	98,0	103,4
Солтүстік Қазақстан	105,4	102,5	100,5	100,7	102,0
Шығыс Қазақстан	109,0	104,6	100,6	96,8	102,4
Астана қ.	104,9	103,7	110,3	108,6	84,6
Алматы қ.	107,5	103,5	103,8	100,0	96,6

Ақтөбе облысында халықтың нақты ақшалай табысының деңгейі 2015 жылы алдағы жылмен салыстырғанда 95,7 %, 2016 жылы 94,5 болған, Атырау облысында тиісінше 92,3 % және 101,4 %, Маңғыстау облысында тиісінше 91,6 % және 95,3 %, Батыс Қазақстан облысында тиісінше 97,5 % және 105,7 %, Қарағанды облысында тиісінше 98,2 % және 95,3 %, Қызылорда облысында тиісінше 92,3 % және 99,6 %, Оңтүстік Қазақстан облысында тиісінше 96,8% және 104,8 %, Павлодар облысында тиісінше 98,0 % және 103,4 %, Шығыс Қазақстан облысында тиісінше 96,8% және 102,4 % болған.

Астана қаласында халықтың нақты ақшалай табысының деңгейі 2016 жылы алдағы жылмен салыстырғанда 84,6 %, ал Алматы қаласында халықтың нақты ақшалай табысының деңгейі 2016 жылы алдағы жылмен салыстырғанда 96,6 % болған.


Осы деректер Қазақстан Республикасында өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштері, соның ішінде халықтың нақты ақшалай табысының деңгейі 2016 жылы алдағы жылмен салыстырғанда өспегенін, керісінше төмендегенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында халықтың нақты ақшалай табысының индексі сурет 1 де келтірілген.



Сурет 1 Қазақстан Республикасында халықтың нақты ақшалай табысының индексі, өткен жылға % бен [2]


Қазақстан Республикасында халықтың нақты ақшалай табысының индексі жылдан жылға азайып келе жатқанын сурет 1 ден айқын көруге болады. Табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен халықтың үлесі сурет 2 де келтірілген.



Сурет 2 Табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен халықтың үлесі [2]

Табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен халықтың үлесі жылдан жылға төмендеп келе жатқанын сурет 2 деректері анық көрсетуде. 2017 жылдың 4 тоқсанында үй шаруашылықтарын зерттеу деректері бойынша табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен халықтың үлесі 2,6% құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңінен 0,1 п.т. жоғары. Кедейліктің тереңдігі мен өткірлігі көрсеткіштерінің мәні – сәйкесінше 0,4 және 0,1 пайызды құрады. Статистикалық ақпараттардың деректері бойынша 2017 жылдың қорытындысы көрсеткендей табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен халықтың ең көп үлесі Оңтүстік Қазақстан (4,8%), Жамбыл облыстарында (3,8%) байқалады, ең төмен үлесі - Астана (0,8%), және Алматы қалаларында (0,9%).

Кедейлік деңгейінің серпіні сурет 3 те келтірілген.



Сурет 3 Кедейлік деңгейінің серпіні [2]

Ауылдық және қалалық жерлердегі табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен халықтың үлесінің айтарлықтай саралануы бұрынғыдай сақталады. Есепті кезеңде ауылдық жердегі көрсеткіштің мәні қалалық жердегі көрсеткішке қарағанда 3,2 п.т. артты және 4,4% құрады. Кедейлік деңгейі төмендеп келеді. Қазақстандағы өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштерін талдау оның соңғы жылдарда елеулі жоғарыламағанын айқындады. Адамның өмір сапасы үнемі жоғарылауы қажет. Адам өзі өмір сүру сапасын жақсартуға ұмтылады - ол

білім алады, жұмысқа орналасады, мансап сатысын көтеруге ұмтылады және қоғамда танылу үшін бар күш-жігерін салады.

Әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2018 жыл, 10 қаңтар.

[http: // www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz).

УДК 06.52.13

ДИНАМИКА УРОВНЯ КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Толбаева Б.Т., Байдешева Г.М., Хеммон Р.Б.

Западно Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: Уровень жизни населения представляет собой уровень благосостояния, степень удовлетворения основных материальных и духовных потребностей людей в товарах и услугах, он базируется на объеме реальных доходов на душу населения и соответствующем объеме потребления. Проведен анализ динамики уровня качества жизни населения в Республике Казахстан.

Ключевые слова: уровень жизни населения, номинальный доход, реальный денежный доход, доля населения с доходами ниже прожиточного минимума, качество жизни населения.

УДК 06.71.05

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ТАБИҒИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Толбаева Б.Т., Усманова Р.К., Хеммон Р.Б.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Тұрғын үй нарығының дамуының табиғи экономикалық жағдайлары, құрылыс индустриясының дамуы, тұрғын үй салуды және сатып алуды қаржыландыру көздері талданған.

Негізгі сөздер: тұрғын үй нарығы, тұрғын үйге сұраныс, тұрғын үй ұсынысы, жылжымайтын мүлік нарығы, қол жетімді тұрғын үй, құрылыс индустриясының дамуы.

Қазақстан Республикасының табиғи-экономикалық жағдайларының ерекшелігі орталық, шығыс, сол түстік, батыс Қазақстанда климат қатал континентальды, мұнда ауа температурасы қыста 40 градус аяздан, жазда 40 градус ыстыққа дейін ауытқиды. Тек оң түстік Қазақстанда ғана салыстырмалы жұмсақ климат орын алған. Осы жағдай тұрғын үй құрылысын салудың және қыста үйлерді жылытудың қымбаттығына соқтырады. Қазақстанның аумағының кеңдігі товарларды тасымалдауда және біртұтас нарық қалыптастыруды қиындатады.

Тұрғын үй нарығының қазіргі жағдайын және оның инфрақұрылымын талдау тұрғын үй нарығының тиімді қызмет істеуі тұрғын үй ұсынысы жеткілікті болса және тұрғын халықтың төлемге қабілетті сұранысы болса қамтамасыздандырылатынын көрсетті.

Урбанизацияның өсуіне, демографиялық жағдайдың жақсаруына және тұрғын халықтың миграциясының күшеюіне байланысты тұрғын үйге деген сұраныстың көбеюі байқалады.

Кесте 1 Қазақстан Республикасының әлеуметтік- демографиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Кезең басына халық саны, мың адам	16673,9	16910,2	17160,9	17415,7	17669,9	18137,3
Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі, млрд. теңге	2266,8	2 439, 4	2 667, 2	2 896, 9	3 258, 0	3 480,9
Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индексі	103,1	103,5	104,6	105,8	107,4	101,9
Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы, мың шаршы метрі	6742	6 844	7 516	8 940	10 513	11 168

Ақпарат көзі: ҚР ҰЭМ СК [1]


ҚР статистика жөніндегі Агентствосының деректері бойынша Қазақстан халқының саны 2017 жылда 2012 жылмен салыстырғанда 8,8 % өсіп 18137,3 мың адамға жеткен, оның ішінде қала тұрғын халқының саны 10392,7 мың адам (57,3%), ауыл тұрғын халқының саны 7 744,6,5 мың адам (42,7%).

Қазақстан тұрғын үй жылжымайтын мүлігінің нарығында да өзге елдердің тұрғын үй нарығындағыдай ұдайы өсіп келе жатқан сұраныс тән және ол тез арада қанағаттандырылмайтыны анық. Өз азаматтарын тұрғын үймен толық мөлшерде қанағаттандырған мемлекеттер аз.

Қазақстанда адамның тұрғын үймен қамтамасыздандырылу көрсеткіші дамыған елдермен салыстырғанда екі еседен артық төмен. Тұрғын халықтың тұрғын үймен қамтамасыздандырылу деңгейі бойынша елдің тұрақтылығы деңгейі жөнінде қортынды жасауға болады. Тұрғын үй қорының жағдайы, тұрғын үй-коммунальдық қызмет көрсету сапасы және тұрғын үй нарығының дамығандығы елдің инвестициялық климатына елеулі әсер етеді. Тұрғын үй нарығының қазіргі жағдайын және оның инфрақұрылымын талдау тұрғын үй нарығының тиімді қызмет істеуі тұрғын үй ұсынысы жеткілікті болса және тұрғын халықтың төлемге қабілетті сұранысы болса қамтамасыздандырылатынын көрсетті.

Тұрғын үй ұсынысы жаңа құрылыс немесе тұрғын үйді екінші нарықта сату есебінен ғана өсе алады. Тұрғын үйдің бастапқы нарығы жаңа салынған тұрғын үй ғимараттарын сатуға ұсынады.

Қазақстан Республикасында 2012-2016 жылдарда тұрғын ғимараттарды іске қосу сурет 1 де келтірілген.



Сурет 1 Қазақстанда тұрғын ғимараттарды іске қосу көлемі


Қазақстан Республикасында 1991 жылы тұрғын ғимраттарды іске қосу 6,1 млн. шаршы метр көлемінде болған. Жоспарлы экономика кезінде ҚР тұрғын үй құрылысы негізінен мемлекет қаржылары және мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылары есебінен салынып және тұрғын халыққа ақысыз, совет үкіметінің атқарушы органдарында тұрған кезегіне сәйкес немесе кәсіпорын өзінің қызметкерлері үшін үй салатын болса, кәсіпорында тұрған кезегіне сәйкес берілетін.

Бірақ жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту жылдарында ҚР тұрғын ғимраттарды іске қосу 1991 жылғы 6,1 млн. шаршы метрден 1999 жылы 1,1 млн. шаршы метрге дейін құлдырады және осындай түпке жетіп қайта көтеріле бастады 2000 жылы ол 1,2 млн. шаршы метрге жетті. 2005 жылы ҚР тұрғын ғимраттарды іске қосу 4,9 млн. шаршы метр құрады, 2010 жылы тұрғын ғимраттарды іске қосу 6,4 млн. шаршы метр құрады.

Сурет 2 деректері айғақ болғандай 2012 жылы тұрғын ғимраттарды іске қосу 5,7 млн. шаршы метр, 2013 жылы тұрғын ғимраттарды іске қосу 6,8 млн. шаршы метр, 2014 жылы тұрғын ғимраттарды іске қосу 7,5 млн. шаршы метр, 2015 жылы тұрғын ғимраттарды іске қосу 8,9 млн. шаршы метр құрады, ал 2016 жылы тұрғын ғимраттарды іске қосу 10,5 млн. шаршы метрге жетті.

ҚР тұрғын ғимраттарды іске қосудың бұрынғы деңгейіне Совет одағының тарағаннан кейін 22 жылдан кейін ғана жетіп жығылды және өсе бастады. Соңғы жылдарда тұрғын үй ұсынысы көбейді.

ҚР пайдалануға берілген тұрғын үй ғимраттардың жалпы алаңының нақты көлем индексі сурет 2 де келтірілген.



Сурет 2 ҚР пайдалануға берілген тұрғын үй ғимраттардың жалпы алаңының нақты көлем индексі

Ақпарат көзі: ҚР ҰЭМ СК [1]

Сурет 2 де көрсетілгендей 2012 жылы ҚР тұрғын ғимраттарды іске қосу өсе бастады және ол 1991 жылмен салыстырғанда 2013 жылы 111,5 %, 2014 жылы 122,9 % , 2015 жылы 145,9 % , ал 2016 жылы 172,1 % құрады. Соңғы бес жылда Қазақстанда тұрғын үй құрылыс индустриясының потенциалының өсуі басталды.

Қазақстанда тұрғын үй құрылыс индустриясының потенциалының өсуінде елдің аймақтары бойынша жіктелуі байқалады. Қазіргі кезде тұрғын үйдің бастапқы нарығы елдің барлық аймақтарында қалыптастырылған жоқ.

Қазақстан Республикасында құрылыс жұмыстарының нақты көлемдерінің индекстері 2012 жылы Жамбыл облысында (168,4%), Қостанай облысында (128,6%), Павлодар облысында (124,5%), Ақтөбе облысында (124,0%) ең жоғары болған.


2013 жылы бұл көрсеткіш Қарағанды облысында (155,2%), Ақтөбе облысында (142,7%) жоғары болған.

Астана қаласында бұл көрсеткіш 2014 жылы 136,4% ға жеткен.

Атырау облысында құрылыс жұмыстарының нақты көлемдерінің индекстері 2015 жылы (153,9%), 2016 жылы (142,2%) болған.

Батыс Қазақстан облысында құрылыс жұмыстарының нақты көлемдерінің индекстері 2012 жылы 81,7%, 2013 жылы 108,2 %, 2014 жылы 124,9 %, 2015 жылы 114,3%, 2016 жылы 107,4% болды.

Қазақстан Республикасында құрылыс жұмыстарының нақты көлемдерінің индекстері сурет 3 те келтірілген.



Сурет 3 Қазақстан Республикасында құрылыс жұмыстарының нақты көлемдерінің индекстері
Ақпарат көзі: ҚР ҰЭМ СК [1]

Оңтүстік Қазақстан облысында құрылыс жұмыстарының нақты көлемдерінің индекстері 2012 жылы 121,8 %, 2013 жылы 100,9 %, 2014 жылы 100,7 %, 2015 жылы 101,5%, 2016 жылы 103,8% болды.


Солтүстік Қазақстан облысында құрылыс жұмыстарының нақты көлемдерінің индекстері 2012 жылы 120,9 %, 2013 жылы 121,1 %, 2014 жылы 104,7 %, 2015 жылы 138,1%, 2016 жылы 102,6 % болды.

Шығыс Қазақстан облысында құрылыс жұмыстарының нақты көлемдерінің индекстері 2012 жылы 118,4 %, 2013 жылы 112,6 %, 2014 жылы 104,9 %, 2015 жылы 107,2%, 2016 жылы 137,9% болды.

Қазақстан Республикасында орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге сурет 4 те келтірілген.

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде: «Тәуелсіздік жылдары ішінде 130 миллион шаршы метр тұрғын үй салынып, миллион екі жүз мың отбасы қамтамасыз етілді. 2017 жылы рекордтық 11,2 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 100 мыңнан астам отбасы жаңа пәтер алды.

Қазір тұрғын үй құрылысында мемлекеттік емес қорлардың қаржылары басым олардың үлесі 84% -ы құрайды. 1 бюджеттік теңгеге қоса 5,4 теңге жеке инвестиция тартылды. Үлкен тұрғын үй құрылысы құрылыс индустриясының дамуына мультипликативтік әсерін тигізді. Құрылыс материалдарының өндіріс көлемі 440 миллиард теңгеден асты.», - деді. [2]



Сурет 4 ҚР орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі
Ақпарат көзі: ҚР ҰЭМ СК [1]

Қазақстан Республикасында орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге сурет 5 те келтірілгендей ең кең көлемде Астана қаласында (573 млрд, теңге – 2016 жылы) және Атырау облысында (575 млрд, теңге), Алматы қаласында (291 млрд, теңге) және Шығыс Қазақстан облысында (230 млрд, теңге) болған. Қазақстан Республикасында орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі ең аз болған Солтүстік Қазақстан облысы (58 млрд теңге) болып тұр.

Тұрғын үй тұрғын халықтың басым көпшілігіне қол жетімді болу үшін тұрғын халықты жұмыспен қамтып, табыстарын көбейтуге, жинақ жинауға, халықтың әл- ауқатын көтеруге жағдай жасау қажет. Сонда адамдар өздеріне ылайық баспананы сатып алып, немесе жалға алып, қауіп-қатерсіз өмір сүреді.

Әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы. www.stat.gov.kz

Сағынтаев Б. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі 09.02.2018 <https://primeminister.kz>

ПРИРОДНО -ЭКОНОМИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ ЖИЛИЩНОГО РЫНКА

Толебаева Б.Т., Усманова Р.К., Хеммон Р.Б.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: Проведен анализ природно - экономических условий развития рынка жилья, развития строительной отрасли, источников финансирования жилищного строительства.

Ключевые слова: рынок жилья, спрос на жилье, предложение жилья, рынок недвижимости, доступное жилье, развитие строительной отрасли.

НАВЫКИ ЭФФЕКТИВНОЙ ПРЕЗЕНТАЦИИ ПРИ АНАЛИЗЕ ФИНАНСОВЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ

Тулугалиева Ж. К., Джумашева Г. Г.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: Актуальность проблемы обучения навыкам и умениям эффективной презентации финансовых показателей, рассматриваются технологии подготовки и проведения презентации, основные этапы и правила организации и структурирования материала, корректное использование визуализации, выбор коммуникационных каналов, методы устранения типичных ошибок и формы эффективной самооценки.

Ключевые слова: эффективная презентация, макро - и микроорганизация финансовые показатели, публичное выступление, анкетирование, профессиональная коммуникация.

Современные подходы к предоставлению финансовой информации ориентируют не только на развитие у будущих специалистов компетенций в понимании специфических текстов, но и формирование профессиональных компетенций, а именно:

- активные коммуникации и информационно-аналитическую деятельность,
- активное информирование профессионального сообщества о результатах собственной научной и финансово-аналитической деятельности,
- публичную речь, ведение дискуссий и полемики.

Решать данные задачи невозможно без обучения навыкам устной коммуникации.

Презентации (лат. praesentatio) это «публичное представление чего-либо нового, недавно появившегося, опубликованного, созданного, как способ наглядного представления информации с использованием аудиовизуальных средств».

В соответствии с требованием времени проведение презентаций стало неотъемлемой частью профессиональной деятельности.

Р. Дилтс в книге «НЛП: навыки эффективной презентации» выделяет четыре основные цели презентации в отношении других людей:

1. сообщить информацию,
2. развлечь,
3. научить,
4. создать мотивацию.

Сообщить информацию – это значит дать людям ключевую информацию в виде когнитивной карты.

Научная действительности, большинство презентаций преследуют одновременно несколько целей. В вузе особое внимание должно уделяться презентациям, проводимым в целях обучения и представления информации. ить – означает связать знания или информацию с релевантным, референтным опытом и поведением [1].

В настоящее время существует много данных о том, как подготовить и провести презентацию, в частности, в интернет-ресурсах, однако, как показывает практика, студенты и специалисты не всегда способны самостоятельно изучить и освоить этот материал.

Формированию компетенций по эффективной презентации необходимо уделять особое внимание. Прежде чем приступить к обучению презентации учебного/научного материала, есть необходимость в проведении анкетирования по следующим вопросам:

Что Вы знаете о презентации? С какой целью она проводится? Для кого?

2) Какие особенности имеет текст презентации по сравнению с письменным текстом (учебник, научная статья)?

3) Каким образом следует предъявлять материал?

4) Каковы основные этапы, временные рамки презентации?

5) Какую роль играет визуализация?

6) Расскажите о вашем личном опыте проведения презентации.

7) В чём, на ваш взгляд, состоит наибольшая трудность в проведении презентации (отбор информации, составление текста сообщения, структурирование выступления, выступление, использование визуальных средств)?

Результаты анкетирования позволяют выявить уровень компетентности в соответствии с этим выстроить курс обучения.

Первым шагом является обучение так называемой «макроорганизации», в рамках которой происходит осознание и постановка цели, задачи, разработка плана, составление введения и заключения. Вторым шагом является обучение «микроорганизации», к которой относится обучение языковой культуре презентации, а именно: структурам – сигналам, связкам, переходам от одной части текста к другой [2].

Микро - и макроорганизация презентации относятся к этапу подготовки презентации. На этом этапе важно обучить основным правилам организации и структурирования материала и регламентации времени каждой её стадии. Например, если презентация продолжается 30 минут, то оптимальный регламент следующий: введение занимает 3 минуты, основная часть – 15 минут, заключение – 2/3 минуты, вопросы/ответы - 8/10 минут.

Ведущий презентации должен уметь отбирать и организовывать представляемый материал и использовать оптимальные средства, помогающие донести его до слушателя, учитывать особенности аудитории. Известный представитель мирового бизнеса сэр Ричард Брэнсон говорил: «Успех в делах всецело зависит от того, можете ли вы эффективно донести свои мысли и планы до других».

Компания разработала программу «сокращения персонала без увольнения» во время экономического спада. Она избегала принудительного увольнения. «IBM» использовала различные компенсационные выплаты и оказывала помощь при подборе нового места работы, в том числе и на других предприятиях фирмы. Применялось также материальное стимулирование добровольного увольнения и досрочного выхода на пенсию. Программа проводилась в 37 странах. Стоимость этих программ не превышала затрат, связанных с увольнением работников на фирмах сравнимых с «IBM». В результате проведения этой программы численность персонала уменьшилась, но нежелательной атмосферы общего страха удалось избежать.

Создание загородного клуба, политика открытых дверей, обязательность проведения собраний и ежемесячный опрос персонала, быстрое продвижение по службе, выдвижение на руководящие должности своих сотрудников, ротация на одном месте не более 2-3 лет (правило трёхгодичной ротации линейных менеджеров в штаб-квартиру) всё это привело к тому, что компания является лидером на мировом рынке компьютеров, благодаря эффективной работе персонала [1].

Введена в эксплуатацию внутрифирменная электронная сеть связи, включающая телестудию. Действует система непрерывного обучения. Примерно 5% годового рабочего времени уходит на обучение. Результаты обучения могут привести к служебному росту и повышению зарплаты или премии. Разработана система премирования в зависимости от результатов производственной деятельности. Раз в 2 года проводится доверительный опрос персонала об их отношении к фирме и руководителю.

Для руководителей кадровой службы организован двух недельный курс занятий по управлению персоналом. Его прохождению предшествует опрос каждого руководителя и его подчинённых о стиле его руководства. Кадровая политика направлена на сохранение целостности фирмы. Распространён дистанционный метод работы (аналог гибкого времени), означающий предоставление персоналу возможности работать вне помещения фирмы. А также предоставляется работникам право работать на дому, используя гибкий график работы. Работают программы социальной помощи работникам и членам их семей, финансовой поддержки работников, участвующих в различных общественных и культурных программах. Социальная политика способствует росту производительности труда.

Понимание того, что квалификация работников и их желание работать становится главной производительной силой и движущим началом производства, повлекло за собой переориентацию стратегии управления крупнейших фирм на мотивацию труда, получению больших знаний, умения, трудовых навыков, предприимчивости персонала.

Обязательным условием выживания фирмы в условиях стремительного роста научно-технического прогресса, считают в транснациональной корпорации «Моторола», является повышение квалификации сотрудников. В связи с этим фирма с 1991г. взяла на себя обязательство предоставлять каждому сотруднику не менее 5 учебных дней в году и к 2001г. сотрудники будут заняты на рабочих местах только 10 месяцев в году. Один месяц будет посвящён получению новых знаний и навыков, а другой - отдыху.

Классическим примером применения американской школы управления и мотивации персонала является известная американская компания «Макдональдс». В ней используются следующие принципы управления:

- формирование жесткой иерархической структуры кадров - никакого двоевластия, у каждого подчиненного один начальник;

- четкие должностные инструкции, в которых до мелочей описано, каковы обязанности каждого работника и как он должен их правильно выполнять;

- хорошо организованная система контроля качества изготавливаемой продукции, принцип сдачи с первого раза;

- строго почасовая система оплаты труда, наказание за опоздание и выговоры за приход раньше времени (в этом случае придется заплатить больше - согласно отработанному времени). Действует принцип «точно и вовремя», системы работы персонала отлажена и не предусматривает никаких вольностей;

- формирование атмосферы равенства и единства (совместные обеды, равные ставки для работников одинаковых должностей, отсутствие дискриминации);

- возможности карьерного роста, открытые перспективы;

- высокая степень ответственности начальства за подчиненных.

Основной секрет успеха «Макдоналдс» – это способ, при помощи которого достигается однородность рабочей системы и преданность этой системе, без принесения в жертву американского индивидуализма и разнообразия [2].

Особенностями американского менеджмента являются:

- во-первых, американская деловитость, то есть умение вести дело, предприимчивость в работе, поэтому закономерно, что именно в американском менеджменте была сформулирована и реализована в самых различных проявлениях концепция управления по целям. Пожалуй, американцы одни из немногих, кто действительно ценят время и деньги. Они не тратят рабочее

время напрасно и умеют экономить деньги. Еще одним важным признаком американской деловитости выступает единство слова и дела;

во-вторых, компетентность персонала, которой уделяется значительное внимание. Все фирмы стремятся сделать теоретические знания их сотрудников производительными, то есть наиболее эффективно реализовать на практике. Американские компании практикуют различные системы подготовки и повышения квалификации персонала, создают консультативные фирмы, открывают школы управления, факультеты при высших учебных заведениях. Такие школы занимаются подготовкой специалистов различных направлений, но основное место в данной индустрии отводится консультативным фирмам. Эти заведения занимаются диагностикой протекания процессов управления на разных уровнях, систематизируют и популяризируют практику совершенствования управления.

Кроме того, в американских компаниях практикуется повышение квалификации как с отрывом от производства, так и в рамках данной компании. Наконец, важным принципом, который обеспечивает лидирующее положение американских фирм в мировой экономике, - комплексный контроль качества.

Развитие менеджмента в Европе – заслуга сразу нескольких государств. Лучшие принципы управления людьми, разработанные в каждой стране, положены в основу современной европейской модели менеджмента. Такие имена, как Макс Вебер, Андре и Эдуард Мишлен, Ричард Фэлк, Мюрдаль заняли свои законные места в истории науки об управлении людьми.

Рассмотрим европейский опыт менеджмента на примере Германии. Значительные результаты, достигнутые экономикой страны, свидетельствуют об эффективности системы организации и управления.

Главными целями менеджмента в Германии является получение максимальной прибыли и обеспечение выплаты акционерам дивидендов.

Управление предприятиями организовано таким образом, что наряду с четкими экономическими отношениями всех уровней существует, и жесткая административная подчиненность нижних уровней управления верхним, строгий спрос за выполнение плана. Усилия менеджеров направлены на обеспечение выживаемости компаний на рынке за счет создания условий по производству конкурентоспособной продукции. Стилем работы аппарата управления является метод убеждения подчиненных вышестоящим руководством. Такой стиль сформировался исходя из соображений, что при этом обеспечивается наибольшая отдача в работе.

В практике работы широко используется проведение регулярных дискуссий по различным проблемам (плану, итогам работы, рынку, перспективам развития, инвестиционным программам и др.). Как правило, не практикуется издание приказов и других директивных документов. Чаще указания носят форму совета, рекомендации. Однако если рекомендации подчиненными не выполняются, то решается вопрос о соответствии подчиненного занимаемой должности. На предприятиях создаются производственные советы, которые избираются представителями трудового коллектива. Производственные советы представляют интересы трудящихся перед администрацией предприятия. Без разрешения производственного совета не допускаются сверхурочные работы.

Решение о закрытии малорентабельных производств принимаются руководством предприятия только после консультации с производственным советом.

Менеджеры несут ответственность за получение прибыли и имеют надбавки в зависимости от нее. Если на участке работы, руководимым менеджером, не получена прибыль, то надбавка не выплачивается. При этом критически анализируется деятельность соответствующих структурных подразделений, намечаются меры по выправлению положения. Если эти меры не приводят к увеличению прибыли, то менеджер, ответственный за данный участок работы, заменяется.

Работа с кадрами является одной из главных функций менеджмента в Германии. Задачи

кадровых служб предприятий кроме подбора кадров включают: обучение персонала, повышение его квалификации, охрану труда, организацию оплаты труда, обеспечение старости и другие вопросы социальной политики.

Фирма «Siemens AG» (Германия) является одной из старейших промышленных компаний мира (основана в 1847 г. изобретателями Дж. Халске и В. фон Сименс) и относится к числу лидеров по производству радиоэлектронной и радиотехнической техники.

Матричная структура управления, применяемая на фирме, обеспечивает определённый контроль над деятельностью каждого департамента (их всего 17), как со стороны продуктовых, так и со стороны региональных управляющих, отчитывающихся перед центральным управлением.

Создана система моральных и материальных стимулов качественной работы в противовес администрированию.

Развита система обучения и повышения квалификации. Ежегодно из расходов на обучение 81% тратится на профессиональную подготовку промышленно производственного персонала. Действующая система повышения квалификации является бесплатной и доступной, не только для всего персонала, но и для лучших студентов отраслевых учебных заведений.

В Европейских странах также большое внимание уделяется повышению квалификации сотрудников, но в отличие от американского менеджмента, где лидерами в этой области являются крупные компании, наилучшие предпосылки для повышения квалификации имеются на малых и средних предприятиях. Акцент делается в основном на самообразование, а не на семинары и курсы во внешних учебных заведениях.

Во Франции применяется программа обучения «Challenge +», имеющая целью развитие и создание в стране новых предприятий инновационного направления. Программа поддерживается государством.

В понятие европейской модели включают совокупность общих черт менеджмента Германии, Франции, Испании, Швеции, Швейцарии, Финляндии, Нидерландов и других стран Европы. Вопрос поведения людей в коллективе сыграл немалую роль в развитии менеджмента в Европе. Человек социальный интересовал европейских менеджеров гораздо больше, чем человек индивидуальный. Денежное вознаграждение, по мнению основоположников менеджмента в Европе, не единственный фактор, мотивирующий человека к работе. Усилия во многих случаях определяются психологическими мотивами человека, от которых зависит его поведение[3].

Япония является крупнейшим в мире производителем легковых автомобилей, доминирует в производстве почти всех категорий массовых полупроводниковых микросхем, признана самой конкурентоспособной страной в мире. Эти и другие успехи во многом обусловлены высоким уровнем менеджмента, основателем которого были Мацусита, Исизака, Хонда, Морита, Ибука и другие. Японский менеджмент ориентируется на коллективную форму организации труда. Практикуется групповая ответственность, при которой все члены коллектива участвуют в принятии управленческих решений и несут равную ответственность за их реализацию. Из всего выше сказанного можно сделать вывод, что серьезный прогресс на всех японских предприятиях во многом обеспечен кадровой политикой.

Список литературы:

Маслова, В. М. Управление персоналом. Учебник и практикум / В.М. Маслова. - М.: Юрайт, 2015. - 508 с.

Коноваленко, В. А. Психология управления персоналом. Учебник / В.А. Коноваленко, М.Ю. Коноваленко, А.А. Соломатин. - М.: Юрайт, 2014. - 478 с.

Исаева, О. М. Управление человеческими ресурсами. Учебник и практикум / О.М. Исаева, Е.А. Припорова. - М.: Юрайт, 2016. - 246 с.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДА ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ПАЙДАЛАНУ

Шукуров Н.С., Мансурова М.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: мақалада американдық, еуропалық және жапондық персоналды басқару жүйесі танымал шетелдік фирмалардың мысалында қарастырылады.

Негізгі сөздер: менеджмент, персоналды басқару, оқыту жүйесі, қызметкерлердің біліктілігі.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 159.928.235

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТ ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕРДЕГІ КӨРІНІСІ

Аймағанбетова А.Б., Кинжекова Р.С.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада студенттердің шығармашылық қабілеттерін зерттеген психологиялық әдебиеттерге талдау жасалған. Шығармашылық қабілет ұғымына кіретін түсініктерге теориялық тұрғыдан анықтама берілген. Шығармашылық қабілеттің құрылымы, даму шарты, заңдылықтары тұжырымдалған.

Негізгі сөздер: Шығармашылық, қабілет, даралық, дарындылық, таным, ақиқат, жеке тұлға, психологиялық критерилер.

Шығармашылық – студенттің өз даралығын түсінгенде орын алады. Өзінің осы бір ерекшелігі арқылы ол қайталанбайтын сонылықтың, ізденудің қуанышына бөленеді, жаңалыққа ұмтылыс жасау арқылы өзінің ішкі дүниесін жаңғыртуға қадамдар жасайды. Жан-жүйесіне жаңалық енген студентте білімдегі үздіксіздікті, толассыздықты қажетсіну жоғарылайды. Бұл білім көтеру арқылы жүзеге асады десек, маманның білім көтеру әрекеті – ол үшін арнайы ұйымдастырылған, кәсіби ізденіске ынталандыратын, соның нәтижесінде өзін басқаларға танытып ісінен қанағат табуына көмектесетін үрдіс. Тек сонда ғана студенттің ішкі мүмкіндіктері ашыла түсіп, шығармашылық қабілет жаңа сапалық деңгейге көтеріледі.

Шығармашылық қабілет жайлы жалпы түсінік П.К.Энгельмейрдің еңбектерінде беріледі. Бұл сапаны автор адамның өміріндегі даму фазаларының бірі, табиғаттың шығармашылығы ретінде қарастырады. Оның еңбектеріндегі негізгі идея адамның дарындылығы, шығармашылық үрдістің кезеңдері, шығармашылық қабілеттің жүзеге асуының құштарлық, ерік, дағды сияқты құрамдастарынан түзелетіндігіне арналады. П.К.Энгельмейр шығармашылықтың жалпы теориясы ретінде «эврилогия» ұғымын енгізді [1].

Біз зерттеп отырған шығармашылық қабілет Д.Б.Богоявленская, А.В.Брушлинский, А.Я.Пономарев, т.б. ғалымдар еңбектерінде шығармашылық қабілеттердің дамуы, тұлғаның интеллектуалдық әрекеті аясында қарастырылады. Олар шығармашылықтың заңдылықтары, шарттары, даму барысы жайлы мәселе көтеріп, бұл сапаның құрылысы танымдық қабілеттердің процессуалдық сипаттамаларының түзелетіндігіне тоқталады.

Жоғарыдағы авторлар зерттеулерінде шығармашылықтың қабілеттің құрылымы мына төмендегі құрамалардың жиынтығы түрінде көрсетеді:

а) жеке психикалық үрдістер, нышандар, қабілеттерден тұратын өзіндік қабілет;

ә) сенімдер, тұлғаның ішкі күштерін қозғайтын қажеттіліктері, құндылық бағдарлары, мотивтерінен құралатын әлеуметтік-психологиялық қондырғы;

б) оқу барысында, шығармашылық әрекеттерге қатысу және әлеуметтену арқылы алынған білім, білік, дағды түрінде көрінетін когнитивті құрамасы;

Шығармашылық психология ғылым ретінде XIX-XX ғасырлар тоғысуында пайда болып, «жаңалық ашу» деген мәнге ие болды. Бұл мағынаны бізді қоршаған органикалық және органикалық емес өмірдің барлық саласында қолдануға болады. Өйткені өмірдегі кез-келген өзгерістер, жаңарулар-шығармашылық күштердің өнімі. Психологиялық әдебиеттерде олардың төмендегідей негізгі белгілермен сипатталатындығы көрсетіледі:

кез-келген жаңа өнім кездейсоқ немесе әртүрлі варианттар сынап көру нәтижесінде алынатындықтан, өнімнің жаңалығы оны жасаудағы үрдістің (жаңа әдіс, тәсіл, қимыл-әрекет) жаңашылдығынан тұрады;

шығармашылық үрдіс мәселені қарапайым логикалық алгоритм негізінде шешу мүмкін болмаған жағдайда орын алады, нағыз шығармашылық акт жағдайында мәселенің шарты мен оны шешу аралығындағы логикалық «қамал» алынады, ал оған интуиция мен иррационалдық бастау қатысады;

шығармашылық – үрдіс ретінде үнемі соны, өйткені жаңа құралдар, жаңа тәсілдер, әрекеттің жаңа бағдарламалары қолданылады; шығармашылықта әртүрлі жүйелердің элементтерінен жаңа пайдалы өнім алу жүзеге асады;

шығармашылық – таныммен, ақиқаттың сәулеленуі, оның дамуы мен қызмет ету заңдарымен тікелей байланысты, өйткені сәулелену шығармашылықтың базасы мен негізі; шығармашылық кезінде адам өзінің білімін кеңейтеді, тереңдетеді сондықтан ақиқат дүниені тану формасы ретінде танылады;

шығармашылық – мәселені, қалыптан тыс жағдайларды көру мен шешу үрдісі, ал кез-келген мәселе негізінде қарама-қайшылықтың шешімін табу жатыр сондықтан шығармашылықтың мәні ретінде осы ерекшелігіне көңіл бөлінуі керек;

шығармашылық – адам әрекетінің ең жоғарғы түрі, оның тұрмысының тәсілі, өзіндік әрекетінің, өзін-өзі дамытуының, өзін-өзі танытуының формасы;

шығармашылық – рухани және материалдық құндылықтардың бірлігі. Бұған студенттің күнділікті әрекеті тұрғысынан қарасақ, рухани шығармашылық бағдарлама, жоспар, жоба, модель ойлау үрдісінде туады, ал оны практикаға айналдыру – материалдық шығармашылыққа жатады;

шығармашылық – ойлаудың маңызды психологиялық критерийі, шығармашылықтың шешімі – эмоционалдық көтеріңкі көңіл-күйдің не күйзелістің айқын байқалуы.

Адамның шығармашыл болуы мәселесі барлық уақыттарда гуманитарлық ғылымдардың, әсіресе психологияның өзекті мәселесі болып келеді. Дегенмен қазіргідей әр адамның өз тағдыры мен кәсіби және жеке бағыттағы жетістіктері үшін өз жауапкершілігі артып отырған уақытта ішкі резервтерді көздеу, тәжірибе мен білімді тиімді қолдана білу үшін бұл мәселені зерттеу, талдау ғана емес дамытудың маңыздылығы арта түседі.

Тұлғаның шығармашылық сияқты аса маңызды сапасы сонымен қатар көптеген шетелдік психолог-зерттеушілердің назарын аударған олардың қатарына Дж.Гильфорд, А.Маслоу, К.Роджерс, Т.Торенс, Э.Фромм, т.б. енеді. Аталған авторлардың еңбектерін саралай отырып, мәселені зерттеушілерді негізінен екі топқа бөлуге болады: алғашқылардың пікірлері романтикалық көзқарасқа негізделсе, екіншілері шығармашылық феноменнің тұлғалық даралық деңгейде қарастырады. Біздің ойымызша қазіргі білімдік практика үшін соңғы топтағы зерттеулердің маңызы зор. Сондықтан жұмысымызды осы аталған ғалымдар еңбектерінде келтірілетін ой-пікірлерді сабақтау арқылы жалғастырамыз.

Қабілеттер мәселесін зерттеген Б.М.Теплов шығармашылықты тұлғаның белгілі бір әрекетті (немесе бірнеше әрекетті) табысты орындаудың шарты болып табылатын жеке психологиялық ерекшеліктері ретінде қарастырады. Автор жалпы және арнайы қабілеттердің болатындығын атап өте отырып, олардың жоғары деңгейлеріндегі көріністерінде қарай «бір биіктегі тұлға» (бір салада қабілетті), «екі биіктіктегі тұлға» (екі немесе бірнеше салада қабілеті бар адамдар) деген атаулар береді. Қабілеттерін пайда болуы, типтері, даму заңдылықтары мен диагностикалау мәселесін көтереді [2].

Осы тұрғыда Н.С.Лейтес, Б.М.Тепловтың жүргізген зерттеулеріндегі қабілеттер деген білімнің, біліктің өзі емес, оны тез меңгерудің ішкі шарттары деген көзқарасы мен келісе отырып, оған өзінің дені сау баланың оқи алмауы, оқу әрекетімен айналасуға қабілетсіз болуы мүмкін емес деген пікірін қосады. Қабілеттіліктің жоғарғы деңгейі дарындылық жайлы мәселесін қозғай отырып Н.С.Лейтес оны белгілі бір әрекетте табысты болуға мүмкіндік беретін адам қасиеттерінің интеграциясы деген көзқарас білдіреді [3].

Шығармашылықты жалпытұлғалық қасиет деп қарастыру көптеген психологиялық зерттеулерде көрініс тапқан. Солардың бірінің авторы Ю.З.Гильбух шығармашыл тұлғаның қасиеттерін құрамына саналылықтың әртүрлі деңгейінде қалыптасатын шығармашылыққа бағыт алу, шығармашылық ойлаудың дамығандығы, одан өзге белсенді танымдық әрекет, елес, тұрақты зейін, дамыған оперативті жад, оқи алудың негізгі біліктерін меңгеруді жатқызады [4].

Шығармашылық мәселесімен ғылыми тұрғыда айналысқан ғалымдар шығармашыл тұлғаның ерекшеліктерін айқындауға көп мән берген. Солардың бірі – Я.А.Пономарев шығармашыл тұлғаның мына төмендегідей ерекшеліктеріне басаназараударады: перцептикалық ерекшеліктер – зейіннің ширауы, сезімталдық, интуиция, зор қиял, ойлап таба білушілік, болжай алушылық, жан-жақты білімділік, шаблонды қабылдамау, сонылық, бастамашылдық, табандылық, өзін-өзі ұйымдастыра алу, еңбекке қабілет. Ғалым шығармашыл тұлға шығармашылықта мақсатқа жеткеннен гөрі, шығармашылық әрекеттің жүру барысынан қанағат алады деп есептейді [5].

Шығармашыл тұлға А.Н.Луктың айтуынша – тәуекелшіл адам. Онда идея көп болады және оны жария етуден жасқанбайды. Оның – өзінің, кейде тіпті негізсіз болып көрінетін, батыл ойларынан да қорытынды жасауға әзір кісі деген пікірімен келіспеуге болмайды [6].

Шығармашылықты дамыту үшін белгілі бір жағдайлар мен шарттардың қажеттілігі жайлы ойды В.Э.Чудновский жалғастыра отырып, шығармашылық қабілеттің дамуы үшін ашық пікір білдіру болатын, еркін атмосфераның болуы, сондай-ақ тұлғаның өзіндік бағасын арнайы педагогикалық әдістермен толықтырып отыру қажеттілігіне тоқталады [7]. Ғалым тұлғаның шығармашылық қабілеттері интеллектуалдық әлеуметтік, практикалық сияқты әртүрлі салада болуы мүмкіндігін айтады.

Психологиялық зерттеулерде «шығармашылық» және «креативтілік» ұғымдары синоним ретінде қолданылған кездер болды. «Креативтілік» ұғымының латын тілінен аудармасы «жасап шығару» дегенді білдіреді. Былайша түсіндіру шығармашылықпен сәйкес келеді. Дегенмен соңғы уақыттарда «креативтілік» ұғымының мазмұны белгілі бір дәрежеде өзгерістерге ұшырады деуге болады. Оған өткен ғасырдың 30-40 жылдарында бұл ұғымның «жасырын күш», «жасап шығаруға қабілеттілік» ретінде қарастырылуы себеп болды. Ал 50-60 жылдары шығармашылық ойлауға байланысты зерттеулер аясында «креативтілікке» шығармашылық әрекетке қажетті идеяларды таба алу, ойлаудың икемділігі сияқты интеллектуалдық қабілеттің ерекше типі деген мән берілді.

Тұлғалық бағдарлы психология өкілі К.Роджерс шығармашылықты «креативтілік» ұғымымен бірлікте білдірген. Оның пікірінше креативтілік адамның қоршаған әлеммен байланысындағы шектеулерді жеңіп шығу үшін өзінің ішкі психологиялық әлемін зерттеу [8]. Оның осы пікірін әрі қарай тарқата отырып, қызы Н.Роджерс «шығармашылық әрекет біздің өмірлік қуатымыз, оны бір рет сезінген адам онсыз өмір сүре алмайтындай болады. Креативтілік – біздің мәніміз, біздің өміршеңдігіміз», - деген [9].

Солардың көшбасшысы жеке тұлғаның дамуы мәселесінде байыпты пікір айтып, теория

тұжырымдаған Л.С.Выготский. Ол даму үрдісін адамның психикалық функцияларының жетілуімен жоғары деңгейге көтерілуімен байланыстырады. Оқыту мен дамудың арасындағы тығыз байланыс барын уағыздай отырып ғалым, дамуды қамтамасыз ететін оқыту теориясын алғаш ұсынды. Автор дамуды оқумен тең немесе оқу мен даму екі бөлек үрдіс деген пікірлерді сынға ала отырып, ең алғаш тұлғаның дамуының «аймақтары» жөнінде теория жасады.

ЖОО-дағы студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін психологиялық тұрғыдан талдау аясында адам дамуының интеллектуалдық, тұлғалық, әрекеттік сияқты негізгі бағыттарын бөліп қарастыруды жөн деп есептейміз. Талдау жұмыстары олардың өзара байланысты екенін, бірақ ұқсас, бірдей еместігін көрсетеді. Бұл жайлы А.В.Петровский тұлға мен психиканың дамуымен ұқсас емес тек бірлесе алатындығы жайлы пікір айтады.

«Тұлға» – ертеден келе жатқан ұғым. Тұлға дербес әрекет ететін субъект, адамның қоғамдық өмірінің дара нысанасы. Ол әлеуметтік тіршілік ету әдісі жағынан дара болады, оның мәні индивидтің өзіндік ерекшелігінде, оның өзіндік дүниесі ерекше өмір жолын белгілейді. Тұлға – қоғамдағы адамның даму дәрежесіне байланысты оның психикасында болатын жаңа сапа екендігіне А.Н.Леонтьев тоқталады [10].

Тұлға – әлеуметтік қатынастармен саналы іс-әрекетті жүзеге асырушы, нақты қоғам мүшесі, өзін басқалардан ажырата білетін, өзінкім екендігін түсінетін, есі кірген ересек кісі деген сипаттамаға лайық деп есептейді академик Т.Тәжібаев [11].

Тұлға – өзінің ұстанымы, өмірге деген өз көзқарасы, саналы еңбек нәтижесінде қалыптасқан дүниетанымы бар адам. Мұндай адам өз ортасынан оқ бойы озық отырады. Оның өзіндік ойлауы, сезімдері, ерік-жігері, жинақылық пен ішкі құмарлығы жоғары болады. Тұлғаның тереңдігі оның басқа адамдармен, ортамен байланысының тереңдігін қамтамасыз етеді. Сонымен тұлға – жай ғана адам емес, даралық сапалары, нышандары, қабілеттері дамыған, ізденгіш, ойлап табу үшін белсенді ізденуші адам. Тек ұзақ уақытқа созылған өзін-өзі дамыту арқылы қалыптасқан жеке адам ғана осылайша аталуға құқық алатындығын С.Л.Рубинштейн атап өтеді.

Әдебиеттер тізімі:

- Энгельмейер П.К. Теория творчества. СПб. 1971. – 178 с.
Теплов Б.М. Способности и одаренность. - М.: Просвещение, 1958. – 215 с.
Лейтес Н.С. Умственные способности и возраст. М.: Знание, 1971. – 101 с.
Гильбух Ю.З. Внимание: одаренные дети. -М.: 1991. – 80 с.
Пономарев Я.А. Психология творчества и педагогика. М.: Педагогика, 1976. – 280 с.
Лук А.Н. Мышление и творчество. М.: Изд. Политической литературы, 1976. – 128 с.
Чудновский В.З. Одаренность: дар или испытание? -М.: Знание, 1990. – 80 с.
Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. - М.: Прогресс, 1994. – 94 с.
Роджерс Н. Творчество как усиление себя. // Вопросы психологии. – 1990. - №1. – С. 164-168.
Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. -М.: Наука, 1997. – 325 с.
Тәжібаев Т. Жалпы психология. Алматы: Қазақ университеті., 1989. – 225 с.

ОСВЕЩЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ СТУДЕНТОВ В ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аймағанбетова А.Б., Кинжекова Р.С.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: В статье рассматривается проблема исследования творческих способностей студентов в психологической литературе. Проведен теоретический анализ понятия творческих способностей. Рассмотрены закономерности и условия развития и структура творческих способностей.

Ключевые слова: творческие способности, индивидуальность, одаренность, познание, личность.

ӘОЖ 373. 2.01

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бегимгужина Л.С., Ахметов М.Г.

Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты тәрбиеге баулу, дене тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны қарастырылған.

Негізгі сөздер: Дене тәрбиесі, денсаулық, салауатты өмір салты, мектепке дейінгі кезең, оқыту және тәрбиелеу, рухани және физикалық даму, шынықтыру.

Өскелең ұрпақтың бүгінгі таңдағы жағдайы еліміздің тұрғындарының денсаулығы мен жарқын болашақтағы олардың еңбек әлеуетін дамытуда басты роль атқарады.

Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап осы ұстанымды басшылыққа алып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев дәстүрлі халыққа арналған Жолдауында Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын, алтын сүрлеу десе болады. «Саулық байлық негізі» - деп айтқандай, әрбір адам салауатты өмір салты мен өмір сүру үшін аурудың алдын алу және болдырмау.

Дұрыс тамақтану, қоршаған ортаны жақсарту туралы, сонымен дене тәрбиесімен айналысу керек. Денсаулық әлеуметтік байлықтың негізі, сондықтан оны сақтап, нығайтуға барлық жағдайлар жасалуы қажет [1].

Бүгінде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаны таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу.

Адамның ақыл-ой интелектісін оның білімділік деңгейінен байқауға болады. Білім – ақыл-ойдың бастапқы түрткісі және негізгі құралы, әрі көрсеткіші болғандықтан, әрбір адам салауатты өмір сүру үшін біріншіден ақыл-ойын жетілдіру керек; екіншіден материалдық

жағдайын түзеуі тиіс, ол үшін адал еңбек етуі қажет. Балаларды жеке және қоғамдық гигиеналық дағдыларына тәрбиелеу - олардың денсаулықтарын қорғауда тұрмыстық, қоғамдық мінез-құлықтарының дұрыс қалыптасуында маңызды орыналады.

Салауатты өмір салтын жастардың бойында қалыптастыру мемлекетіміздің «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің негізі ретінде атап көрсетілген. Онда ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамдарды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау жолдары белгіленген.

Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін - өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл, рухани байлығы мол тұлғаны қалыптастыру [2].

Сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастыру мен ел тұрғындарының ауруын ескерту және денсаулығын нығайтуға байланысты «Қазақстанның-2030 жылға дейінгі даму стратегиясымен» анықталған басты міндеттерді жүзеге асыру үшін ҚР Үкіметінің «Салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану концепциясы», «Салауатты өмір салты кешенді бағдарламасы», «ҚР медициналық профилактика мен салауатты өмір салтын қалыптастыруды жетілдіру бойынша іс-шаралар туралы» бұйрығы, «Республикада денсаулықты нығайтудың аудандық (қалалық) орталықтарын құру туралы», «Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша мамандар дайындау туралы» құжаттар қабылданған болатын.

Демек қазір еліміздегі әлемдік жаһандану жағдайында, жалпы қоғам, отбасы, мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің алдында балалардың салауатты өмір сүру дағдысына бейімдеу шараларын жетілдіру жұмыстары мен талаптары жүзеге асырылуда.

БҰҰ-ның Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша денсаулық дегеніміз – адамның дене бітімінің кемістігінің жоқтығы мен аурулардың болмауы ғана емес, оның физикалық, рухани және әлеуметтік жағдайының сәтті болуы.

Салауатты өмір салты (СӨС) – бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Өмірде адамның өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ал салауатты өмір салты өмір сүру барысында мақсатты түрде қалыптасады. Қазіргі мәліметтер бойынша денсаулық 53-55%-ға салауатты өмір салтына тәуелді болады екен. Бұдан салауатты өмір салтын ұстанудың қаншалықты маңызды екендігі айқын.....

Мектеп жасына дейінгі балаларды дене тәрбиесіне тәрбиелеу міндеттеріне – денсаулықты сақтау және нығайту, дамып келе жатқан организмді жетілдіру, қозғаушы біліктері мен дағдыларын, денелік сапаларын, мәдени-гигиеналық дағдыларын, дене тәрбиесі мен саналы өмір салтына тұрақты оң эмоционалды көзқарас қалыптастыру енеді [3].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарлама «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 14 баптарына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленіп қазіргі таңда жүзеге асырылуда.

Аталған бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы.

Бағдарламаның міндеттері: баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене, зияткерлік,

коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру.

Бағдарламада баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді. Әр саладағы («Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») күтілетін нәтижелер сабақтардағы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы беріледі. Бағдарламаның мазмұны балалардың дене және психологиялық дамуының белгілі бір жас кезеңдерін қамтиды [4].

Мәселен «Денсаулық» білім беру саласының мазмұнында дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде балалардың денсаулығын нығайту; мәдени-гигиеналық ережелерді орындау біліміне үйрету, жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын игерту, салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі кезең – бала ағзасының өте қарқынды дамиды кезеңі екенін білеміз. Яғни осы жас шамадағы баланың ағзасының барлық жүйке жүйелері мен дене мүшелерінің, жүйкелік - психикалық дамуы қалыптаса түскен кезі болып саналады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру ең алдымен, мақсатты ұйымдастырылған оқыту және тәрбие үдерістері арқылы жүзеге асырылады. Заманауи педагогикада оқыту үдерісі баланы білуге ынталандыру және өзара бірлестікке сәйкес ептілік пен дағдыға үйрету, тәрбиелеу ретінде қарастырылады.

Ғылыми мәліметтерге сүйенсек, қазіргі балалардың денсаулық жағдайына орай, білім берудің денсаулық сақтау парадигмасын жүзеге асыру қажеттігін көрсетеді. Денсаулық сақтау мен білім беру жүйесі білім беру мекемелерінде баланың денсаулығын сақтау, қорғау және нығайтуды қамтамасыз ететін қолайлы денсаулық сақтау ортасын құруды талап етеді.

Ал баланың оқу мен тәрбиесін денсаулық сақтау тұрғысынан ұйымдастыру дегеніміз - баланың рухани және физикалық сәтті жағдайын қорғауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және санитарлық-гигиеналық негіздеріне сүйенген салауатты өмір салтының принциптерін жүзеге асыру.

Әсіресе баланың өмірін қорғау мен оның денсаулығын нығайту, бала организмінің қызметін жетілдіру, оның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы, жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер мектепке дейінгі ұйымдар мен отбасының бірлескен іс-әрекеті болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың оқыту және тәрбиелеу қызметінде мектеп жасына дейінгі балаларға салауатты өмір салтын қалыптастырудың мақсаты – балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз ету, баланың дамуына қолайлы жағдай жасау, себебі бала денесі тез жетіліп өседі. Мектепке дейінгі шақта бала ағзасы әлсіз, әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұра алмайды, сондықтан оны аурудан сақтап, денсаулығын нығайтуда, қимыл-қозғалыс әрекетін дамытуда, мәдени-гигиеналық дағдылар мен әдеттерді қалыптастыру болып табылады.

Баланың денесін шынықтыруды зерттеген белгілі ғалымдардың бірі Т.И. Осокина «...дене шынықтыруды педагогикалық ықпалмен мақсатты жүргізгенде нақты нәтижеге жетіп, бала денсаулығы нығайып, жалпы шыдамдылығы, жұмыс жасау қабілеті артып, жеке тұлға болып қалыптасып, жан-жақты дамуына әсерін тигізеді деп көрсетеді [5].

Әсіресе мектеп жасына дейінгі балаларға салауатты тәрбиеге баулу дене тәрбиесі негізінде жүзеге асырылады. Оларға мыналар жатады: балалар күтімі және өсуіне қолайлы мәдени-гигиеналық жағдай жасау, дұрыс жасалған күн тәртібі, тамақтандыру, дененің тазалығы, баланың жасына, ауа-райына ыңғайлы киінуі, гимнастика және қимылды ойындар ойнату, ұйқысын ұйымдастыру, серуенге шығару, күнді, ауаны, суды тиімді пайдалану.

Ата - аналар өз тараптарынан мектепке дейінгі ұйыммен бірлестікте балаларының қалыпты дамуына психологиялық тұрғыдан қолдау жасағаны абзал. Мәселен 6 жастан мектепке келгендердің 39%-да құжаттағы жастан биологиялық жасының кешігуі байқалады.

Баланың 6-7 жасқа келгені, оның мектепке психологиялық жетілгендігі мен дайындығын көрсетпейді. Керісінше бұл кезеңде балалардың дамуының ауытқулары мен денсаулық жағдайлары бақылау жасауды талап етеді. Балалардың 90%-ның жұмыс қабілеттілігі төмен болуы себепті оқу сабақтарында енжарлық танытады. Олардың оқуға деген ынта, қызығушылығы төмен, ақыл-ойды жұмсауды қажет ететін тапсырмаларға селқос болып келеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттерінің бірі – балаға қимыл негіздерін үйрету. Балаларды жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу сияқты қимылдарды, сондай ақ оларды мақсатқа бағытталған қимыл жасауға, қажет кезінде қимылды тежеу әрекеттеріне де үйрету көзделеді. Қимылдың тәрбиелік әсері де зор: ойын, гимнастикалық жаттығулар мен еңбек үстінде балалардың кеңістікті бағдарлау, шапшаңдық, дәлдік, ептілік қасиеттері, ұжымдық қарым-қатынастары тәрбиеленеді.

Әсіресе мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті ойын болып табылады. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Сондықтан да алдыңғы кезекте мектепке дейінгі ұйымдардың педагог-тәрбиешілері мен ата-аналар баланың табиғи мүмкіндігі мен қызығушылығын және жас ерекшеліктерін ескеріп, оның рухани және физикалық тұрғыдан еркін дамуына жағдай жасау және оларды қорғау қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдарда денсаулық сақтау іс - шаралары кешенді де, жүйелі жүргізілуі қажет. Сонда ғана жаңа өсіп келе жатқан өскелең ағза сыртқы факторлар әсеріне төтеп бере алатын болады.

Бұл өз кезегінде келесідей мақсатты ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады: оқу сабақтарының бағдарламалық міндеттерге сай жүргізілуі, ертеңгілік жаттығулардың, қимылдық және сюжеттік рольдік ойындардың дұрыс таңдалуы және өткізілуі, дене шынықтыруға арналған ойын-сауық шараларына ата-аналарды тарту және олармен бірлестікте жүргізу, ата-аналармен бірге балалар дәрігерінің қатысуымен дөңгелек үстел өткізу, «Денсаулық» бұрышын жасақтау, пайдалы ақыл- кеңестермен балалар мен ата - аналарды ақпараттандырып саналады.

Қорыта айтқанда қазіргі өмір сүру шартында тұлғаның денсаулық жағдайын сақтау мен қорғау және нығайту, әсіресе мектепке дейінгі жас кезеңінен бастап назарда болғаны абзал.

Әдебиеттер тізімі:

Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030 стратегиясы - ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. – 1997. - <https://kk.m.wikipedia.org>.

Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. - Әділет АҚЖ. - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>.

Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы: Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012.-220 б.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. <http://engime.org/mektepke-dejingi-terbie-men-oitudi-lgilik-ou-bafdarlamasin-bek.html>

Осокина Т.И. Физическая культура в детском саду 3-е изд., перераб.— М.: Просвещение, 1986. — 304 с.

Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» ҚР заңдарында бекітілген. Осы құжаттардың негізінде мектепке дейінгі мекемеде инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың масаты мен міндеттері айқындалды. Мектепке дейінгі кезеңде инклюзивті білім берудің мақсаты: мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық қолдауды іске асыру және инклюзивті білім беруді орындау арқылы тең құқылы тұлға болуға мүмкіндік жасау.

Міндеті:

әлеуметтік бейімделу, тәрбиелеу, білім беру үрдісіне барлық қатысушылармен ерекше сұранысқа ие балалардың жағымды, өзара қарым- қатынасын қалыптастыру;

олардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына жағдай туғызу керек және әлеуметтік тұрғыда дұрыс мінез- құлық қалыптастыру;

мүмкіндігі шектеулі балаларға бөбекжайда қажетті құралдармен қамтамасыз ету;

балалардың денсаулықтарына, жүйке жүйесінің дамуына жүйелік бақылау ұйымдастыру;

баланың даму деңгейіне таңдап алынған бағдарламаның жеткен жетістіктеріне үнемі бақылау жүргізіп отыру;

көңіл – күйі және тұлғалық дамуының кемшіліктеріне, жоғары деңгейдегі түзетулер жасау.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға бірдей білім беру орталықтарына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқы рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды.

Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясына қол қойып, барлық мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасауға міндеттенген. Елімізде инклюзивті білімнің нашар дамуы ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған мемлекеттік білім бағдарламасында сипатталып, оның жоспарлы дамуына әсер ететін қауіп-қатер ретінде елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедек балалардың көбеюі атап көрсетілді және екі кезеңге белгіленген инклюзивті білімді жүзеге асыруға мақсаттары мен міндеттері айқындалды. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде ҚР-да 2015 жылға қарай инклюзивті білім беру мен мүмкіндігі шектеулі балалардың 25% қамту көзделсе, инклюзивтік білім беруге жағдай жасау 30%, 2020 жылға қарай 70% ұлғаяды. Инклюзивті біліммен қамтылған балалар үлесі даму мүмкіндігі шектеулі балалардың 50% құрайтын болады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық түзелуіне, медициналық оңалтуға бала тағдырына жауапты ұстаздар, дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер бірлесіп ата-анамен тығыз байланыста жұмыс атқарғанда ғана, олар өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне жол ашылады.

Ең бастысы мүгедек балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасауымыз керек. Сондықтан арнайы жұмыс тобын құрып, әр баланың қабілет-қарымын анықтап, дұрыс бағыт-бағдар беріп, жарымжан балалардың жастайынан жасық болып өсуіне жол бермеуіміз керек.

Мүмкіншілігі шектеулі балалардың дамытуда тұлғалық қалыптасу мүмкіндіктері айқындалды, мысалы:

- баланың өздігінен күн тәртібін орындауға бейімдеу;
- өз ара жекелеген достық қарым қатынас;
- әр түрлі бағытта қабілеттілікті қалыптастыруға бейімдеу;
- психологиялық, медициналық, педагогикалық бірлестікте жүйелі қадағалау [3].

Ауытқушылығы бар баланың отбасында алғашқы күннен бастап ата-анасының ұнжырғасы түсіп, күйзеліске тап болады. Ата-аналарының қоршаған ортамен қарым-қатынасы үзіледі, қатынас аясы тек туыстары, дәрігер, мұғалімдермен ғана шектеледі. Баланың мінез-құлқы,

тәртібіндегі өзгерістер ата-ананың күткеніндей, ойындағындай болмай, ата-анаға қайғы мен мазасыздық жағдайын әкеледі. Сол себепті отбасындағы өзара қарым-қатынастар бұзылады, әрі қиындыққа тіреледі. Тіпті кей жағдайда отбасының бұзылуына (ажырасуға дейін) әкеледі. Сондықтан мұндай балаларды тәрбиелеуде ата-аналарға тек педагогтардың ғана емес, арнайы мамандардың да көмегі қажет. Арнайы педагогиканың дамуының қазіргі кезеңінде дамуында ауытқуы бар балаларға білім беруге ықпал ету мәселесі өте өзекті орынды алуда. Бұл мәселені шешуде әлеуметтік қызметкерлердің орны ерекше.

Әлеуметтік педагог – арнайы (түзету) білім беру мекемесінің қызметкері, ол барлық институттардың өкілдері (педагог, психолог, дәрігер, әлеуметтік қызметкерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, еңбек ұжымы және ата-аналар) және басқа да қызығушылық танытқан тұлғалармен тығыз қарым-қатынаста болады.

Инклюзивті категорияға жататын балабақша – дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды бірге тәрбиелеу мен оқытуды, ол мектепке дейінгі білім берудің құрамды бөлігі болып саналады.

Педагогикалық ұжым келесі міндеттерді шешеді:

- әр баланың мүдделері мен мұқтаждықтарын анықтау;
- тәрбиелеу мен білім беруді дифференциациялау және жекелендіру ;
- тәрбиелеу мен білім берудің арнайы әдістемелерін, шараларын қолдану;
- тәрбиелеу мен білім беру ортасын ерекше ұйымдастыру;
- баланы тәрбиелеу, білім беру және түзету процестеріне міндетті түрде ата-аналарды қатыстыру;
- барлық мамандар жігерін біріктіріп ерекше мұқтаждықтары бар баланың әр қайсысына арналған біртұтас түзету-білім беру бағдарламасын дайындау;
- қоғамда ерекше мұқтаждықтары бар адамдарға деген толеранттық қатынас орнауына ат салысу;
- білім берудің әртүрлі формаларының коррекциялау бағытталғандығы;
- «біртіндеп» бөлінген білім беру қамтамасыз етіледі;
- ерекше білім алу мұқтаждығы бар бала жұмысының тұрақты ағымдағы бақылау элементтері енгізілген;
- балалардың қажеттіліктеріне сәйкес жеке-дамытушы бағдарламалары мен маршруттары бірінен соң бірі жүзеге асырылады;
- білім берудің сапалы жекелендірілуі қамтамасыз етілген;
- білім беру ортасының ерекше уақыт және кеңістіктегі ұйымдастырылуы қарастырылған;
- ата-аналарды түзету-дамыту жұмысына қатыстыру;
- ата-аналарға және отбасы мүшелеріне олардың балаларының ерекшеліктері және оның тиімді даму шарттары жайында жекеленген кеңес беріледі;
- біріккен ата-аналар және балалар сабақтары;
- белсенділік орталықтары жұмыстарында, экскурсияларда, топ мерекелерінде ата-аналардың қатысуы;
- баламен әріптестік технологияларына, оны тәрбиелеу мен жанұя жағдайында оқыту әдістемелеріне ата-аналарды оқыту;
- консультация пункты және Лекотека мамандары ата-аналарға психологиялық көмек көрсетеді [4].

Әлеуметтік қызметкер мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына оларды дұрыс дамыту және тәрбиелеу мақсатында төмендегідей ұсыныстар береді:

Баланың ерекшелігін дұрыс түсініп, қабылдаңыз.

Балаңызға үнемі шыдамдылық пен сүйіспеншілік танытыңыз.

Әрқашан өз-өзіңізге сенімді болып, балаңызға ішкі жағымсыз қобалжуларыңызды көрсете бермеңіз.

Үй тұрмысына байланысты жұмыстарды балаңызбен бірге атқаруға тырысыңыз.

Баланың өз құрдастарымен жиі қарым-қатынаста болуына ықпал жасаңыз.

Мектеп жасына дейінгі балаларды инклюзивті оқыту идеясының қандай артықшылығы бар?

Артықшылықтың сипаттамасы дамуында ауытқуы бар балалар сегрегация (қалыпты балалардан бөлек ұстау) салдарынан құтылады, оның ішінде «ақыл – есі аз» деген «мөр» тағылудан және қалыпты балалармен шектеулі байланыс әсерінен жағымсыз қарым – қатынастың қалыптасуынан құтылады. Олар басқа балаларға еліктеу арқылы бейімделудің жаңа дағдыларын, сәйкес үлгілерді меңгереді. Олар өз қатарластарының қалыпты ортасына түседі, олармен қарым – қатынас жасайды, жаңа әлеуметтік дағдылар және әлеуметтік қолдау шеңберін игереді [5].

Шынайы өмір тәжірибесіне ие бола отырып, олар ересек өмір сүру жағдайына қажетті дағдыларды алу мүмкіндігіне ие болады. Оларға дамуы қалыпты балалармен достасу мүмкіндігі беріледі.

Дамуында ауытқуы бар балалар отбасы

1. Олар қалыпты даму үстіндегі балалар өмірімен таныс болады.
2. Олар өздерін қоғамның басқа мүшелерінен тым көп оқшауланбағанын сезінуі мүмкін.
3. Олар дамуы қалыпты балалар отбасымен достық қарым – қатынас қалыптасып, ол отбасы қажетті көмек көрсетуі мүмкін.

Дамуы қалыпты балалар отбасы

1. Олар дамуы мүмкіндігі шектеулі балалар отбасымен достық қарым – қатынас қалыптасуы мүмкін. Отбасына қажетті көмек көрсетуі мүмкін.
2. Өз балаларына олардан ерекшеленетін балаларды сол қалпында өз қатарына қабылдауды үйрету мүмкіндігі туады.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру 4 кезеңде жүргізіледі:

Мамандар бөбекжайға қабылданған мүмкіндігі шектеулі балаларға 2 апта мерзімінде жеке бақылау жүргізеді.

Жұмыстың түзетушілік-дамытушылық кезеңі. Мүмкіндігі шектеулі баламен жеке дамыту, түзету жұмыстарын жүргізу.

Жұмыстың мектепке дейінгі білім берушілік кезеңі. Баланың жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, топ тәрбиешілері мектепке оқуға даярлауды қарастырады.

Әлеуметтік тәрбие жұмысы. Әлеуметтік педагог мүмкіндігі шектеулі балалардың үйіне барып, ата-анасымен пікірлесіп отбасының әлеуметтік жағдайын анықтайды[6].

Әдебиеттер тізімі:

Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы.

Бгажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» //Дефектология 2004ж № 5.- 41-43 б.

2011 – 2020 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2010, 18 – маусым.

Кряжева Н.Л. Кот и пес спешит на помощь. Анималотерапия для детей. Ярославль: Академия развития, 2000.- 86с.

Сүлейменова Р.А. Әлеуметтік түзету-педагогикалық қолдау мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялау жолы ретінде. - «Арнаулы білім алуға қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру процесіне енгізу мәселелері» республикалық семинарының материалдары. - Алматы, 22 ақпан, 2002.

СОЦИАЛИЗАЦИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ТРЕБУЮЩИХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ЗНАНИЙ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Жакенова Г., Джонисова Г.К.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: В статье рассматривается проблемы инклюзивного образования детей дошкольного возраста. Определены цель и задачи инклюзивного образования в дошкольном учреждении. Предложены эффективные пути психолого-педагогической коррекции и социализации детей с ограниченными возможностями.

Ключевые слова: инклюзивное образование, специальное образование, социализация, характер, психолог, дефектолог, родители.

УДК 159.928.235

ЭМПАТИЯ КАК ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ КАЧЕСТВО ПСИХОЛОГА.

Қадырғалиева Г.Р., Сапашева К.Х.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Қазақстандағы тәуелсіз мемлекеттің азат ету қозғалысының тарихын зерттеу кезінде әр түрлі әлеуметтік-саяси жүйелердің өзара қарым-қатынасы басты назарға алынады.

Әдебиеттер тізімі:

Вяткин М. Батыр Сырым. - Алматы: Санат, 1998. - 344 б.

Омарбеков Т, Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. - Алматы: «Қазақ университеті», 2004. – 388 б.

Досмұхамедұлы Х. Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат. – Кітапта: Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998.- 384 б.

УДК:94(574)

ИССЛЕДОВАНИЕ ДВИЖЕНИЙ СРЫМА ДАТОВА М.ВЯТКИНОМ

Габулова Д.Н., Құрманалин С.Б.

Западно-Казахстанский инновацино-технологический университет. г.Уральск.

Аннотация: В статье М.П.Вяткиным проанализировано основное содержание восстаний – освобождение от колониального ига. Вывелены недостатки идеологической установки в движении Сырма Датова в борьбе против ханской власти в советской период

Ключевые слова: М.П.Вяткин, монография «Батыр Сырым», история восстания Сырма Датова, Ор, Құрган Елек, «падение России киргиз-кайсаками».

ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ КӨТЕРІЛІСІНІҢ СОВЕТТІК ТАРИХНАМАДА ЗЕРТТЕЛУІ

Жайлы А.Х., Құрманалин С.Б.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада 1836-1838 жылдары патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы Бөкей Ордасында орын алған азаттық көтерілісінің зерттелуі қарастырылған. Көтерілістің басты жетекшісі Исатай Тайманұлы тұлғасы мен күрескер ақын Махамбет Өтемісұлының тарихи орны да тарихнамалық талдаудан өткен. Бұл көтеріліс барлық уақытта тарихшылардың назарынан тыс қалған жоқ, ал мақалада дәл советтік кезеңдегі зерттеушілердің еңбектері ғана қамтылды..

Негізгі сөздер: Исатай Тайманұлы, Халел Досмұхамедұлы еңбектері, отаршылдық бұғауына шыдамай толқыған халықтық, ұлттық көтеріліс.

XX ғ. 20-шы жылдарынан бастап Ресей империясы тарихының кеңестік концепциясы құрылды, мұнда Ресейдің отарлау аймағындағы халықтардың азаттық көтерілістерінің орны мен мән-маңызы революциялық дәуірдің саяси басымдылықтарымен анықталды. Осы кезден бастап тарихи ғылым марксистік теория мен әдістемеге негізделді. Марксизм тарихи білімдердің дамуы жолындағы бастаушы ғана емес, жалғыз жетекші бағыт болып қалыптасты. Кеңестік ғылым қалыптаса бастаған кезеңнің басында алғашқылардың бірі болып М. Н. Покровский өз концепциясын ұсынды, оның мәні «орыс емес халықтардың Ресей империясына кез келген қосылуы «абсолютті зұлымдық» деген формулаға сай келеді, өйткені «Ресей артта қалған монархиялық мемлекет болды және ішкі саясатты агрессивті түрде жүргізді» [1]. Формуланың саяси себебін сол кезде әлі де болса сақталып қалған, революция салдарынан құлауға бет алған ресейлік самодержавиенің көкейкестілігімен оңай түсіндіруге болады.

Исатай Тайманұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық қозғалыс тарихына қалам тартқан белгілі зерттеушілердің ішінде Алаш қайраткері профессор Халел Досмұхамедұлы еңбектерін де көрсетуге тиістіміз. Мәселен, Х.Досмұхамедұлы құрастырып 1925 жылы Ташкентте бастырып шығарған «Исатай-Махамбет» атты кітапта халық намысының алаулай тұтанған отты жылдары, Кіші жүз өлкесі ғана емес, бүкіл қазақ тарихында елеулі із қалдырған ұлттық бас көтеруге қатысты мол дерек алғаш рет топтастырылған болатын. Х.Досмұхамедұлының көлемді алғысөзімен жарық көрген бұл еңбектің күні бүгінге дейін мәнін жоймаған екі тұсы бар: біріншіден, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлының өлең-жырлары осы кітапта тұңғыш рет толық топтастырылып, тасқа басылды, сол арқылы бүгінгі хұрпаққа жетті. Екіншіден, Исатай-Махамбет бастаған бас көтерудің ащы шындығы, яки оның отаршылдық бұғауына шыдамай толқыған халықтық, ұлттық көтеріліс екендігі ашық айтылды [2].

Бұл топтамадағы алғысөз орнына Халел жазған «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» деп аталған мақаланың ғылыми құндылығы сонда, Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысты тұңғыш рет сол кездің өзінде берілген баға мен айтылған ой-байламдары, пікір-тұжырымдары, деректік мол мағлұматтары күні бүгін де өз маңызын жойған жоқ. Автор Қазақстанның батыс бөлігіндегі Кіші жүз қазақтарының ХҮІІІ-ХІХ ғғ. аралығында Ресей патшалығының бодандығына қарсы тәуелсіздік пен бостандық жолындағы жанқиярлық ерлік күрестерінің басты-бастыларына шолу жасай келіп, Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілістің шығуы һәм жеңіліске ұшырауының тарихи себеп-салдарына терең талдау жасаған. Мақалада сонымен бірге қос арысты дүниеге әкелген туған-өскен ортасы, тұқым зәузаты, елдің саяси-әлеуметтік тыныс-тіршілігі жан-жақты баяндалған.

Өкінішке орай, көп жылдар бойы Халел Досмұхамедұлының есімі мен шығармашылық

қызметін «ататпауға» мәжбүр еткен саяи ағымға байланысты жоғарыда аталған еңбектері ғылыми айналысқа түспей келді.

Қазақ ұлтын алдаусыратып, арбау сөз молынан айтылған кешегі кеңестік-тоталитарлық дәуірде большевиктік-таптық идеология тек Халел сынды арыстардың ел үшін еңіреп өткен еңбектерін ғана тұмшалап, халық жадынан өшіруге ұмтылады, сонымен бірге Махамбеттің отты жырларын да қолдан «жуасытып», қиянатқа барып, ұлы ақынның біртуар өлеңдерін қырнап-жөндеп, құбылмалы саяси ағымның ығына бағыттады.

Қазақстан тәуелсіздік алған және Исатай батырдың туғанына 200 жыл толған 1991 жылы Халелдің бұл кітабымен оқырман қауым қайта қауышты. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін сол тәуелсіздік жолындағы ұлы күрестердің бірегейі Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс те бар-жоғы хандық құрылысқа (Жәңгір ханға) бас көтерген «шаруалар қозғалысы» деп түсіндіріліп, насихатталып келгендіктен де бұл бұрмалаушылықтың шындық-ақиқатына көз жеткізуде, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында және күні бүгінге ұлттық сана-сезім мен ұлттық тарихты қалыптастыруда атақты ғалым Х.Досмұхамедұлының аталмыш зерттеуінің ерекше маңызы бар деп білеміз.

Бөкей ордасындағы ауылдық-қауымдық жерлерді ірі орыс помещиктері, хан туыстары мен басқа да ақсүйек топтардың иемденіп алуы, феодалдың озбырлығы, патшаның және Астрахань губернаторының қолдауына арқа сүйеген Жәңгір билігінің бұқара мүддесіне қайшы келуі Х.Досмұхамедұлы еңбегінде көтерілістің себептері ретінде сипатталады. Қазақтың жерін «Жәңгір өзімнің жерім деп түсінді. Қара халықтың жері ханның мүлкі деген пікірді жүргізді... өзіне жақпаған ауылдың, рудың жерін тартып алатын болды... Жәңгірдің заманында Бөкейдің елі көшуді кемітіп, отырықшы бола бастады. Жазы қолайсыз, не қысы қатты жылдары көршілес нудағы елдермен қазақтың арасына күшті жанжалдар пайда болады. Жұт көбейді. Ел жарлы бола бастады. Жәңгір қазақты қорғамады, қорғауға да әлі келмеді. Еділ-Жайық бойындағы казак-орыстар, Теңіз бойындағы байлар қазақтың меншікті жеріне ауыз салды. Қазақтың мойны потрав (мал егінді, шабындықты таптағаны үшін шығынын төлеу), штраф дегеннен босамады. Айналасындағы жерге бай көршілеріне түк (тұяқ) ақы төлеп, қазақ жан сақтайтын болды» - деп автор жер мәселесіндегі ушыққан қайшылықтарды, келеңсіз алым-салық саясаты мен әлеуметтік өмірдегі қолдан жасалған ауыртпалықтарды ашып көрсетеді.

Халел Досмұхамедұлы ой-пікірінің құндылығы сонда, ол – көтеріліс қарсаңындағы Бөкейлік халқының ішкі өмірінің қатпарларына терең үңіледі. Қазақ халқының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық менталитеттің моральдық ауыр соққы алған жайын, өлкедегі саяси-әлеуметтік қайшылықтармен байланыстыра келе, халық көтерілісінің шығу себептерін айшықты баяндап береді.

Х.Досмұхамедұлы тұжырымдары Бөкей ордасындағы басқару жүйесін өзгерту, хандық билеп-төстеу саясатының күшеюі, алым-салықтар көлемінің жылдан-жылға ұлғаюы қазақтар өмірінде дәстүрлі құқықтың әлсіреуіне, шонжар-феодал топтардың билеп-төстеуінің күшеюіне, халықты езіп-жаншудың тереңдей түсуіне алып келгендігін дәлелдей түседі.

Қарауылқожаның бассыздығы, Жәңгір және оны қоршаған феодалдық күштердің халық мүддесімен санаспауы еңбекте әлеуметтік тартысты жылдан-жылға шиеленістерген жәйттер ретінде көрінеді. Халел Досмұхамедұлы көтерілістің барысын, жеңілуін кеңес тарихшысы Г.Сербариновтың еңбектері негізінде жазған. Автордың неғұрлым көңіл аудартатын пікір-талдауларының ішінде, әсіресе, оның көтеріліс көсемі – Исатай Тайманұлының тарихи тұлғасын сипаттаудағы тұжырымдары өте дәйекті де, бағалы, Исатай-Махамбет бастаған көтерілістің тұтас тарихын жазуда аса ескеретін көзқарастар болып табылады.

Халел Досмұхамедұлының «Исатайдың көтерілісі қазаққа қандай пайда, зиян берді, патша өкіметіне қандай ой түсірді» деген сұрауларға берген жауап-пікірлері де көтерілістің тарихи маңызы мен тарихи тағылымдарын танып білуде үлкен көмек екендігі хақ.

Тақырыптың бұдан кейінгі кезеңде зерттелуі С. Д. Асфендияровтың есімімен тығыз байланысты. Ол алғаш рет ежелгі уақыттан бастап 1917 жылға дейінгі қазақ халқының тарихы бойынша толық ғылыми еңбек құрап, бұның ішіне азаттық көтерілістері тақырыбын рет-

ретімен және көтерген мәселесіне қарай енгізді. «Қазақстан тарихы» 1935 жылы жарыққа шықты. Оның жариялануына дереккөздерін негізге ала отырып жасалған тынымсыз еңбек себепкер болды. С. Асфендияров патшалықтың Қазақстандағы отарлау саясатының негізгі бағыттары мен жолдарын қарастырды. Ол далада отарлау билігін орнықтырудың әскери, саяси және экономикалық жолдарын атап көрсетті. Оның ойынша, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына терең өзгерістер алып келген орыс сауда-өнеркәсіптік капиталдың енуіне баса назар аударылды. Патшалық таптық қақтығыстарды күшейтті, оларды бұрынғыдан да кең базаға, атап айтар болсақ, билік етуші тап тарапынан өзіне жақтас адамдарды тартып, отарлық тонау мен қанау базасына дейін жеткізді [3]. Асфендияров отарлауға ұшыраған қоғамның топқа жіктелуін және қазақ қоғамының билік етуші жоғары табымен отарлаушылар мүддесінің бір жерден шығуын көрсетті. Мүдделер ортақтығын ол қазақ еңбекшілерінің қанаудан көрді, осылайша «екіжақты феодалдық қанау» туралы тезис пайда болды. Осылайша, «Қазақстан тарихы» еңбегінде әлеуметтік әркелкіліктің ұлт-азаттық көтерілістер дамуы мен барысына әсер етуі туралы ереженің ресімделуі логикалық түрде аяқталды. Дәл осы тұрғыдан жұмыста 1836-1838 жылдары Бөкей ордасында белең алған көтеріліске сипаттама берілді. Тарихшының ойынша, бұл патшалыққа қарсы бұқаралық бас көтерулер болатын.

Осы көтерілістің тарихын алғаш зерттеген кеңес тарихшыларының бірі А.Ф.Рязанов Исатай ерлігін жоғары бағалап. «Исатай батырдың есімі – халықты азат етуші күрескер ретінде, революционер ретінде қазақ халқының ұлттық ерлерінің қатарына қойылуы керек» [4] – деп жазды.

А. Рязанов Бөкей Ордасындағы Исатай батыр бастаған халық көтерілісінің негізгі экономикалық, әлеуметтік және саяси себептерін Орынбор архивінің құнды деректеріне сүйене отырып, шынайы ашып көрсеткен.

Жәңгір хан жүргізген саяси-экономикалық бағыттағы реформалардың қоғамдық өмірдегі оң әсерлерімен бірге, халықты қайыршылыққа ұшыратқан ауыр зардаптарын да саралай келе автор, «сайып келгенде, сұлтандар аристократиясының саяси және экономикалық жағынан күшеюі, тархандармен старшындардан жаңа ақсүйектер тобының құрылуы және оларға жеке меншік жер бөлініп берілуі, сондай-ақ салық қыспағының өрістей түсуі, хандық әкімшіліктің бассыздығы және бұқараны сауда әрі өсімқор капиталдың күшімен қанауы – міне, ең басты себептер, қарапайым халықты көтеріліске шығарған және Ордаға қарай аттануға мәжбүр еткен жайлар осы болды», - деп барынша объективті түрде тұжырымдайды.

А. Рязанов көтерілістегі бұқаралық қимылдардың отаршылдыққа қарсы сипатынан гөрі, феодалдыққа қарсы бағытын көбірек негізге алған. Осы тұрғыда автор Исатай көтерілісін оның алдындағы және одан кейінгі Қаратай, Кеңесары қозғалыстарымен салыстыра отырып, 1836-1838 жылдардағы көтеріліс неғұрлым халықшыл, прогресстік формада болды деген тоқтамға келеді.

Ұлт-азаттық көтерілістің себептері түптеп келгенде Ресей империясының отаршылдық саясатынан туындап жатқандығына автор онша назар аудармайды, керісінше ол Исатай мен Махамбет батырдың қозғалысын шаруалар көтерілісі сипатындағы Жәңгір ханмен оның сыбайластарының бұқара халықты аяусыз қанаған әрекеттеріне қарсы қарулы қимылы ретінде сипаттайды.

«XIX ғасырдың 30 жылдарында Ордада шиеленіскен «ақсүйек» сұлтандармен «қарасүйек» қарапайым халық арасындағы әлеуметтік және экономикалық қарама-қайшылық жаңа көтерілістің бірден-бір себепшісі болды», - дей отырып, А.Рязанов қазақ даласында болған көтерілістер, мейлі сұлтандар басқарсын, әлде халық батырлары басқарсын, түптеп келгенде ол – ұлттық тәуелсіздік жолындағы қарулы қозғалыстар екендігіне мән бермейді. Осыған орай ол, көтерілістердің сипатын айқындауда кейде қателесетін де секілді. Мысалы, автор Исатай көтерілісі туралы «бұл өзінің сипаты жағынан бұрынғы хандық өкімет үшін өзара жауласқан, сұлтандар басқарған көтерілістен мүлдем өзгеше еді», - [4] деп үстірт тұжырымдайды.

Исатай-Махамбет көтерілісіндегі таптық күрес бағытына А.Рязанов көтерілістің ерекшелігі, оның жаңашылдығы деп бағалайды.

Көтеріліс тарихынан бізге белгілі халық мүддесін қорғаған Исатай батырдың Жәңгір ханмен және Қарауылқожамен әуелгі өзара келіспеушіліктері, алғашқы қақтығыстары болмай қоймайтын жәйт екендігіне А.Рязанов та назар аударған [4].

1836-1838 жылдардағы көтерілістің тарихын бұдан кейін В.Ф.Шахматов арнайы зерттеп, 1946 жылы «Ішкі орда және Исатай Тайманов көтерілісі» деген кітап шығарды. Көтеріліс бұл еңбекте феодализмге қарсы қозғалыс деген сипаттама алды, сондай-ақ отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық мәні де баса айтылды. Бұл кітап 1000 дана болып шығып, қазір қолға түспейтін өте сирек дүниеге айналды. Автор туралы біркелкі қысқаша тарихи мәліметтер береді. Дегенмен В.Шахматов бұл кітабында кейбір субъективтік пікірлер, жаңылыс мағлұматтар да жіберген [5].

Исатай батыр қозғалысы туралы жазған А.Ф.Рязановтың еңбегін белгілі тарихшы Ж.Қасымбаев өзінің 1836-1838 жылдардағы қазақтар көтерілісі тарихының мәселелерін царизмнің отаршылдық саясатының сипаты контекстінде қарастырған мақаласында сын көзбен талдайды [6].

Бөкей ордасындағы көтеріліс, еңбекші көшпенділердің бас көтеруі ретінде бағаланды. 1867-1868 жылдары I Мемлекеттік Дума депутаты Г. Сидельников «қырғыз отырықшылығы тарихындағы шешуші, бетбұрысты сәт» деп атаған реформаны жүргізу кезеңдерінде бірқатар зерттеулер жарияланды [7]. Қазақстандағы үкіметтің өктемпаздық саясатының икемділігіне мүдделі болған авторлар оның жүргізілуі туралы өз сипаттамаларын ұсынды. Солардың арасынан М. И. Иваниннің (1801-1874 ж.ж.) жазғанын ерекше атап өту керек. «Ішкі немесе Бөкейлік Қырғыз ордасы» («Внутренняя или Букеевская Киргизская орда») (1872), «1839-1840 жылдардағы Хиуаға қысқы жорықты сипаттау» («Описание Зимнего похода в Хиву в 1839-1840 гг.») (1874). Ол 1839 жылы, 1853-1856 жылдары Перовскийдің жорығына қатысты, Ішкі орданың Уақытша кеңесінде кеңесші болып қызмет етті. М. Иванин Бөкей ордасында И. Тайманұлытың басшылығымен болған көтерілістің себептерін ашып жазды. Оның ойынша, көшпенділер бойын билеген ең негізгі наразылық Жәңгір ханның ордаға тиесілі жерге өзінің жеке меншігі ретінде қарап, орынсыз таратуымен және 20 мың, 80 мың, 150 мың және одан да көп десятина жерге жарлық таратуы салдарынан орын алды. Нәтижесінде тұрғындардың негізгі бөлігі 2 млн. дес. көлеміндегі мардымсыз жайылымдар шегінде көшіп-қонуға мәжбүр болды [7]. Автор И. Тайманұлы бастаған қазақ старшындарының ген.-ад. Перовскийге үндеуі қанағаттандырылмағандығын, «ханның жақтаушылары табыла кеткендігін» атап өтеді. Көтеріліске қатысушылар саны жұмыста көрсетілмеген, М. Иванин тек наразы топ қатарындағы халық санының тым көптігі туралы жазған.

Сонымен, 1836-1838 жылдардағы батыр Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс өзінің нақты антифеодалдық және антитотаритарлық сипатымен ерекшеленеді. Ол Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталу кезеңінде болған болатын, соған сәйкес бұл мерзімде царизмнің отарлық саясаты, әсіресе аграрлық мәселе бойынша күшейе түскен еді. Жергілікті феодалдық үстем тап өкілдерінің – Жәңгір хан мен оның айналасындағылар, сұлтандық топ тарапынан болып отырған тұрғын халықты қыспаққа алу қазақ шаруаларының Ресей өкіметінің отарлық саясатына, сондай-ақ жергілікті феодалдық аристократияның зорлық-зомбылығына қарсы көтерілісін тездетті. Жалпы алғанда 1836-1838 жылдардағы қозғалыстың негізгі себептерін туғызған Қазақстандағы патша үкіметінің жер саясатының отарлық мәні мәселесі терең зерттеуді талап етеді.

Кеңестік тарихнамада Исатай көтерілісінің негізінен антифеодалдық бағытын зерттеу орын алды, ал царизмнің әскери отарлық саясаты және кең өлкедегі әкімшілік-сот саласындағы өзгерістер әрдайым бүркемеленіп отырды. Бұған себеп – тарихи зерттеулердің негізгі бағыттарының шектен тыс идеологияландырылуы еді, соның нәтижесінде патша үкіметінің өлкедегі халыққа қарсы саясатын сынға алу – қазақ-орыс қатынастарының формасы мен мәніне кесел келтіреді деп есептеледі.

ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы, соның ішінде 1836-1838 жылдардағы көтерілістің халық-азаттық сипатын терең зерттеу Қазақстанның империя отары ретіндегі тарихының айқын көрінісін

беруге септігін тигізген болар еді. Айналысқа жаңа мәліметтер енгізу, Кеңес тарихнамадағы еңбектердің объективтілігін айқындау Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күрес тарихындағы, соның ішінде Исатай Тайманұлы бастаған ұлттық қозғалыстағы «ақтандақтарды» жоюды тездеткен болар еді.

Әдебиеттер тізімі:

Покровский М.Н. Дипломатия и войны царской России в XIX столетии. – М.: Красная новь. – 1923. – 392 с.

Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет. - Алматы: Қазақстан, 1991. – 256 б.

Асфендияров С. Д. История Казахстана (с древнейших времен). – Алма-Ата, Казахстан, 1993. – 167 с.

Рязанов А.Ф. Исатай Тайманов көтерілісі (1836-1838) - Алматы: Қазақстан, 1996 – 176 б.

Шахматов В.Ф. Внутренняя орда и восстания Исатая Тайманова. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1946. – 254 б.

Рязанов А. Ф. На стыке борьбы за степь (Очерк по истории колонизации Новолинейного района 1835–1845 гг.) // Труды Оренбургского отдела Географического общества. Вып. 26. Оренбург: Гос. типо-лит. ГСНХ, 1928. 64 с.

Седельников Т.И. Борьба за землю в киргизской степи (Киргизский земельный вопрос и колонизационная политика правительства). СПб.: Изд. С. Дороватовского и А. Чарушникова, 1907. 79 с.

УДК 94(574)

ИССЛЕДОВАНИЕ ВОССТАНИЯ ИСАТАЯ ТАЙМАНОВА В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

Жайлы А.Х., Құрманалин С.Б.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет. г.Уральск.

Аннотация: В статье исследуется восстание, имевшее место в Букеевской Орде 1836-1838 годы, направленное против колониальной политики царизма. Анализируется историография и историческая роль в истории личностей руководителей восстания Исатая Тайманова и поэта-борца Махамбета Утемисова. Интерес к этому восстанию во все времена не угасал у историков, а в статье рассматриваются труды исследователей советского периода. ...

Ключевые слова: Исатай Тайманов, труды Халела Досмұхамедова, тревожные люди, которые не терпели колониального правления, национальное восстание.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНА ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЕҢБЕККЕ АРАЛАСУЫ (1937-1945 ж.ж)

Қайралы Қ.Қ., Рысбеков Т.З.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада 1937-1945 жылдар аралығында Батыс Қазақстан аймағына жер аударылған кәріс, неміс, шешен, ингуш т.б халықтардың шаруашылыққа орналасып еңбекке араласуы жөнінде және халық шаруашылығының дамуына үлес қосқандығы жайлы айтылады.

Негізгі сөздер: Жер аудару, шаруашылық, құрылыс, қоныс аудару

Депортациялау шарасы негізінен үш бағытта жүрген болатын. Біріншісі - жоспарлы түрде, Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібін дамыту үшін, яғни, ел экономикасын көтеруге бағытталып көшірілген жұмыс күші. Екіншісі - әлеуметтік топтарды қудаланып депортациялау. Үшіншісі - ең сорақысы, ұлттық белгіге қарап, күштеп көшіру. Оған Батыспен Шығыстан да, Орталық пен Таулы аймақтардан да көптеген ұлттар кірді. Олардың салт-дәстүрі де, тілдері де, тұрмыс-тіршіліктері де күтпеген жерден өзгерді.

КСРО Халық комиссарлар кеңесінің 1937 жылы 28 қыркүйектегі №1647-377 сс «Корей халықтарын Қиыр Шығыстан қоныс аудару» туралы құпия қаулысында 1937 жылы қазанға дейін бірінші кезекте кәріс халықтарын қоныстану керектігі жөнінде айтылады. Негізінен осы Батыс Қазақстан бойынша - 12000 шаруашылық орналастырған. Ал, 1937 жылы 8 қазанда Гурьев округтік комитетінің бюросы және округтік атқару комитетінің президумы округ бойынша корей жанұяларын қабылдауға шешім қабылдады. Мысалы: Теңіз ауданына-500 жанұя, Жылқосыға - 270, Есболға - 100, Гурьевке - 660, қалған 340 жанұяны аудандардың ауылдары мен селоларына шаруашылыққа орналастырылу көзделді деп жазады. Корейлерді кәсіпорындарға және мекемелерге - 240 отбасы орналастырылғандықтан олар тұрғылықты тұру үшін уақытша пәтерлерді жалға берушілер арқылы келісім жасап ақы төлеген [1].

1937 жылы желтоқсан айында Қазақстан Компартиясы Гурьев округтік комитетінің бюросы және Гурьев округтік атқару комитеті президумының қаулысында Гурьев округіне кейін 1266 жанұя балық зауыттарына және Теңіз, Гурьев аудандарының колхоздарына орналасқаны және келгендерден 654 адам Гурьев қаласында колөнер, өнеркәсіп кооперациясы жүйесіндегі мекемелерге жұмысқа орналасқан [2].

1937 жылдан бастап №1571-356 сс Халық Комиссарлар комитетінің қаулысында шаруашылыққа қажетті 21000 құрылыс материалдары жіберілген. Қоныс аударушы шаруашылықтары үшін республикасы бойынша жүк көлігі - 60, жеңіл көлік - М1-3, трактор - 45, 60 - эшелон жіберуді Халық комиссарларына міндеттелген [3].

Тарихи деректерге қарағанда, 1937 жылы қаңтар айынан бастап, батыстан депортацияланған халықтар арнайы дайындалған жерлерге орналастырылды. Мәселен, Батыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімімен 28 наурыз - 2 сәуір аралығында 115 колхоз кәрістер шаруашылығы орналастырылды. Батыс Қазақстан Облисполком төрағасының мәлімдемесінде Батыс Қазақстан облысы бойынша шаруашылықтар Приуралье ауданы бойынша бұл ауданда облыстың жоспары бойынша 30 корейлік шаруашылық ұйымдастыру жоспарланған болатын, нақты орналасқаны Завет Ильча-27, Режим-9, Факел-7, Им.Луначарского-7, Новая деревня-5, Им.Ленина-3, Красный Октябрь-2, День урожая-1, Спартак-1, Красный Урал-2, Красный Октябрь-1 жалпы 65 шаруашылықтары орналасқан. Теректі ауданы бойынша жоспарланған корейлік шаруашылық жоспар бойынша қолданыстағы 115 корейлік колхоз жоспарланған болатын, олар: Чапаев № 1 - 22, Хлебобоб - 20, Им.Калинина - 15, Буденный - 11, Завет Ильича

- 11, Им. Шевченко - 7, Им.Мирзояна - 10, 13 лет Октября - 6, Трудовик - 6, Путь Ленина - 8, Запорожье - 4, Жаңа Таң - 1, нақты 121 шаруашылық, жер телімдеріне 1201 шаруашылық бөлінген. Бөрлі ауданы ұйымдастырылып жоспарланған 26 шаруашылық. Олар: На страж - 9, Им. Кирова - 5, Им. Крупской - 8, Победа - 4, Труд Крестьянина - 4 нақты ұйымдастырылғаны 30 шаруашылық. Ал Ілбішін ауданы бойынша ұйымдастырылып жоспарланған 90 шаруашылық, нақты ұйымдастырылғаны жергілікті колхозға 142 шаруашылық және дербес 29 шаруа қожалықтары ұйымдастырылған, барлық ұйымдастырылғаны 171 шаруа қожалықтары. Олар: Трудовик - 66, Родниковый - 35, Им. Чатаева - 18, Искра - 2, Сов. Степь - 19, Чуйков - 2, Ленинский путь - 29 шаруа қожалықтары болған. Тайпак ауданы бойынша ұйымдастырылған корейлік шаруашылық болған жоқ, бірақ районда 17 шаруашылық, колхоз келісімімен және аймақтық ұйымдармен Гурьев ауданынан Якорь колхозына барған. Барлық облыс бойынша ұйымдастырылған 259 шаруа қожалықтары болған, олардың нақты ұйымдастырылғаны 404 [4].

Ал, 1938 жылы 22-ші қыркүйегінде Қазақ КСР Халық комиссариаты кеңесі мен Орталық комитетінің №33/110 «Қоныс аударуға басшылық жасау мен ауыл шаруашылық және балық колхоздарына қоныс аударушыларды шаруашылыққа орналастыру туралы» қаулы пайда болды. Қаулыда қоныс аударуды ұйымдастыру және оған басшылық жасау, ауыл шаруашылық колхоздарына қоныс аударушыларды толық шаруашылыққа орналастыру, жерлерді пайдалануға қамтамасыз ету, балық аулайтын колхоздарда үй және өндірістік құрылысты басқару Егіншілік халық комиссариатына тапсырылды.

Қоныс аударуды оперативтік басқару және көшкендердің шаруашылығын ұйымдастыру үшін Егіншілік халық комиссариатының құрамынан 1938 жылдың 20-ші қыркүйегінен бастап Қоныс аудару басқармасы құрылды. Қоныс аудару басқармасына мынадай міндеттер жүктелген болатын: қоныс аударудың жер қорларын анықтау, шаруашылықтарды нақты орналастыру, жерлерді пайдалануға дайындық жүргізу, жерді суландыруға бақылау және тексеру жүргізу, қоныс аударушыларға үй, өндірістік, мәдени-тұрмыстық құрылыстардың жүргізілуіне оперативтік және техникалық басшылық жасау, қоныс аударған колхоздардың шаруашылығын ұйымдастыру, колхоздарға қоныс аударушылардың шаруашылығын нығайтуға бөлінген қаржыларының жұмсалыуына бақылау орнату [5]. Ал 1938 жылы 1 қазаннан бастап қалдырмай облыстар мен аудандарға қоныс аударушылардың орналасуын тексеру үшін жауапты қызметкерлерді іссапарға жіберу көзделді [6].

1938 жылы 3 наурызда Халық Комссарлар Комитетінің «Ақтөбе облысына корей шаруашылықтарын орналастыру туралы» қаулысына сәйкес Ақтөбе облысында 1285 шаруашылық, оның 1000 шаруашылығы Ярмұхамедов совхозына, 285 шаруашылық қалған өнеркәсіп, мемлекеттік кооперативтік мекемелерге және МТС-ға орналастырылған. Бұл Ярмұхамедов совхозына уақытша шаруашылықтарды жайғастыра отырып, оларды қадағалау облыстық атқару комитетіне тапсырылды. Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданынан Ярмұхаммедов совхозына 183 корей шаруашылықтары көшіп келген. Дәл қазіргі уақытта, Ярмұхаммедов совхозында дербес кәріс колхоздары келіп орналасқан. Атап айтсақ, Сталин атындағы колхозда 258 шаруашылық көлемінде болса, оның ішінде корейлердің ескі 91 шаруашылығы және Қармақшы ауданынан келген 87 шаруашылық бар. «20 лет Великого Октября» колхозына 44 шаруашылық қоныстандырылды. Барлығы 222 корейлік, 36 қазақ шаруашылығы. Жоспарланған осы 277 шаруашылықтарына 12835 гектар жер телімі пайдалануға беру жоспарланған. «20 лет Великого Октября» колхозында 2 пункте 42 қазақ шаруашылығына құрылыс жүргізілмеген. Себебі, біріншіден, шаруашылықтарды сумен қамтамасыз етпеген, екіншіден кәріс шаруашылықтарына жұмысшы қажет болған. Ал III интернационал колхозына 207 шаруашылық келген. Бұнда 83 шаруашылық корейлердікі болса, Қармақшы ауданындағы «Новый мир» колхозынан 93 шаруашылық келген. Барлығы 179 корей, 28 қазақ шаруашылықтары жайғасқан. III интернационал колхозына мал шаруашылығы үшін ірі қара мал берілген және 12433 гектар жер бөлінген. Шіліктісай колхозына жалпы

115 шаруашылық, олардың 80 корей, 34 қазақ шаруашылықтары болды. Осы кезеңде 88 шаруа қожалығына корей шаруашылықтарындағы тұрғындар үшін үй салу жоспарланған. «Красный октябрь» колхозында 177 шаруашылық, олардың 65 корей шаруашылықтарының бұрынғы құрамы, Тұщыарық колхозынан келген 14 шаруашылық бар. Жалпы 70 корей, 38 қазақ шаруашылықтары болған. Аталған колхоздағы депортацияланғандар үшін 552 тұрғын үй салу көзделген. Бұл үшін құрылысқа қосымша колхоздарға Қызылорда облысынан 183 отбасы қоныс аударылған[3].

Қиыр Шығыстағы кәрістер ұлттық ерекшелік бойынша қуғындалудың ауыр зардабын көргендердің алғашқысы, олар 1935 жылы, сосын 1937 жылы қуғынға ұшыраған болатын. 1936 жылдың ақпанында Украинадан Қазақстанға 15 мың неміс және поляк колхоз шаруашылығы көшірілді. 1937-1938 жылдардың соңында Қазақстанға Армения мен Әзірбайжаннан көшірілген күрдтердің, армяндардың, түріктердің, ассириялықтардың және өзге де ұлттардың 1 121 шаруашылығы орналастырылды. Қарашада осы аудандардан республикаға екі мың жанұялы ирандықтар көшірілді. Олардың барлығы Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары территорияларынан пана тапты. Батыс Қазақстанға иран шаруашылықтарын көшіру көзделмеді[7].

Бақсай ауданына, ауылдық аймаққа Редут, Сорочинка, Сарайшық, Жалғансай, Томан, Бақсай, Карман, Яман, Көктоғай (Жайық өзенінің оң жағалауы) – 325 шаруашылық, олардың ішінен корей балық колхозы «Павлов» және «Авангард» - 240 шаруашылық көлемінде, ауданда қолданыстағы балық аулау шаруашылықтары - 85 шаруашылық.

Гурьев қаласында корей балық аулау колхозында ІІІ –Интернационал – 80 шаруашылық, мемлекеттік балық аулау өнеркәсіптерінде: Ук Треста (балықзауыты) жүйесі бойынша – 100 шаруашылық. «Каганович» комбинатының жүйесінде (станционарлық балық шаруашылығы): Каменный, Камынин, Самовий т.б. – 80 шаруашылық және Гурьев мотор балық шаруашылық станциясы – 35 шаруашылық. Осы шаруашылықтар бойынша кооперативті кәсіпорындар жүйесінде (артелдер) – 50 отбасы, мемлекеттік кооперативтік мекемелер мен ұйымдарда -56 отбасы орналасқан.

Есбол ауданында, ауылдық жерлерде: Өрлік, Кулагин, Гребенщик, Елтай, Горск, Индер – 120 шаруашылық болған [2].

Қоныс аударудың екінші кезеңі, кәрістерді тұрақты мекендеріне орналастырудың қалай өткендігі жөнінде облыстық атқарушы комитеттің 1938 жылдың 15 желтоқсанындағы баяндама хатынан білуге болады. Баяндамада Гурьев облысында 454 шаруашылығы 4 дербес балық аулайтын кәріс колхозы ұйымдастырылды. Бұлар бақсай ауданындағы – «Авангард», «Павлов», Теңіз ауданындағы – «Сучан», «Трудрыба». 1938 жылдың қаңтарында қоныс аударылған 112 жеке шаруашылықтан Гурьев қаласының маңынан, балық аулайтын Сомовий кәсіпшілігінде «Память Ильича» атындағы корей колхозы ұйымдастырылды. 94 корей шаруашылығы Бақсай ауданының балық аулайтын 4 жергілікті колхозына («Алға», «Сенімді жол», Теңіздік Киров атындағы, «Социализм жолы Путь к социализму») орналастырылды. Сонымен бірге 74 шаруашылық Есбол ауданының 5 жергілікті мал шаруашылығы колхозына («Елтай», «Екпінді», «Социализм», Красин атындағы, Степан Разин атындағы) орналастырылды. 37 шаруашылық Теңіз ауданындағы Шортанбай балық заводына орналастырылды. Гурьев қаласында, әр түрлі мекемелерге 271 шаруашылық жайғасқан. Сондай-ақ, баяндама хатта негізінен «Гурьев облысына қоныс аударылушы кәрістердің 1322 шаруашылығы емес, 1304 шаруашылық келді: бұған себеп КазКСР ХКК 1938 жылдың 3 наурызында келген №123 жеделхатта көрсетілгендей Оңтүстіктен келуі керек 56 шаруашылықтық орнына, іс жүзінде 38 шаруашылықтың келуінен болды («ІІІ Интернационал» колхозы)» деп айтылады [6].

Дәл осы уақытта, Ал Батыс Қазақстан облысық мұрағат құжаттарында сақталған мәліметтер бойынша 1938 жылдары 15 наурызда кәріс шаруашылықтары болған. Мәселен оны мына мәліметтерден көруге болады.

1. Ілбішін аудандағы барлық шаруашылық саны-205, адам саны-1016.

90 шаруашылықтарға 473 адам шаруа қожалықтарында орналасқан, мекемелерде 65 шаруашылық 289 адам.

2. Теректі ауданы бойынша барлық шаруашылық саны-195, адам саны-623. Оларда орналасқан колхоздарда 114 шаруашылық - 402 адам. Мекемелер мен кәсіпорындарда 40 шаруашылық 125 адам.

3. Бөрлі ауданында барлық шаруашылық 51, адам саны-153. Оларда орналасқаны 25 шаруашылық. Мекемелер мен кәсіпорындарда 26 шаруашылық.

1939 жылы 10 шілдедегі құпия Халық Комиссарлар Комитетінің қаулысында Ақтөбе, Гурьев, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы корей қоныстанушыларына арналған азық-түлік несиесі туралы қаулысында Гурьев облысының ұйымдастырушы комитеті-5 т, Ақтөбе облысының атқару комитеті-10 т шаруашылыққа қажетті несие беріліп оны 1939 жылдың аяғына дейін 10 пайызын қайтару керектігі жөнінде қаулы шығарады [8].

Мұрағат құжаттарында көрінетіндей кәрістерді орналастыратын жерлерде қазақтарды мәжбүрлеп отырықшыландыру науқандары жүргізіліп жатқан болатын, ол жерлерде 1937 жылға дейін 1400 үй салынуы керек, ал іс жүзінде оның 551- бітіп тұрды, отырықшыландыру бөлімдерінің әр түрлі инстанцияларынан осы тәріздес жеделхаттар келіп жатты: «Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары үшін бірде бір кубаметр ағаштар алынған жоқ» және 1938 жылға дейін отырықшыланып жатқан елге 1937 жылы бітпей қалған 620, басталмаған 229 үйге қоса 6800 үй тұрғызу керек болды, барлығы 13 840 нысан. Осы уақытта Қазақстан халқы 30-шы жылдардағы қасіретті аштықтан енді-енді өзіне келіп жатқан еді. 1938 жылдың 1 қаңтары бойынша Қазақстанға аштық жылдары көшіп кеткен Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Түрменстаннан және Еділдің Орталық бөлігінен 1736 жанұя қазақтар қайтып оралған. Сол себептен өңірлерге мектеп, тұрғын-үй көптеп салу құрылысын тездету шараларын қолға алу керек [9].

Депортацияланған немістерге келетін болсақ соғыс қарсаңында олар колхоздар мен совхоздарға орналастырылды. Бұл мәселе бойынша қылмыстық ішкі істер халық комиссариатының басшысы Вахрушевке тез арада оларды қабылдайтын және орналастыратын, сонымен қатар еңбекке қолдану үшін арнайы даярлық жұмыстарын жүргізу қажеттігі бұйырылады. Негізінен депортацияланған немістер сол жылдары 120 мыңы еңбек армиясына орналастырылады. Соғыс кезінде құрылған еңбек армиясы қатарында жұмыс істеген депортацияланғандар соғыс аяқталғанға дейін халық шаруашылығын қалпына келтіруге ат салысты. Батыс Қазақстан облысында тұратын немістерді 1941 жылы Тасқұдық, Жаңатаң, Жаңатұрмыс, Жемпейті, Оралтөбе, Бұлдырты совхоздарына, №177 көне зауытына және тағыда басқа шаруашылықтарға орналастырылды. Ал 1942-1943 жылдары Ақтөбе облысы бойынша немістер 13342 неміс шаруашылыққа орналасады. 1943 жылы алғашқы айларда Ақтөбедегі комбинатқа 336 неміс келеді. Соғыс жылдары Ақтөбе ферроқорытпа зауытында, Кемпірсай, Никельтау кеніштерінде т.б өнеркәсіп объектілерінде немістер жұмыс істеді [10].

Ауыл шаруашылығынан қалпына келтіру жұмыстарына оқыған, тәжірибелі мамандар қажет еді. Оларды жұмыс жасап тұрған мұнай өңдеу және машина жасау заводтарына, электростанцияларға, «Нармонданақ» (наркомнефть) кәсіпорындары жүйесінен тыс компрессорлар мен қазандық қондырғыларына жұмысқа жіберуге тыйым салынды. Немістердің жұмысқа шығуы, жатақханаға келуі міндетті тексерілетін күнделікті нақты және қатаң тіркеу жүргізілді [11].

Батыс Қазақстанға депортацияланғандар арасында шаруашылыққа орналастыру, еңбекке тарту барысында өлім-жітім көп болды. Осы себепке байланысты Батыс Қазақстанға көшіріліп келгеннен кейін көшірілген халықтардың саны түрлі деректерде түрліше, көбінесе саны төмендетіліп берілген. 1944-1945 жылдары басқа да шешен-ингуш, кырым татарлары Гурьев облысында қоныс аударылушылардың аз ғана бөлігі, 18 жанұя 422 адам «Қазақстан мұнай комбинат» бірлестігі жүйесіне, Доссор, Байшонас, Сағыз, Шұбарқұдық, Қосшағыл, Қаратон және басқа да кәсіпшіліктеріне сонымен қатар «Қазақ мұнай құрылыс» тресінің әр түрлі нысандарына жұмысқа орналастырылды. Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің

1944 жылғы 2 маусымдағы №5984 қаулысына сәйкес қырымдық болгар, грек және армяндарды облыстар мен республиканың өнеркәсіп кәсіпорындарына, көмекші шаруашылықтарға, ауыл шаруашылығына бағыттау көзделіп, оның ішінде Гурьев облысына болгар, грек, армян түрлі кәсіпорындар мен мекемелерде жергілікті халықпен бірге жұмыс жасады [10].

Қорытындылай келе, депортацияланған халықтарды жергілікті шаруашылықтарға орналастырып олар арзан жұмысшы күші ретінде ауыл шаруашылығы мен өндіріс орындарының ең ауыр салаларында еңбек етті. Бұл саясаттың артында арзан күш жұмысшыларды ауыл шаруашылығын дамыту мен маман кадрлардың тегін еңбегін пайдалану мақсаты жатты. Аталған кезеңдегі шаруашылықтарды орналастыру барысында кемшіліктер жеткілікті болды. Олардың қатарында қоныс аудару және халықтарды депортациялауды ұйымдастырудағы мекемелердің қателігін, әзірлік жұмыстарының жүргізілмеуі деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

ҚР ОММ. 1490 –қор, 7-іс, тізім -2.

Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты. - 855-қор, 1-тізбе, 180-іс

Из истории депортаций. Казахстан. 1935-1939 гг. Сборник документов. – Алматы: ЛЕМ, 2014. – 740 с.

Батыс Қазақстан Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. - 850-қор, 1-тізбе, 68-іс.

Нұрман.Ш.Т. «Кеңестік биліктің Қазақстандағы қоныс аудару саясатының тарихы (1921-1941 жж.)» т.ғ.к., ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы., 2004.-141 б.

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. -1490-қор, 1-т, 7-іс

Калыбекова М. Казахстан как объект переселения депортированных народов (1937-1956 гг.): Исторический аспект: дисс... канд. ист. наук. – Алматы, 2005. – 156 с

Қазақстан Республикасының Президенті Мұрағаты. -708-қ, 1-тізбе, 53-іс.

Г.Кан. Корейцы в Казахстан: депортация и обретение новой родины.-Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы: Алматы, Ғылым.- 1998.- 195 с.

Қыдыралина Ж.У. Спецпереселенцы и трудармейцы в Западном Казахстане (1937-1957 г.г). Тарих ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін дайындаған диссертациясы. Алматы. 2000. - 151 б.

Қыдыралина Ж.У. Депортированные в Казахстан народы: история и современность. Алматы: Ғылым.- 1999. – 187 с.

УДК. 908(571.1)

ВОВЛЕЧЕНИЕ ЗАНЯТИЕ ХОЗЯЙСТВОМ ДЕПОРТИРОВАННЫХ НАРОДОВ В ЗАПАДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ РЕГИОН

Қайралы Қ.Қ., Рысбеков Т.З.

Западно Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова, г.Уральск.

Аннотация: В статье рассматривается вопрос о депортированных корейцах, немцах, чеченцев, ингушей и т.д. на территории Западного Казахстана в 1937-1945 годы

Ключевые слова: депортация, хозяйство, строительство.

ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН КЕЙІНГІ «ОМЕГА» ЗАУЫТЫНЫҢ «ОҢАЛТУ» ПРОЦЕСІ (1990-2003 Ж.Ж.)

Қонысбаева А.Қ., Рысбеков Т.З.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда Батыс Қазақстан облысындағы «омега» зауытының жағдайы жөнінде жазылған.

Негізгі сөздер: КСРО, омега, зауыт, өнеркәсіп

КСРО ыдырап, Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін «Омега» аспап жасау зауыт ірі мемлекеттік тапсырыстардан айырылды, борыштар өсіп, болмашы жалақылармен күн көрді. Қазақстан экономикасы бұрынғысынша техникалық прогреске қабілетсіз, қарабайыр әдіспен дамыды. Бірақ, осыған қарамастан республиканың басшылығы ірі өнеркәсіп орнының, комбинаттардың, зауыттардың қатарға қосылғаны туралы зор жігерленген рухта есеп беріп отырды.

1990 жылы бетбұрыс заманы мен КСРО-ның ыдырау кезеңінде «Омега» аспап жасау зауыт өзінің басты тапсырысшысы- КСРО ӘТФ-тен айырылып, өмір сүрудің ауыр уақыты туды. Солбір қиын кезеңде зауыт басшылығында Сафрыгин Михаил Михайлович (1990-1992жж) директорлық қызметте болды. Зауыт ұжымына оған басшылық еткен М.Сафрыгинның мойнына кәсіпорынды сақтау және оның дамуының алдағы жолдарын таңдау бойынша үлкен жауапкершілік жатты. Өнеркәсіп Сафрыгин М.М басшылығымен 1991 жылы «Омега» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің құрамына кірді. Содан кейінгі жылдары зауыт негізгі өндірістің тоқтап қалуы сияқты қиын кезеңді бастан кешірді. Жаңадан соққан леп жұмысшылардың санын бірден екі мың адамға дейін қысқартты, сонан соң зауытта тек екі жүз маман ғана қалған. Бірақ зауыт басшылығы мойымай, Қазақстанның аумағынан азаматтық өнім өндірісінің жаңа түрлерін және жаңа тапсырыс берушілерді өз бетінше іздеуді жалғастырды. Энергия ресурстарын үнемдеу, қызметтің бағыттырын анықтау бойынша іс-шаралар өткізілді. Әскери тапсырыстар жоққа жуық болды, жұмыс істейтіндердің саны бірден қысқартылды, алайда, зауыттың жоғары техникалық әлеуеті, ұжым мен оның басшысының кәсіпқойлығы болды. Олар бөлімшелердің басшылары мен жұмысшылардың негізін сақтауға, оларды ниеттемтердің командасына біріктіруге мүмкіндік берді. Айырбастау үдерістерінің зауытта басталуына орай медицина техникасының бұйымдары (кардиологиялық есептеу кешендері) тұрмыстың электр техникалық және радио-электр аппаратура (шаңсорғыштар, радиоқабылдағыштар, жеке радиостанциялар), балалардың электронды және пластмасса ойыншықтары, шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы тауарлар саяжай және қосалқы шаруа қожалықтарына арналған механикаландыру құралдары (мотоқопсытқыштар, ұн елеуштер) шығарылды. Зауыт басшылығы балама өнім іздеумен белсене айналысты. 1991жылдан бастап 1995 жылға дейін КСРО-ның ыдырауы кезінде «Омега» зауыты негізгі өндірістің тоқтап, Ресейден тапсырыстар түспей қалуының қиын кезеңін бастан кешірді [1].

1992 жылы зауыт басшылығына директор Болат Молдашев Ғинаяұлының (1992-1995жж) оралып, «Банкротқа ұшырау туралы» заңның шегінде «оңалту» рәсімін жасауға баруға шешім шығарды. Оңалту директоры керек емес ғимараттар мен имараттарды өткізу туралы шешім қабылдады. Зауытта жұмыс істейтіндердің саны бірден қысқарды. Зауыт азаматтың өнім шығарудың жаңа түрлері мен жаңа тапсырыс берушілерді Қазақстан Республикасынан өзі іздей бастады. Мұнай-газ өндіретін салалар мен басқа да тұтынушылардың мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін SKEMA италияндық фирмасымен бірлесіп MCC 2000 PC 2000 бірыңғайланған тіреуштердің базасында (0,4кв) кернеудегі электр қуатын басқаратын және

тарататын қалқандарды өндіруді ұйымдастырды. Шкафтардың сапасының еуропалық сертификаты бар және Sehkeider electric, ABB, Siemens фирмаларының сапалы тораптарымен және аспаптарымен жинақталады [2].

Б.Молдашевтың басшылығымен (1992-1995жж) зауыт өндірісі халық тұтынатын тауарлар шығару жолында «Омега» прибор жасау зауыты өзінше еңбек етіп келді [3]. Әсіресе бұрынғы қорғаныс министрлігінің қарамағынан шығып, республикаға бағынғалы өріс кеңейді. Дегенмен, соңғы жылдары зауыт сан проблема алдынан шығып, діндеген жерден шыға алмай келе жатқаныда жасырын емес.

Тұрмыста қолданылатын «Жайық» шаңсорғышына деген сұраныс жақсы, зауыт ұжымы оны өзінше сапалы шығаруға көңіл бөліп жүр. Оның жетілдірген жаңа түрі осы екінші тоқсан ішінде шығара бастайды. 1992 жылы «Жайықтың» айына 1500 данасы шығарылса, алдағы уақытта осы көрсеткішті 5000 данаға жеткізілді [4].

Ал халық тұтынатын тауарлар шығаратын цех уақыт ырғағына орай өсіп, өз алдына бөлініп, кәсіпорын ретінде бой көрсете бастады. Цех халық тұтынатын тауарлардың жаңа түрін шығарды. Ол үшін өндіріс алаңы кеңейтіліп, жұмыс процестері жетілдіріле, күрделене түсті. Соның ішінде негізгі көрсеткіштердің бірі компьютерлі балалар ойыншықтарын шығару болып қала берді. Оннан аса электрлі-механикалық ойыншық шығарылды. Оның бәрі де бұрынғы кезде жақсы өтіп келгені белгілі. Өнімдер бұл күндерде бұрынғы Одақтағы елдерге жөнелтіліп жатады. Кәсіпорында шығарған бұйымдарға деген сұраныс әзірге жаман емес.

Сондай-ақ, 1992 жылы зауыт өндірісінде жаңадан ойыншықтың екі түрін игерді. Оның бірі «Импульс». Ол да жасөспірімдер ойын дамытуға, қабілетін ұштауға негізделген. Ал ойыншықтардың қымбатшылығы болса, облыстағы кәсіпорынды материал мен жабдықтаушы Орал мемлекеттік бас жабдықтау басқармасына тікелей байланысты, (басқарушысы В.Горский) қолдағы барын 30 процент үстеме қосып сатылды. Мүмкіндік болып жатса, басқа өндіріс орындарымен бартерлік айыр басқа да баруға да тура келеді. Мысалы, бір кездегі автомобиль сайысы ойыншығы 15 сом тұрса, оның кейінгі бағасы 310 сомнан асады. Мұның ішінді материалдық қымбатшылығы, алыстан келетіндігі әрі оған 28 процент республика салығы қосылатындығы, дүкеннің сатқаны үшін 25-30 процент және үстеленетіні бар. Болмаса «Жайық» шаңсорғышы, былайша айтқанда 1250 сом тұруы керек. Жаңағы екі өсімді қосқанда ол да екі мың сомға жақындап қалады.

1992 жылдың аяғына таман зауыт «Арман» шаңсорғышын өндірісте игеріп, дүкендерге шығара бастады. Оны құрастыратын жүйе монтаждалып, жүйеде жұмыс істейтін маман жұмысшылар жинақталды.

Осы бір өтпелі ауыр кезеңнің ауыртпашылығына қарамастан, зауыт тоқтамастан жұмыс ізін жалғастырып келеді [5].

Сондай-ақ, «Омега» зауыты «Қазақстан Темір Жолы» РММ мұқтаждықтары үшін отын аппаратурасының қосалқы бөлшектер номенклатурасы, жылдамдық өлшеуіштер, радиотехникалық бұйымдар, су сорғысының біліктері байланыстырғыш және торсиялық біліктер, поршеньді саусақтар, электровоздардың бақылаушыларына тісті доңғалақтар мен жұдырықшалы тығырықтар өндіру кеңейтілді. «Қазақтелеком» ААҚ мұқтаждықтары үшін үздіксіз қоректі антенналар, «Курс-6» релелі аппаратурасына арналған толқын шығаратын жолдардың және УСВУ-К блоктардың элементтері кеңейтіледі, сондай-ақ релелі регистрлер электронды (ЭР-2000, ЭРА-М) регистрлерге ауыстырылды және де «Қазақстантрактор» ААҚ үшін «САЗД» басқару блоктары, тракторлардың электр сымдарының ширақтары және сымдары кеңейтіледі. Сөйтіп, зауыт ауыл шаруашылығы машиналары мен оның жинақтаушы бұйымдарына тұрақты сұраныс болған жағдайда облыстың агро өнеркәсіптік кешені үшін қажетті техниканы өндіруді игере алатынын көрсетті [4].

Ал, 1993 жылдың желтоқсанында ҚР Экономика және сауда министрлігі Қорғаныс өнеркәсібі комитетінің сенімгерлік басқаруымен ол «Омега» ашық типтегі акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

1993 ж – «Омега» прибор жасау зауыты өзін-өзі ақтау жолында ізденіп, тұтынушыларға аса қажет бұйымдарды көптеп игерумен жете шұғылдануда. «Омега» прибор жасау зауыты бұрынғы Қорғаныс министрлігінен алынып, Республика иелігіне көшкелі халық тұтынатын тауарларды жаңадан игеру, оның түрлерін жетілдіру жолында шығармашылықпен ізденуде.

Өткен жылы омегалықтар осы заманғы сұранысқа ие бағдарламалы қондырғы әрі электронды сағатты радиоқабылдағыш шығаруда игерген болатын. Қазір ол өнім қала дүкендеріне түсе бастады. Радиоқабылдағыш жалпы 16 түрлі қызмет көрсете алады.

Зауытта осы тектес өнімге «Пеленг» атты шағын радиостанция қосылды. Онымен бір жиіліктегі екі, одан да көп радиостанция арқылы радио байланысын орнатуға болады. Бес шақырым аралығында екінші жақты тыңдауға әрі кері сөйлесуге болады. Ең бастысы бұл радиобайланыс балықшылар, құрылысшылар, ауыл еңбеккерлері үшін таптырмас дәнекер. Оның алғашқы тобы – 200 данасы сауда нүктелеріне түсе бастады [7].

Зауыт 1993 жылы ішінде тағы бір жаңа өнімді игерді. Ол автомобильге арналған шағын тоназтқыш, оны өндіретін конвейер де әзірленді. Алайда зауыт үшін аса қажет полиостроиль материалы түспеуде. Оны бұдан бұрын Ресейден алып келсек, енді олар зауытқа бермей теріс айналуға. Сол себепті өтімі жақсы балаларға арналған телефон, автомобиль жарысы, балалар шаңсорғышы ойыншықтарын қажетінше шығара алмай келді.

Аталмыш ойыншықтар балалардың ойын дамытуға жақсы көмектеседі. Ал оны көптеп өндіру үшін кәсіпорынға шикізат қажет-ақ. Зауытта материал болса ойыншықтар

Әйтсе де зауыттың қаржы жағынан көріп отырған қиыншылығы аз емес. Дегенмен, омегалықтардың талпынысы жақсы ақ. Тек қажетті материал, шикізат іздестіріліп, ойлаған жоспарлар тез жүзеге асырылсын [8].

Қазіргі уақыт әркіммен ұлтарактай жер болса да үй айналысып, шарбақ ішін, саяжайды жақсылап игеруді қажет етуде. Осыған орай омегалықтар моторлы жер қопсытқыш (культиватор) шығаруды қолға алған болатын. Шағын ғана салмағы 35 килограмдық велосипед моторы орнатылған топырақ қопсытқышпен ерінбесең әп-сәтте қыруар шаруаны тез игеруге болады. Тұтынуға ыңғайлы әрі жеңіл осы құралды автомобильдің жүк салғышына бөлшектеп салып алуға болады, өзі көп отын жақпайды. Келесі айда қала дүкендеріне алғашқы 100-ден аса топырақ қопсытқыш түсе бастады. Сөйтіп, зауыт ұжымы өз жұмысын еш тоқтатқан емес [9].

«Омега» аспап жасау зауыты басшылығына Иманғалиев Миржан Бижанович (1995-1998жж) келген болатын. Өнеркәсіп 1995-1998 жылдары экономиканың жалпы құлдырау жағдайларында зауыттың бюджетке берешегі 245 млн теңгені құрады. Қалыптасқан жағдайда төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және оны таратуды болдырмау мақсатында «Банкротқа ұшырау туралы» ҚР-дың 1997 жылғы 21 қаңтардағы №67-1 Заңына сәйкес «Омега» ААҚ-ны оңалту рәсімі қаралады [2]. «Омега» ААҚ «Қазақстан Темір Жолы» ҰҚ ЖАҚ-пен 1997 жылдан бастап қозғалғыш құрам мен Сигнал беру және байланыс басқармасы үшін қосалқы бөлшектер дайындау бойынша жұмыс істеп келеді. Осы жылдар бойы зауытта жылдар зауытта жұмыс бір күн де тоқтаған емес. Бұл Иманғалиев Миржан Бижанович басшылық еткен зауыт ұжымы мен оның жақын көмекшілерінің арқасында мүмкін болды. Ұжым марапатты зауыт дәстүрлерін жоғалытпады. Мұнда зауытты кім салғанын, кімнің көп жылдар бойы оның цехтарында еңбек еткенін ұмытпайды. Әкімшілік және Соғыс пен еңбек ардагерлері кеңесі Ұлы Отан соғысына қатысушыларыға, жалғыз басты зейнеткерлер мен мүгедектерге моральдық және материалдық көмек көрсетеді, зауыт қала басшылығымен кездесулер ұйымдастырады.

2000 жылы зауыт «Омега» аспап жасайтын зауыты» АҚ болып қайта құрылып, «Қазақстан Инжиниринг» ҰҚ» АҚ құрамына кірді. Қазіргі уақытта бұл ірі холдингтік құрылым республиканың ірі әскери өнеркәсіптік мекемелерінде бірыңғай қаржылық өндірістік және технологиялық саясатты қамтамасыз етеді. «Қазақстан Инжинирингке» 25 қорғаныс өнеркәсіптік кешенінің Қазақстандық мекемелері кірді [4].

2001 жылдың қыркүйегінде Skema Spa Италия компаниясы мен «Омега» ААҚ мұнай-газ өнеркәсібі мен энергетика нысандарының мұқтаждықтары үшін MCC-2000, PC-2000 базасында

төменгі кернеудегі электр тарату қалқандарын өндіруді дайындау бойынша «Бірлескен келісімге» қол қойды. 2002 жылдың қазанында «Ынтымақтастық пен коммерциялық қызмет туралы шартқа» қол қойылды. 2002 жылыдың қарашысында Орал қаласындағы өндірістік аландарды жаратқандыруды аяқтау үшін Италиядан технологиялық жабдық алынды. 2003 жылы жоспарланған жұмыстардың көлемі 300 мың доллардан кем емес соманы құрайды [2].

Хамза Жұматовтың басшылығымен бактериалды және табиғи ошақтық инфекциялардың аумақтық эпидемиологиясы, этиологиясы, патогенезі және диагностикасы жан жақты зерттелді. Республикамыздың әртүрлі географиялық аймақтарында оның басшылығымен адамдардың дифтериямен, із сүзегімен, жіті өтетін ішек инфекцияларымен, токсоплазмоз, лептоспироз, риккетсиозбен ауыру себептері зерттеліп, денсаулық сақтау тәжірибесіне, ол инфекциялардан ауырудың санын азайтуға немесе толықтай жоюға бағытталған, ғылыми негізделген шаралар жүйесі енгізілді [8].

Академик Х.Ж. Жұматовтың көп жылғы ғылыми-қоғамдық еңбегі және Қазақстандағы вирусология ғылыми саласының құрылуына, дамуына қосқан елеулі еңбегі КСРО және ҚСР үкіметімен жоғары бағаланды. Ол екі рет «Құрмет белгісі» (1961, 1967) орденімен, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының грамотасымен (1962), көптеген медальдармен марапатталды.

Оған «КСРО ғылымына еңбегі сіңген қайраткері» атағы берілді және Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Мемлекеттік сыйлығының иегері.

Х.Ж. Жұматовтың атымен аталған Қазақстан Республикасының Денсаулық Сақтау Министрлігі гигиена және эпидемиология ғылыми орталығы – И.И. Мечников атындағы Бүкілодақтық эпидемиологтардың, микробиологтардың, инфекционистердің ғылыми медициналық қоғамының «Құрмет кітабына» енгізілген, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің «Алтын қор» және «Данқ залына» жазылған [7].

Қазіргі таңда Батыс Қазақстан медициналық колледжі Қазақстанның медициналық колледждерінің арасында мейірбикелік білім беру ісі және оны инновациялық дамытуда және заман сұранысына сай жоғары білікті мамандарды дайындауда көш бастап келеді. Еліміздің батыс аймақтарындағы базалық оқу орны бола отырып, қазіргі таңда Денсаулық сақтау министрлігінің қолданбалы бакалавриатты енгізу жөніндегі сынағамалы жобаны жүзеге асыруға қатысуда. Колледж түлектері республика колледждерінің үздік бітірушілері болып бірнеше мәрте жарияланды. Колледж өз тарихында Хамза Жұматовтай өнегелі өмір кешіп, медицина ғылымы саласына өлшеусіз үлес қосып, өшпес із қалдырған шәкірттерін өз жетістігі деп санайды. Әр кезеңде оларды өскелең ұрпаққа үлгі етіп отырады. Танымал түлектері колледждің мұражайында алтын әріптермен жазулы.

Әдебиеттер тізімі:

Шумбалов Н.М. История становления Западно-Казахстанского медицинского колледжа. // Ақжайық өңірі медициналық журналы. – 2016. - № 1(13).- 12-15 с.

Батыс Қазақстан энциклопедиясы. Алматы: Арыс. 2002., - 390-391 бб.

Душманов С.Х. История здравоохранения Западного Казахстана. – Ақтөбе.- 2003 . 221-222 с.

Казахстан. Национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 64 с.

Профессор Х.Жуматов (к 50-летию со дня рождения)// Здравоохранения Казахстана. – 1962. - №12. - 61 с.

Большая Медицинская Энциклопедия (БМЭ), под редакцией Петровского Б.В., 3 шығарылым, 8 том, 200 с.

УДК94(574)

ИЗВЕСТНЫЙ ВЫПУСКНИК ЗАПАДНО - КАЗАХСТАНСКОГО ВЫСШЕГО МЕДИЦИНСКОГО КОЛЛЕДЖА ХАМЗА ЖУМАТОВ - ВЫДАЮЩАЯСЯ ЛИЧНОСТЬ

Оспанова А.М., Рысбеков Т.З.

Западно- Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова, г. Уральск

Аннотация: В статье представлена информация об образцовой жизни и работе, о научных трудах, о неизмеримом вкладе в медицинскую науку, о научных достижениях всемирно известного выпускника учебного заведения с вековой историей Хамзе Жуматулы

Ключевые слова: известный выпускник, медицинский колледж, вирусолог, ученый.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Шинтимирова А., Балыкова А.М.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дүниежүзіне танылған мемлекет болды. Ұлы Отан соғысы жылдары елдерді еріксіз көшіру науқанынан Қазақстан көп этносты мемлекет болып, бүгінгі күні оны мекендейтін ұлттардың өз Отанына айналды. Тоталитарлық жүйеде миллиондаған азаматтардың тағдыры тәлкек болып, заман қасіретін арқалап, алғашында жеке адамдар қудаланса, кейіннен бұл саясат шекаралық аймақтағы тұтастай халықтарды туған жерінен айырып, басқа аймаққа күшпен жер аудартты.

Негізгі сөздер: Тоталитарлық жүйе, халықтар мен этникалық топтар, күштеп көшіру, этнодемографиялық құрылым.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дүниежүзіне танылған мемлекет болды. Ұлы Отан соғысы жылдары елдерді еріксіз көшіру науқанынан Қазақстан көп этносты мемлекет болып, бүгінгі күні оны мекендейтін ұлттардың өз Отанына айналды. Тоталитарлық жүйеде миллиондаған азаматтардың тағдыры тәлкек болып, заман қасіретін арқалап, алғашында жеке адамдар қудаланса, кейіннен бұл саясат шекаралық аймақтағы тұтастай халықтарды туған жерінен айырып, басқа аймаққа күшпен жер аудартты. Оларды қоныстандырған жердің негізгі қатарына Қазақстан кірді. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысына дейін де тоталитарлық жүйенің нақты орталығы болып келді. Себебі қазақ халқының ашаршылық жылдары, ұжымдастыру кезеңі, қуғын-сүргін уақытындағы демографиялық өзгеріске ұшыратқан кеңестік дәуірдің терең саясатының бір көрінісін - Ұлы Отан соғысы жылдарында басқа ұлт өкілдерін күштеп шоғырландыру арқылы тағы да жүзеге аса түскенін байқатады. Сондай-ақ, кейіннен ақпан-наурыз пленумының шешімімен ағылып келіп жатқан халықтардың шоғырлануымен толықтырды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде гитлерлік әскер мен режимге жәрдемдесті деген сылтаумен Еділ бойындағы немістер, Солтүстік Кавказ, Қырым жағалауын мекендеуші біраз халықтар қудаланып, туған жерінен тыс, Қазақстан жеріне орналастырылды.

Егер осындай адамдар немесе жеке бір топтар болған жағдайда тек соларға ғана заң жолымен шара қолданудың орнына кеңес үкіметі тұтастай халықтар мен этникалық топтарды жер аударуы, олардың соғыс жағдайында өздері аймақтарына әсерін тигізген ауыр да күрделі саяси мәселе болғандығы ақиқат. Орналасқан жерлерінде көшірілген-дердің саяси құқықтық жағдайының ауыр болғандығы жергілікті халыққа да батты. Қоныс аударылғандарға өз-де-рімен бірге көтере алатындай ғана өз зат-тарымен азық-түлік алып жүрулеріне рұқсат етілді. Сондықтан соғыс кезінде материалдық және азық-түлік жергілікті халық өздерінде тапшы болса да соғыс қасіретіне төтеп бере отырып, келген халықтармен керек-жарақтарымен бөлісе білді. Осындай кешегі әкімшіл-әміршіл кезеңнің жаппай бүкіл халықты күштеп көшіру саясаты халықтардың жеке ел ретінде өркендеуіне көп кері әсерін тигізді.

Кеңес өкіметінің күштеп қоныс аудару саясатына алдымен кәрістер ілікті. Бұл науқанның алғашқы кезеңі 1935 жылы жүзеге асты.

Жапон өкіметі соғыс тұсында шекара маңындағы кәрістерге сенімсіздікпен елдің ішіне қарай көшірсе, Кеңес үкіметі де жапон армиясына жасырын қызмет атқарулары мүмкін деген күдікпен кеңестік кәрістерді жер аударды. Кәрістерді жер аудару науқанының екінші кезеңі, 1937 жылы жалғасты. Онда Қиыр Шығысты мекендейтін кәрістердің 98 454 адамы бар 20 789 отбасы көшірілді. Осы жылдың соңына қарай Әзірбайжан, Армян республикаларынан

шекараға жақын орналастырылған күрд, армян, парсы, түрік халықтарының кейбір өкілдері Қазақстанға жер аударылса, Қырым татарларының көпшілігі Өзбекстанға көшіріліп әкелінді. Ал, 1940 жылы республикаға 102 мыңдай поляктар орналастырылды [1].

1941 жылы Кеңес - Герман соғысы кезінде халықтарды жер аударудан Кеңес өкіметі, тоталитарлық жүйе ерекше «тәжірибе» жинақтады. Мәселен, Кеңес Үкіметі Президиумының 1941 жылы 28 тамыз қаулысында Еділ бойында тұрып жатқан немістерді қоныс аударуға ұйғарды. Осы қаулыдан кейін Ленинград аймағынан 96000 мың адам немістер мен финдерді жер аудару көзделіп, олардың 15000 адамын Қазақстанға жіберуге ұйғарылған. 1941 жылдың 6 қыркүйегінен басталған күштеп көшіруге бес күннің ішінде Мәскеу қаласынан және Мәскеу облыстарынан 8617 немісті және Ростов облыстарынан 21400 немісті Қазақстанның Қарағанды облысына (4000 адам, Жамбыл облысына (8000 адам), Қызылорда облысына (8000 адам), Оңтүстік Қазақстан облыстарына (10017 адам) жер аударды. Қаулы шыққан жылдың 21 қыркүйегінде енді Краснодар аймағынан 34287, Орджоникидзе аймағынан 95489, Тула облысынан 3208, Кабардин-Балкар АССР-інен 5327, Северо-Осетия АССР-інен 2929 адам немістерді жер аударған. Ондағы адамдарды Қазақ ССР-іне қабылдау және орналастыру үшін 15000000 сом бөлінді. Осы жылдың 22 қыркүйегінде немістерден Қазақстан Республикасына Запорожоблысынан 63000 адам, Сталин облысынан 41000 адам және Ворошиловград облысынан 5487 адамды жер аударды. Ал осы жылдың 8 қазанында немістерді Грузия Республикасынан 23580 адам, Әзірбайжан Республикасынан 22741 адам және Армян Республикасынан 212 адам көшірілсе, 22 қазанда Дағыстан Республикасынан немістерден 4000 адам және Шешен-Ингуш АССР-інен 574 адам немістерді жер аударды [2]. Себебі, Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Поволжьеде тұрып жатқан немістерді қоныс аудару» туралы жарлығында: «бұл аймақта тұрып жатқан немістердің Герман үкіметінің тапсырмасымен шпиондық жұмыстар істейді», - деген сылтау тағылды. Ол кезде бұл жұмыс әлі жүргізілген жоқ еді. Ал оларды жазалау науқаны одан бұрын басталып та кеткен болатын. 1941-1945 жылдары КСРО-да 1,4 млн.-дай неміс ұлтының азаматтары тұрған. Кейіннен соғыс басталғаннан кейін бұл этнос жан-жаққа күштеп таратылды және неміс автономиясы жойылды. Ал, бірақ неміс автономиясын жою жайлы бұл іс-қағазда ешнәрсе айтылмаған.

1941-1942 жылдары Қазақстанға немістердің 1 209 430 адамы қоныс аударылды.

Халықты депортациялау кезінде мұндай кеш жарияланған қаулымен келісуге де болмайды, әрбірінен осындай «кінә» тауып, оларды өзінің бұрынғы автономиясы жерінен айырып, еліміздің басқа өңіріне қоныс аудару, әрине жөнсіздік болып отырғаны сөзсіз еді. Мұндай қаулылардың қатарына Жоғарғы Кеңестің 1943 жылғы 12 қазандағы «Қарашай Автономиялық облысын жою және оның территориясын административтік қайта құру» туралы жарлығында: неміс басқыншыларының Қарашай Республикасына басып кірген кезде көптеген қарашайлықтар опасыздық көрсетіп, сатқындық жасаған. Көптеген адамдарды немістерге ұстап берген, неміс-фашистерінің құрған ұйымына кіріп, Кеңес Үкіметіне қарсы соғысқан.

Немістердің Закавказье асуынан өтер кезде, оларға жол көрсетіп, тиісті жерлеріне дейін алып барған. Ал неміс басқыншылары бұл жерден қуылғаннан кейін, үкімет құрығынан қашып жүрген, бандиттерді, гитлер-фашистерінің агенттерін қудалау, ұстау басталды», - деп атап көрсетілген. Осыған байланысты бұл ұлтты қатаң жазалау мақсатымен, 62 842 адам тұрғыны бар Қарашай Автономиялық облысын жойып жіберді. Шынайы көзқараспен қараған кезде бұл құжат сын көтермейді. Жарлықта айтылғандай «көптеген қарашайлықтар» Кеңес Одағының басқа аудандарына қоныс аударылады делінген. Сөйтіп олардың қазақ жеріне 36 309 адамы ілікті. Ал қоныс аударылғандардың барлығы қарашай ұлты еді. Міне, осындай қаулылардың қатарына 1943 жылы 27 желтоқсандағы «Қалмақ Автономиясын жою және РСФСР құрамында Астрахань облысын құру», 1944 жылы 7 наурыздағы «Шешен-ингуш Автономиялық Республикасын жою және оның территориялық әкімшілік құрылымы», 1944 жылы 8 сәуірдегі «Кабардин-балқар Республикасында тұратын балқарларды қоныс аудару», «Кабардин-балқар Республикасын Кабардин Автономиялық Республикасы деп қайта өзгерту» және басқалар

жатты [3,97]. Міне, осындай ойдан жасалған заңға байланысты күштеп қоныс аудару негізгі операциясы Ұлы Отан соғысы кезінде іске асырылып, бүкіл соғыс кезеңінде (1946 жылғы есеп бойынша) КСРО-да жалпы жер аударылған 2 463 940 адам болса, (ал басқа деректерде 2 826 419 адам), олардың ішінде Қазақстан Республикасына жер аударылған халықтардың жалпы саны 1 млн. 200 мың адамға жеткен. Сонда кейбір құжаттарда көрсетілгендей, күштеп көшірілген халықтардың тең жартысынан көбі Қазақстанға жөнелтіліп отырған. Сөйтіп, екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында және соғыс жылдарында Қазақстанға жер аударылған корей, шешен, ингуш, түрік, балқар, Қырым татарлары және басқа халықтар мен этникалық топтар өкілдері соғыс кезінде еріксіз көшірілсе, соғыстан кейінгі ақпан-наурыз пленумы бойынша да келген халықтар тұрақтап, еліміз көп ұлтты мемлекетке айналды. Бүгіндері Тәуелсіз Қазақстанымызда өз Отаны ретінде көптеген этностар тату-тәтті өмір сүруде.

Тәуелсіздік жағдайында Қазақстан Республикасының халқының этнодемографиялық құрылымы көп өзгеріске ұшырады. Ол этникалық топтардың табиғи өсімі қарқынындағы айырмашылық пен көші-қон ықпалына байланысты болды. 1999 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда 130 этнос тіркелген [4]. Жалпы халық санының ішінде үлесі 1 пайыздан асатын этностар орыстар, украиндықтар, өзбектер, ұйғырлар, татарлар, немістер тіркелген. Барлық халық санының ішінде үлесі 1 пайызға жетпейтін этностар кәрістер, белорусстар, әзірбайжандар, түріктер, поляктар, дүнгендер, курдтар бар. Қазақстан халқының этнодемографиялық құрылымының ерекшелігі Қазақстанның әртүрлі облыстарында халықтың этникалық құрылымы ерекше болып отыр. Тәуелсіздік жылдарында республиканың оңтүстік облыстарында халық құрылымында ауқымды өзгерістер болды. Оңтүстік облыстарға оралмандар көптеп келсе, керсінше, аймақта өмір сүріп келген орыстардың көпшілігі Ресейге қоныс аударды. Ал Солтүстік Қазақстан облысында жалпы халық құрылымында орыстар мен украиндықтардың үлесі 56 %, қазақтар 31,42 % құрайды. Ал Қызылорда облысында қазақтар облыс халқының 95,22 %, орыстар 2,25%, кәрістер 1,33% құрап отыр [5]. Қазақстанда кешенді қоныстану ареалындағы ерекшелік өзбектер мен ұйғырларға тән болып отыр. Өзбектердің көпшілігі Оңтүстік Қазақстан облысында өмір сүріп жатыр. Сайрам ауданы мен Түркістан қаласында өзбектер халықтың 61,14 және 52,86 пайыздарын құрайды. Шымкент, Кентау қалалары мен Төлеби, Мақтарал, Сарыағаш аудандарында өзбектер көптеп шоғырланған. Ұйғыр диаспорасы негізінен Алматы қаласы мен Алматы облысының Ұйғыр, Жаркент, Еңбекшіқазақ, Талғар аудандарында орналасқан.

Сондықтан, колхоздарға 2320 отбасы 12053 адам, совхоздарға 607 отбасы 2717 адам, ал мұнай саласына 73 отбасы 365 адам, көмір шахтасына 733 отбасы 3023 адам, Никельтау кенішіне 37 отбасы, 165 адам, транспорт саласына 126 отбасы 589 адам, өнеркәсіп отелдеріне 33 отбасы 480 адам, ал қалған 140 отбасы әр түрлі шаруашылық мекемелеріне орналастырылады. Бұлардың арасында мамандар саны 436, нақтыласақ: токарь-10 адам, слесарь-4 адам, бұрғылаушы -3, тракторшы-6 адам, ұсташы-91 адам, етікші-46 адам, тігінші-48 адам, темір ұсталары-28 адам, электр дәнекерлеуші-5, монтер-2, мұғалім-124 адам, есепші-36, бағбандар-5, сырашы-1, аспазшы-1, столяр-1, агроном-1, зоотехник-2, мал дәрігері -6 адам, медицина қызметкерлері 2, суретші-1 адам болған. Бұлардың өз мамандықтары бойынша Ақтөбе облысына жұмысқа орналасқандары 6 тракторшы, 91 ағаш шебері, 46 етікші, 27 тігінші, 38 темір жонушы, 1 электр дәнекерлеуші, 4 бағбан, 2 столяр, 2 зоотехник, 6 мал дәрігері, 1 агроном, 2 медицина қызметкерлері. Сонымен қатар Неміс тұрақтары Гурьев облысында 1942 жылдың желтоқсанында еңбек колонналарының құрамында пайда болды, олар еңбек майданына 1942 жылдың 7 қазанындағы Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті №2383 қаулысына сәйкес мобилизацияланған еді. Каспий маңындағы кәсіпшіліктерде, «Қазмұнайқұрылыс» тресінің құрылыс-жобалау бөлімшелерінде жұмыс жасады. Мұрағат деректері мобилизацияланғандардың қызметтері жөнінде ақпараттар береді.

2007 жылы республикадағы басты үш этностың жас топтары арасында халық саны мен құрылымы мынадай болды: қазақ халқы ішінде 0-14 жас аралығындағы балалар 28,3%, 15-64

жас аралығындағылар 67,2%, 65 жастан асқандар 4,5% болды. Орыстар арасында 0-14 жас аралығындағы балалар 15,9%, 15-64 жас аралығындағы адамдар 70,3%, 65 жастан асқандар 13,8%, украиндықтарда сәйкесінше 13,9%, 66,7%, 19,4% болды [6,81]. Осы мәліметтерге сай 0-14 жас аралығындағы балалардың үлесі қазақ халқында жоғары болып отыр. Тұтас республика халқы ішінде 0-14 жас аралығындағы балалар үлесі өзбектерде басым болып, 34% құрайды. 65 жастан асқандар үлесі украиндықтарда жоғары. Өзбектерде 65 жастан асқандар үлесі 4,3 % құрайды. Соған байланысты «демографиялық жас» этнос өзбектер деуге болады. Демографиялық қартайған, 65 жастан асқан адамдар саны жоғары этностар орыстар (13,8%), украиндықтар (19,4%), немістер (8,8%), татарлар (14,2%) болып отыр. Бұл этностарда еңбекке қабілетті жастағы халыққа түсетін демографиялық жүктеме де жоғары. Халықтың орташа жасы республикада 1999-2009 жылдар арасында 30,3 жастан 31,6 жасқа көтерілді.

Әдебиеттер тізімі:

- Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. - Алматы: Атамұра, 2002. - 544 б.
Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. - Алматы: Арыс, 1998. - 414 с.
Кдыралина Ж.У. Депортированные народы в Казахстан. - Алматы: Ғылым, 1999. -188 с.
Пашков С.В., Шурр А.В. Современные этнодемографические процессы в Казахстане. - Петропавловск: СКГУ им. М.Козыбаев, 2015. - 110 с.
Якушева Ю.В. Динамика межэтнических отношений в Казахстан (1991-2010гг). Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. - Москва, 2015. -33 с.
Мусабаев А.Н. Этнодемографические процессы в Казахстане: политологический анализ. Диссертация на соискание ученой степени кандидата политологических наук. - Алматы, 2009. -174 с.

УДК 94 (574)

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Шинтимирова А., Балыкова А.М.

Западно-Казахстанский инновацино-технологический университет. г.Уральск.

Аннотация: *ПослеобретениянезависимостиКазахстансталпризнанныммиром. Казахстан является многонациональным государством в кампаниях по принудительной эвакуации стран в годы Великой Отечественной войны, и сегодня она является родиной народов, населяющих ее. В тоталитарной системе судьба миллионов людей была ошеломляющей, с наступлением эпохи, и вначале люди подвергались преследованиям, затем эта политика депортировала все население из приграничного региона в другой регион.*

Ключевые слова: *тоталитарная система, народы и этнические группы, насильственное выселение, этнодемографическая структура.*

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ СӨЙЛЕМДЕГІ БАЯНДАУЫШТЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ МӘНІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Еркін Б.Е.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі бастауыш пен баяндауыштың қатынасы, предикаттылық мәселесі, баяндауыштың грамматикалық ерекшелігі мен қызметі баяндалады.

Негізгі сөздер: Грамматика, сөйлем, сөйлем мүшелері, бас мүшелер, бастауыш, баяндауыш, предикаттылық, модальдік, коммуникативтілік.

Тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу, әсіресе, олардың қазіргі кездегі семантикалық және грамматикалық құрылысының ерекшеліктерін айқындау тіл білімінің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады және тек теориялық қана емес, практикалық та маңызы зор. Қазіргі әлемде шетел тілдерін зерттеу де ерекше мәнге ие және оларды ана тілін білмей меңгеру көптеген кедергілер тудырады. Демек, шетел тілдерін зерттеуді қазір ана тілінің берік негізінде жүзеге асыру керек. Осымен байланысты шетел тілдерін зерттеу үшін ана тілінің, яғни қазақ тілінің грамматикалық мәні мен өзіндік ерекшеліктері білімді жетік және жан-жақты меңгеріп, оны шет тілімен, яғни ағылшын тілімен салыстыра білу қажет. Бұл шет тілін меңгеру мен қолдануда кездесетін кедергілерді жеңіл игеруге, сондай-ақ қазақ тілінен ағылшын тіліне немесе керісінше ағылшын тілінен қазақ тіліне аударма жасау мәселелерін табысты шешуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда ағылшын тілі әлем халықтарының қатынас құралына айналды, сондықтан оны әлемнің басқа тілдерімен салыстыра зерттеудің теориялық және практикалық маңызы өте зор. Кез келген тілдің өзге шетелдіктердің үйренуі үшін өзіндік қиындықтары болады. Тілді үйренуде және ағылшын тілінен қазақ тіліне немесе қазақ тілінен ағылшын тіліне аударма жасауда кездесетін сондай қиындықтардың бірі сөйлемнің құрылысын дұрыс түсінбеу, яғни сөйлемнің мағынасын да қате түсіну. Шынында, шетел тіліндегі сөйлемдердің жекелеген сөздері мен сөз тіркестері жастар мен жас аудармашыларға түсінікті болғанымен, олар көп жағдайда сөйлемді логикалық жағынан түсінуде және сөйлем мазмұнының мәнін анықтауда қиындыққа тап болып жатады, нәтижесінде олар ана тілінде сөйлем құруға қиналады, сондықтан шетел тіліндегі сөйлемнің мазмұны бұзылады. Ағылшын тілін меңгеру процесі мұндай жағдайлардың себебі тілде сөйлем құрамындағы элементтер арасындағы түрлі қатынастарды (субъектілік, предикаттық, себептік, мақсаттық, шарттық, т.б.) толық түсінбеуден болатынын көрсетіп отыр. Осы тұрғыдан келгенде, ағылшын және қазақ тілдеріндегі баяндауыштарды зерттеу қажеттігі туады, өйткені оның грамматикалық ерекшеліктерін жақсы білу оны дұрыс түсінуге және сөйлемде дұрыс қолдануға, әрі дұрыс аударма жасауға мүмкіндік береді.

Сөйлем синтаксистің негізгі грамматикалық категорияларының бірі ретінде сөйлеудің негізгі единицасы болып табылады және өзге сөйлем мүшелерімен белгілі бір құрылымдық байланыстарымен сипатталады. В.А.Виноградов айтқандай, «сөйлем – ойды қалыптастырудың, жеткізудің және хабарлаудың басты құралы болып табылатын, белгілі бір тілдің грамматикалық заңдылықтар бойынша түзілген сөйлеудің единицасы» [1].

Сөйлем және оның грамматикалық ерекшеліктері туралы орыс және қазақ тіл білімінің тілші-ғалымдары А.А.Шахматов, А.А.Реформатский, В.Д.Аракин, В.В.Бабайцева, А.Б.Шапиро, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Балақаев, Р.Әміров, М.Серғалиев, т.б. өте терең талдау жасайды.

Көптеген тілші-ғалымдар өз еңбектерінде бастауыш пен баяндауышты жай сөйлемнің орталық сөйлем мүшесі деп санайды. Мысалы, В.Д.Аракин «екі құрамды сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш бір-бірімен предикативтік байланыс арқылы тіркеседі, ол әр тілде әртүрлі көрініс табады. Демек, сөйлем бастауыш пен баяндауыштың семантика-синтаксистік тіркесуі нәтижесінде құралады. Бұл екі компонент сөйлемнің негізгі ядросын құрайды. Грамматика туралы ғылымда оларды өзара байланысты предикативтік топ деп атайды» деп жазады [2].

Сөйлем, ең алдымен, коммуникативтік қызмет атқарады. Сөйлемнің коммуникативтік қызметі – бұл ақпаратты, ойды, хабарды жеткізу құралы. Сөйлемнің мұндай басты ерекшелігі оның маңызды аспектісі – предикативтілік арқылы беріледі. Сөйлемнің осы белгісі көрнекті тілші-ғалымдардың назарын аудартады. Әрбір сөйлемнің өзіндік ерекше қызметі болады. Сөйлемнің бас мүшелері – бастауыш пен баяндауыш арасындағы қатынас сөйлемнің предикативтілігінің белгісі деп саналады. А.В.Бондарко сөйлемнің предикативтілігінің ерекшелігі сөйлемнің белсенді мүшелерінің қатынасы арқылы білдіріледі деп есептейді. В.В.Виноградов модальдік категориясын білдіретін етістіктің рай, шақ және жақ категорияларын сөйлемнің предикативтілігі деп санайды.

Қазақ тіл білімінің ғалымдары М.Балақаев, Р.Әміров, Т.Сайрамбаев, т.б. предикативтілік пен сөйлемнің басқа белгілеріне ерекше көңіл бөледі. Мысалы, М.Балақаев предикативтік қатынасты сөйлем құрауға негіз болатын, әрі сол сөйлемді сөзден, сөз тіркесінен бөлек бірлік екенін айқындайтын белгі ретінде анықтайды [3]. Р.Әміров те «сөйлемнің негізгі белгісі ретінде предикативтілікті, ал оны құрауға шақ, жақ, рай формалары қатынасады», - дейді [4].

Т.Сайрамбаев сөйлемнің негізгі белгісі ретінде предикативтілік, модальділік, интонация - үшеуін бірдей жатқызады. «Олардың бір-бірімен тең немесе бірінен-бірі басыңқы қызметте дейтін пікір олардың ішкі ерекшеліктерін ескермеуден туса керек дейді. Ең алдымен, предикативтілік - сөйлемге тән басты қасиет. Предикативтілікке көбіне шақ, жақ мәселесі негіз болады. Осы екеуі арқылы предикативтілік жүзеге асады. Предикативтілік негізінен мына үш нәрсенің байланысы: 1. Субъект пен предикат арасындағы (логикалық аспект). 2. Тема мен рема арасындағы (коммуникативтік аспект).

3. Бастауыш пен баяндауыш арасындағы (грамматикалық аспект)» [5].

Сонымен, предикативтілік сөйлемнің негізгі белгісі болып табылады. Ол сөйлемнің шақ, жақ, модальдік белгілері арқылы беріледі. Аталған белгілер сөйлемнің қалыптасуында негізгі факторлар болады. Әсіресе, модальділік сөйлемнің өте маңызды белгісі болып саналады.

Сөйтіп, бастауыш пен баяндауыштың өзара байланысы сөйлемнің предикативтік тобын құрайды. Қазақ және ағылшын тілдерінде предикативтік топ саны (бастауыш пен баяндауышқа байланысты) біреу, екеу немесе бірнеше болуы мүмкін.

Жай сөйлемнің негізін бастауыш пен баяндауыш құрайды. Бастауыш сөйлемде бас мүше, ал баяндауыш бастауышқа бағынышты бас мүшенің бірі болып табылады. Алайда баяндауыш бастауышқа бағынышты дегенімізбен, баяндауыштың қатынасуынсыз толық құрамды сөйлем болмайды. Сөйлемнің маңызды құрамдас бөлігі бола отырып, бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің бас мүшелері деп аталады.

Бастауыштың грамматикалық белгісі баяндауыш арқылы көрінеді және етістік тұлғалары арқылы не өзге сөз таптары арқылы беріледі. Қазақ және ағылшын тілдерінде баяндауыштың белгілері ұқсас, әрі олар мынадай сұрақтарға жауап береді: не істеді?, не қылды?, қайтті? кім?, не?, қайда?, қашан? қалай?, қандай? (what does the subject do?, what is done to the subject?, what is it?, who is it?, what is it like?). Бұл сұрақтар сөйлемде баяндауыш қандай сөз таптарынан жасалатынына және қандай түрлі семантика-грамматикалық қызмет атқаратынына байланысты қойылады.

Бастауыш пен баяндауыш өзара тығыз байланысты. Көптеген лингвистердің пікірінше, сөйлемнің тұрлаулы мүшелері арасында бастауыш - бас мүше, баяндауыш - бастауышқа бағынышты бас мүше.

Жалпы тіл білімінде бастауыш пен баяндауыштың өзара байланысы туралы түрлі ғылыми

көзқарастар бар. «Бір жағынан, грамматикалық жақ пен сандық категориясы тұрғысынан бастауышқа баяндауыш бағыныңқы қатынаста, ал екінші жағынан тілде жақ категориясы берілсе, баяндауыш бастауышқа ғана емес, толықтауышқа да бағыныңқы болады. Бұдан басқа кейбір тілдерде бастауыш мүлдем жоқ сөйлемдер де болады».

Белгілі бір тұлғадағы баяндауыш ретінде жұмсалған бастауыштарға мынадай мысалдар келтіруге болады: орыс тілінде – идет дождь, ағылшын тілінде – it is raining, неміс тілінде – es regnet, француз тілінде – il pleut, қазақ тілінде – жаңбыр жауа бастады.

Қазақ және ағылшын тілдерінің құрылысы бөлек болғанымен, яғни ағылшын тіліндегі сөйлемде баяндауыш бастауыштан кейін, ал қазақ тілінде сөйлемнің соңында орналасқанымен, екі тілде де олардың семантикалық мағынасы бірдей. Қазақ тілінде мынадай тұлғада беріледі: етістіктің негізі + а + бастады, ал ағылшын тілінде: to be + основа глагола + ing.

А.М.Камчатновтың ойынша, баяндауыш сөйлемнің негізгі құраушы бөлігі болып табылады, ал екі құрамды жай сөйлемдер үшін бастауыш пен баяндауыштың қатынасуы міндетті.

Кейбір лингвистер осымен байланысты, яғни екі құрамды жай сөйлемдер үшін бастауыш пен баяндауыштың байланысын ескере отырып, «сөйлемнің қалыптасуы мен берілуі үшін екі бас мүше де бірдей дәрежеде негізгі болып табылады» деп есептейді.

Сөйлемде баяндауыш бастауышқа бағынышты мүше деген пікір негізінен дұрыс, өйткені ол бағыныңқылық грамматикалық жақ категориясына байланысты болады және етістіктің жалғаулары арқылы беріледі.

Қазақ тілінде сөйлемде бастауыш болмаса, жақ категориясы, яғни істі орындаушы баяндауыш арқылы (етістік жалғауы жалғанған) анықталады: орындадым, армандайды, т.б. Аталған етістіктің жалғаулары жекеше бірінші жақтағы және көпше үшінші жақтағы іс-әрекетті білдіреді. Мұндай грамматикалық тұлға ағылшын тілінде байқалмайды, себебі ол тілде жіктік жалғауы жоқ.

Қазақ және ағылшын тілдерінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі маңызды орын алады. Ол төмендегідей үш қызметті атқарады:

1. Синтаксистік
2. Коммуникативтік
3. Стилистикалық

Синтаксистік қызмет – сөйлемнің негізгі қызметі. Ол аталған сөйлем мүшесі сөйлемнің бас мүшесінің қайсысына немесе өзге сөйлем мүшелеріне жататынына байланысты болады, сондай-ақ сөйлемдегі сөздердің орны мен орналасу тәртібі анықталады. Қазақ және ағылшын тілдерінде бұл мәселе көптеген тілші-ғалымдардың зерттеулері мен еңбектерінде қарастырылған.

Ол еңбектерде сөйлем мүшелерінің орын тәртібіне талдау жасалған, инверсия құбылысы, сондай-ақ сөйлемнің бас мүшелері мен өзге сөйлем мүшелерінің байланысы қарастырылған. Өйткені екі құрамды жай сөйлемдерде сөйлем мүшелері түрлі позицияда орналасады және түрлі қызмет атқарады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі бас мүшелердің орны тұрақты, яғни сөйлемде бастауыш пен баяндауыш арнайы бір позицияда орналасады, дегенмен аталған тілдерде олардың арасында белгілі бір айырмашылықтар да бар. Әдетте, қазіргі қазақ әдеби тілінде екі құрамды жай сөйлемдерде баяндауыш негізінен сөйлемнің соңында, кейде ортасында не басында келеді және жақ категориясына сәйкес анықталады. Проза мен поэзия тілінде сөздердің орналасу тәртібі әртүрлі, яғни прозада баяндауыштың орны тұрақты, сөйлемнің соңында тұрады. Мысалы: Бір күні Кәлен көшті кісі аяғы баспайтын қалың құм арасына орналастырады. Бізді ешкім таныстырмады, өзіміз танысайық.

Ал поэтикалық шығармаларда баяндауыштың орны еркін, яғни сөйлемнің басында да, ортасында да, соңында да келе береді. Мысалы: Тыңда, дала, Жамбылды, Тыңда, Қастек, Қаскелең (Ж.Ж.). Мен көрдім ұзын қайың құлағанын (Абай). Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық (Ы.Алтынсарин).

Қазақ тілінен айырмашылығы ағылшын тілі сөйлемдерінде баяндауыштың белгілі бір орны болады, яғни көбіне баяндауыш бастауыштан кейін орналасады. Мысалы:

The fellow had a key; and, what's more, he has it still. I saw him use it, not a week ago'. He is thinking of someone else.' And Mrs. Penniman gave her niece a delicate little kiss. You must be very gracious to him'. I was glad of it. I never liked long walks, especially on cold afternoons.

Жоғарыда айтылғандай, бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің негізгі орталығы, бас мүшелері болып табылады. Салыстырылып отырған тілдерде олардың арасында және сөйлемнің оған бағынышты мүшелері арасында сөйлемді толықтырып отыратын өзара тығыз байланыс болады. Ондай байланыс көбіне тоықтауыш пен пысықтауыштың көмегімен жүзеге асады. Толықтауыш пен пысықтауыш қазақ тілінде сөйлемнің құрылымдық орталығын кеңейтеді. Сонымен қатар ағылшын тілінде бастауыш пен баяндауыштың арасында басқа сөздер тобы да қолданылуы мүмкін. Оған ең алдымен, іс-әрекеттің мезгілін білдіретін үстеулер (usually, always, sometimes т.б.) жатады. Кей жағдайда қимыл-сын үстеулері, сондай-ақ басқа сөздер қолданылуы мүмкін. Мысалы:

She sometimes goes to see him. His father hardly gets up from his place. I always go to see him, Pa.

Баяндауыш бірнеше сөздермен берілетін сөйлемдерде үстеудің орны өзгертінін де ескеру қажет. Ондай жағдайда үстеу көбіне көмекші етістіктен (бірінші) кейін орналасады. Мысалы: В качестве примера автор высказывания приводит следующие предложения: As Head of Department, you will always be held responsible for result of your staff's work. The exhibits have never been taken out of the museum.

Демек, ағылшын тіліне қарағанда, қазақ тілінде баяндауыштың орны еркін деп айтуға болады. Осымен байланысты ағылшын тілімен салыстырғанда, қазақ тілінде сөйлемдегі сөздердің орны еркін сипатқа ие, ал ағылшын тілінде тұрақты сипатқа ие. Мұның өзі түпнұсқа тілден аударма жасаған кезде ұқсас нұсқаларды мұқият тандауды қажет етеді.

Қорыта айтқанда, қазақ және ағылшын тіліндегі баяндауыштар - жасалу жолы мен сөйлемдегі орны жағынан бір-біріне ұқсастықтары да, өзіндік ерекшеліктері де бар сөйлем мүшелері.

Әдебиеттер тізімі:

В. В. Виноградов. Основные вопросы синтаксиса предложения: (на материале русского языка). - М.: Аспект Пресс, 2015. – 231-с.

В. Д. Аракин. Сравнительная типология английского и русского языков: учебное пособие для студентов педагогических, институтов по специальности иностранные языки. Л.: Просвещение, 1999. - 259-с.

М. Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. - А.: Санат, 2004. - 135-б.

Р. Әміров. Жай сөйлем синтаксисі. - А.: Ғылым, 1998. – 27-б.

Т. Сайрамбаев. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. - А.: Ана тілі, 1991. - 104-б.

УДК 373 (072)

ГРАММАТИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ И ФУНКЦИИ СКАЗУЕМОГО В ПРЕДЛОЖЕНИИ КАЗАХСКОГО И АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Еркін Б.Е.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В статье рассматривается отношение подлежащего и сказуемого в казахском и английском языках, проблема предикативности, грамматическая особенность и функции сказуемого.

Ключевые слова: грамматика, предложение, члены предложения, главные члены, подлежащее, сказуемое, предикативность, модальность, коммуникативность.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПЕСЕННОГО МАТЕРИАЛА НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ДЛЯ ПОНЯТИЯ КУЛЬТУРЫ ИЗУЧАЕМОГО ЯЗЫКА

Есполов Т.О.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В данной статье даются способы использования аутентичных песен и музыки на уроках иностранного языка для повышения социокультурной компетенции учащихся. Использование песен в обучении английскому языку может стать педагогическим инструментом, который способен, с одной стороны, снять языковой барьер, интенсифицировать процесс обучения, сделать его активным, плодотворным и приближенным к естественному процессу коммуникации на изучаемом языке, что способствует развитию аудитивных и других речевых навыков у обучаемых.

Ключевые слова: Песня, музыка, аудирование, социокультурная компетенция, культура, поп-культура, Битлз, слушание.

Английская песня – прекрасное методическое средство для формирования различных навыков и первичных знаний о другой культуре. Ее используют для различных целей, в том числе: для формирования фонетических, лексико-грамматических навыков, совершенствования произношения и навыков аудирования.

Но для того, чтобы песня сыграла свою положительную роль, нужно придерживаться определенного алгоритма ее использования. Начинать нужно с тщательного отбора песни. Здесь следует придерживаться некоторых принципов, а именно: песня должна быть аутентичной, она должна соответствовать возрасту и интересам учащихся (в идеальном варианте – выбрана самими учениками). Также необходимо соответствие песни уровню языка учащихся, методическая ценность песни и некоторая корреляция с учебными программами. Если выбор песни соответствует данным принципам, то потенциально она может быть очень полезной. Далее учитель разрабатывает систему упражнений по данной песне.

После прослушивания, которому должен предшествовать подготовительный этап, так как прослушивание песни представляет собой аудирование достаточно сложного уровня, учитель проводит какие-либо задания, в зависимости от цели, им поставленной. Если перед преподавателем стоит цель формирования социокультурной компетенции, то и система упражнений будет направлена на то, чтобы сосредоточить внимание учащихся на тех элементах культуроведческой информации, которые содержатся в тексте.

При соблюдении данного алгоритма, эффективность использования песни будет высокой. Необходимо также помнить, что не только текст песни представляет для нас интерес, но и сама музыка, которая может создать благоприятную креативную атмосферу в классе, стимулировать воображение учащихся.

Для развития социокультурной компетенции важно наличие в тексте следующих сведений: география и история страны изучаемого языка, факты политической и социальной жизни, факты повседневной жизни, наличие этнокультурной информации, различного рода символики, наличие информации о поведенческой культуре, включающей особенности поведения в различных ситуациях, разговорные формулы, нормы и ценности общества. В большинстве своем все эти факты в той или иной степени нашли свое отражение в текстах песен. Так, например, существует множество песен, отражающих проблемы общества. Проблема насаждения американской культуры отражена в песне группы “Ред Хот Чили Пеперз” “Калифорникация”. Слова “Понятно, Голливуд проводит калифорникацию” свидетельствуют о политике культурного центра Америки навязать, продать свою культуру в другие страны.

Данная проблема затронула и нашу страну. На основе этой песни можно обратить внимание учащихся на существующую проблему, обсудить ее.

В песне “Taxman”, “Beatles”, выражается точка зрения на налоговую политику Великобритании (1960-е года XX-го века). Это ироническая песня, в ней встречаются такие слова: “Вы водите машину – я обложу налогом дороги, Вы пытаетесь присесть – я обложу налогом сиденье. Вы замерзли – обложу налогом тепло. Хотите прогуляться – я обложу налогом ваши ноги”. В тексте встречаются такие слова, как: пять процентов (имеется в виду налоговая ставка), пенни – денежная единица Великобритании.

Бытовые привычки раскрываются в некоторых песнях. Это могут быть привычки в еде, одежде, образе жизни. Привычка британцев пить чай, при этом в определенное время отражена в песне “Англичанин в Нью-Йорке” (“Я не пью кофе, я пью мой дорогой чай”), песнях “Битлз” (“Графиня всегда улыбалась и всегда опаздывала к чаю” – в строке выражена чуждость графини с точки зрения англичанина), “Крэнбэрис” (“Когда я пила свой чай, со мною что-то вдруг случилось”). Из этих строк можно сделать вывод, что чай для британца – часть повседневного быта. Американцы, напротив, любят кофе. Встречаются названия спиртных напитков, употребляемых в этих странах – whisky, rye, gin.

Некоторые особенности обстановки, собственности также отражены в песнях. Бытовая культура Казахстана в силу некоторых причин отличается от таковой в Великобритании и США, поэтому некоторые реалии в окружении американцев и британцев могут быть незнакомы русскому человеку. Так, например, в одной из песен встречается упоминание о каминной полке. Учащиеся должны узнать, что камин и каминная полка, на которой тикают часы, – часть обстановки дома любого британца, и что повествование в песне ведется об обычном жителе Англии. Из песен можно узнать о том, как проводят время в стране изучаемого языка. Например, в песнях часто встречается понятие “party” – вечеринка. Нужно объяснить учащимся, что вечеринка в англоязычной стране проводится у кого-либо дома. На вечеринку приглашается большое количество людей, однако без приглашения приходить считается невежливым. Это отличается от того, как люди развлекаются в нашей стране.

В песне “Англичанин в Нью-Йорке” вырисован традиционный образ английского джентльмена, неспешно прогуливающегося с тростью в руках по улицам Нью-Йорка. Здесь, британский джентльмен, верный своим традиционным взглядам, встречается с непониманием американского общества. С помощью этой песни можно отследить становление британского менталитета: какие факторы могли повлиять на него, какой идеал поведения возник у британцев в историческом развитии (образ джентльмена и леди), наконец исчезло ли это явление, или же просто джентльмены изменили манеру одеваться.

Таким образом, очевидно, что песенный материал действительно богат информацией, необходимой для развития социокультурной компетенции, с помощью песни действительно можно поднять ее уровень.

В условиях жестких временных рамок учебного плана одной из задач учителя становится эффективное использование учебного времени таким образом, чтобы в максимальной степени выполнять учебные задачи. Таким образом, перед нами встает проблема: как можно максимально эффективно использовать учебное время, используя интересные, мотивирующие виды работы, в данном случае аутентичный музыкальный материал. Как решение данной проблемы можно предложить несколько видов работы с песней, обладающей интересующей нас информацией.

Первый вид – работа с целой песней. Для того чтобы использовать в классе данный вид работы, необходимо иметь в наличии англоязычную песню, действительно насыщенную социокультурной информацией. Однако довольно сложно найти такую песню, которая отвечала бы сразу нескольким требованиям: была бы интересной учащимся, и обладала бы методической ценностью. Другим видом работы может стать использование коротких отрывков песни в течение небольшого количества времени на уроке. Такой вид работы целесообразно использовать в

качестве иллюстрации того или иного явления, которому посвящен урок. Отрывок из песни можно использовать, например, в качестве предисловия к какой-либо теме. Однако наиболее методически обоснованным можно считать такой вид работы, как использование попури. Попури – это “нарезка” фрагментов различных песен, которые содержат какие-либо факты жизни страны изучаемого языка, объединенные одной тематикой. Это может быть, к примеру, религия страны изучаемого языка, политическая система, культура, досуг и тому подобное. С помощью попури будет легче представить информацию, собрать ее воедино. Недостатком данного вида работы является необходимость в технических средствах и большие временные затраты (кроме основной работы необходимо еще найти песни, содержащие в своих текстах нужную информацию и представляющие при этом интерес для молодежи). Однако это может окупиться, так как использование песни является огромным стимулом для учеников.

Творческое использование аутентичных песенных материалов способствует успешному обучению фонетике, лексике, грамматике, аудированию, говорению и письменной речи. Благодаря использованию аутентичных песенных материалов, произвольно или целенаправленно, но достаточно быстро и эмоционально происходит знакомство учащихся с элементами социальной и общей культуры Англии, а также с социокультурными и лингвострановедческими особенностями стран-англофонов.

Используя аутентичные песенные материалы в процессе обучения иностранным языкам необходимо помнить, что их нужно выбирать в соответствии с возрастом обучаемых, этапом обучения, тематикой других учебных материалов и сопровождать учебными заданиями. Следует учитывать также то, что песни – незаменимое средство для создания благоприятного психологического климата и эмоциональной атмосферы на уроке, для снятия напряжения и восстановления работоспособности обучаемых.

Список литературы

Елухина Н. В. Обучение слушанию иноязычной речи. // ИЯШ – 1995, № 5 с. 20 – 23.

Карпиченкова Е.П. Роль музыки и песен в изучении английского языка. Иностранные языки в школе. № 5. 1990. С.45-46.

Лингво-лаборатория «Амальгама» <https://www.amalgama-lab.com>

AZLyrics <https://www.azlyrics.com/>

УДК 16.01.11

ӘН МАТЕРИАЛДАРЫН ОҚЫТЫЛАТЫН ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ТҮСІНУ ҮШІН ҚОЛДАНУ

Есполов Т.О.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Бұл мақалада аутентикалық әндер мен музыканың шет тілі сабағында социо-мәдени құзыреттілікті арттыру мақсатында қолдану жолдары ұсынылады. Автордың ойынша, шет тіліндегі әндерді қолдану бір жағынан, тілдік кедергіні жоюға көмектесетін, оқу процесін қарқындататын, сабақтарды қызықтырақ қылатын педагогикалық құрал. Бұл оқушылардың аудитивтік және басқа да тілдік қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

Кілт сөздер: Ән, музыка, тыңдалым, социо-мәдени құзыреттілік, мәдениет, поп-мәдениет, Битлз, тыңдау.

THE EFFECTS OF BACKGROUND MUSIC IN THE CLASSROOM

Yespolov T. O.

West Kazakhstan Innovative Technological University, Uralsk

Abstract: *Students are faced with their own problems that school becomes a lower priority. Students are in need of a safe and comfortable environment, so they can learn. Music can be a tool used to create a more ideal learning environment by setting or changing the mood. Background music can be played during all classroom activities, lecture, individual work and cooperative groups.*

Key words: *Song, music, listening, culture, pop-culture, classroom, class environment, rhyme, rhythm.*

In recent years more attention is paid to the process of learning a foreign language using the art form as music. On the one hand, it forms an aesthetic attitude to reality, carries a spiritual origin, emotional saturation, a huge energy potential, which allows you to create a soulful atmosphere in the classroom. On the other hand, speech and music have the same parameters and intonation, accent, phrasal structure, pauses, pitch, tempo. This similarity is explained by the fact that the primary basis of speech and music is the same physical phenomenon – sound.

Another important factor is the need to use music in learning a foreign language. According to both domestic and foreign psychologists, music is one of the most effective ways to remember linguistic material, as it represents a kind of activity that involves both hemispheres of the brain, which in turn contributes to the storage of the studied material and, as experience shows, its faster reproduction. An important feature of the development of memory in children of primary school age is a sharper distinction than in adults, channels of perception and memorization of information. The class always has children – visual, auditory, kinesthetic and children with the lack of a clear tendency to any particular type of perception, or mixed type. In addition, almost all students at this age developed, unlike adults, tactile memory. Working in such a class, especially at the initial stage, when involuntary attention in children clearly prevails over arbitrary attention, the teacher is simply obliged to use all possible means, including music and song. The use of song and music material allows you to save time lesson to introduce new lexical or grammatical units, relying on several channels of perception simultaneously. Music and songs in the musical accompaniment perfectly perceived by the auditory, and if the song is accompanied by movements (and almost always children's songs and dances too), then it is easily remembered and kinesthetically. If the song to pick up pictures on the plot, it will not be a problem and visuals with the memorization of the song to use the tactile memory of the child can use finger games. The complex presentation of new information, in addition to the problem of removing the difficulties of perception, at the same time develops in children those channels of perception that they are underdeveloped. Based on visual images, children with a well-developed visual channel of perception develop hearing, as they always hear the music and sounds of a foreign language, accompanying these visual images. Doing warm-up, dancing or playing a certain game to the music and accompanied by English phrases, children-kinesthetics get used to remember the necessary for the game or song words and sentences. Methodical advantages of song creativity in teaching a foreign language, and not only foreign, are obvious. It is known that in Ancient Greece many of the texts were forgotten singing, and in many schools of France and the United States it is practiced now. The same can be said about India, where currently in primary school alphabet and arithmetic are taught singing. Recently, in our country, special attention has been paid to the study of songs and musical phrases in the formation of speech competence of younger schoolchildren. Rhyming speech for primary school children is more familiar and natural than for older students, precisely because it is easier for them to remember the information in a rhymed form. This psychological characteristics of students of

primary school age and should be actively used to teach them English. Now published and widely used manuals containing poems and rhymes both in English and in a mixed Russian-English version for learning English letters, words, grammatical concepts.

